Осыдан бір жыл бұрын, 2017 жылдың 12 сәуірінде жарық көрген Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы қоғамды алаңдатып жүрген өзекті мәселелерді көтеру арқылы ұлттық рухымызды көтеріп, қоғамдық сананы сілкінтті. Көзі ашық, көкірегі ояу әр қазақтың ойын дөп басып, Латын әліпбиіне көшу, «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық», «Туған жер», «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы», «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет», «Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобалары қоғамнан қолдаушылық тапты. Қай жобаны алып қарасақ та ұлттық бірегейлікті, ұлттық кодымызды сақтауға бағытталғаны айқын байқалады.

Жалпы мақалада маған терең ой салған мәселе, өзім осы сала өкілі болғандықтан болар, білім туралы айтылған аса маңызды ой-пікірлер: «...Табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін әркім терең түсінуі керек. Жастарымыз басымдық беретін межелердің қатарында білім әрдайым бірінші орында тұруы шарт. Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді»[1].



Мұның мәні зор. Себебі қазақ халқы білімді, білімдіні қай кезде де құрметтеп, бағалай білген. Бұған «Білімді мыңды жығады, білекті бірді жығады», «Білімдіге дүние жарық. Білімсіздің күні кәріп», «Оқу – білім азығы, білім – ырыс қазығы», «Күш - білімде, білім - кітап» және т.б. мақал-мәтелдері дәлел.

XVII ғасырда өмір сүрген мұсылмандардың алғашқы төрт халифасының бірі Әзірет Әліге (Әли ибн Әбу Тәлиб) «Білім артық па, байлық артық па?» деген сұрақ қойғанда, білімнің артықшылығы жайлы он дәлелмен былайшы жауап қайтарған екен:

-Білім артық, өйткені ол – пайғамбарлардан қалған мирас, байлық – бақылдардан қалған мұра.

-Білім артық, өйткені ол сені бағады, байлықты сен бағасың.

-Білім досыңды көбейтеді, балық дұшпаныңды көбейтеді.

-Білім іздей берсең көбейеді, оны жұмсағанмен азаймайды. Байлық жұмсасаң азаяды, білімнің артық болатыны осыдан.

-Білім артық, оны ұрыдан сақтаудың керегі жоқ, ал жиған дүниенді ұрылардан күнде қорғау керек.

-Білімнің көп болса сені құрметтейді, байлығың көп болса қызғанады, білімнің артық болатыны сол.

-Білім артық, білімнің көп болғанымен есеп-қисап жүргізбейсің, байлығыңа ұдайы есеп жүргізіп отыруың керек.

-Білім қанша көп болса да, іріп-шіріп бүлінбейді, дүние-мал бүлінеді. Сондықтан, білім артық.

-Білім артық, ол жаныңды байытады. Байлық жан-дүниенді шектейді, өзіңді тура жолдан тайдыруы мүмкін.

-Білімді адам орнымен сөйлейді, мәдениеті артады. Байлығы мол адам оған мас болып мақтанады, астамшылық көрсетеді, сондықтан білім артық.

Біздің ойымызша, қазіргі заманда да Әзірет Әлінің білімнің байлықтан артықшылығын көрсеткен дәлелдері өз өзектілігін жоғалтқан жоқ. Қазіргі заманда ілгерілеудің негізі білім, ғылым, технология. Бірақ ғылым мен технология білімнен туындайды. Тәуелсіздік тұсында білім беру жүйесін реформаладық – орта білім беру саласында 12 жылдық білім беруге көшу үдерісі жүзеге асырылуда, ал жоғары білім беру саласында үш сатылы білім беру жүйесі енгізілді. Басты өзгерістердің бірі мемлекеттік білім мекемелерімен қатар, елімізде жеке меншік, шет мемлекеттермен бірлескен оқу орындары ашылды, академиялық-ұтқырлық бағдарламасын жүзеге асыру нәтижесінде алдыңғы қатарлы шет мемлекеттердің оқу орындарында оқуына студенттерге мүмкіндік берілді. Бірақ біз бұл өзгерістердің формасын ғана қабылдап, ал оның мазмұнын елеусіз қалдырмауға тиіспіз. Дамыған алдыңғы қатарлы елдер ағылшын тілінде жұмыс жасайды, ақпарат береді. Сондықтан бізде әлемдік үдерістен қалыс қалмауымыз керек. Демек ағылшын тілін игеру қажеттіліктен туындап отырған мәселе. Соңғы зерттеулер мынаны көрсетуде екі тілді не үш



тілді меңгерген оқушы немесе студент болсын бір тілде оқитын баладан әлдеқайда алда тұрады.

Бұл орайдағы бір маңызды қадам 100 үздік оқулықты шетел тілінен қазақ тіліне аудару болып тұр. Бұл іске де үлкен жауапкершілікпен қарап, аудармалар сапалы болуы тиіс. Сапасыз еңбек кәдеге жарамайтыны белгілі.

Осы жерде білім сапасы, сапалы маман мәселелері туындайды. Сапалы білім алған маман ғана бәсекеге қабілетті бола алады. Нарықтық қатынастар мен бәсекелестік жағдайында білім деңгейі төмен мамандарға сұраныс та жоқ. Елбасы «...Осылайша, болашақтың негізі білім ордаларының аудиторияларында қаланады» деу арқылы мектеп, жоғары оқу орындарының оқытушыларына, мұғалімдеріне үлкен жауапкершілік артып отыр. Ақпараттық-технологиялық өсу заманында білім берудің мақсаты өзгерді. Студенттерге белгілі бір сала бойынша ақпарат, білім берумен шектелмей, оларды ақпаратты табуға, оны талдауға үйретумен қатар, ол ақпаратты қолдана білуге, оның негізінде тиімді шешімді қабылдауға үйрету керек. Білім ақпарат пен проблемаларға тола заманда адамға таңдау жасауға көмектесуі тиіс. Сондықтан біздің бүгінгі міндет – бәсекеге қабілетті сапалы мамандарды дайындау, әлеуметтік және кәсіби білгір тұлғаны қалыптастыру. Себебі еліміздегі қоғамның барлық саласын қамтып отырған өзгерістерді жүзеге асыруда белсенді шығармашылық адамның орны зор. Яғни әрбір саланы кәсіби білікті мамандармен қамтамасыз ету.

Жалпы бүгінде біздің қоғамымызға мемлекеттік билік ұйымдарының саяси шешімдерінің сипаты мен мазмұнына ықпал ете алатын «шығармашылық сипаттағы» адамдар қажет. Қазіргі заманғы институттар өз-өздерінен қызмет істей алмайды, оларға әлеуметтік, экономикалық және саяси мінез-құлық сипаты сай келетін адамдар қажет. Кез келген қоғамдағы әлеуметтік-саяси модернизацияның екінші жағы «қазіргі адам» түсінігіне сай келетін мінез-құлық моделін қалыптастыру. Дәл осындай адамды қалыптастыруда жоғары оқу орындары маңызды рөл атқарады. Демек сапалы, білімді де білікті маман дайындау міндеті осы жоғары оқу орындарының оқытушыларының мойнында. Сондықтан заман талабына сай білікті де білімді, сапалы мамандарды дайындау оқытушылардан да ізденімпаздықты, шығармашылықты талап етіп отыр.

Қазіргі жағдайда мұндай жеке тұлғаны қалай қалыптастыруға болады? Оқытушы шәкіртке білімді қайдан, қалай тауып алатынын ұқтырып, олардың өмірге деген дербес ұстанымын қалыптастыруы керек. Осы тұрғыдан алғанда, оқыту үдерісінде интерактивті әдісті қолдану көп көмек бола алады. Интерактивті әдіс дегеніміз не, соған қысқаша тоқталып кетелік. Ағылшын тілінен аударғанда «interactive» дегеніміз өзара қарым-қатынас дегенді білдіреді. Ал интерактивті әдіс дегеніміз объектілердің бір-біріне өзара ықпал ету үдерісі емес, айқын әлеуметтік бағыты бар арнайы ұйымдасқан танымдық қызмет. Интерактивті әдісті қолдану нәтижесінде қатысушыларда осы үрдіс барысында немесе оның нәтижесі ретінде «жаңа» білім қалыптасуы тиіс.

Қазіргі жоғары оқу орындарындағы оқыту жүйесі көрсетілген мақсатқа тиімді қол жеткізуге мүмкіндік береді ме? Біздің ойымызша, жауап «иә»-ден



гөрі «жоқ». Себебі, дәстүрлі лекция мен семинар сабақтарында ақпаратты беруге негізделген оқыту жүйесі белсенді, дербес, әрі сыни ойлайтын тұлғаны қалыптастыруға мүмкіндік бермейді.

Әр оқытушы дәстүрлі лекция арқылы материалды жеткізудің күрделілігін өз тәжірибесінде айта алады. Олар:

- студенттерге жеткізілуі тиіс материал көлемі;
- уақыт жетіспеушілігі;
- студенттік аудиторияның көңіл-күйі;
- лекцияда студент көңілін аудару қажеттілігі;
- жыл сайын бағдарлама бойынша бір материалды қайталау.

Бұл тізімді әрі қарай жалғастыра беруімізге болады. Өзінің ісін сүйетін әр оқытушы қазіргі заманда білім берудің тиімділігін арттыру үшін басқаша жұмыс қажет екендігін жақсы түсінеді. Бір жақты монолог арқылы ақпаратты студенттерге жеткізу жеткіліксіз. Бұл білімге ұмтылған ХХІ ғасыр студентін де, өз жұмысына шығармашылықпен қарайтын оқытушыны да қанағаттандырмайды.

Қазіргі кезеңде біздің әріптестер арасында, өкінішке орай, «Студенттермен жұмыс жасау қиын, олардың оқуға ынтасы жоқ» немесе «Тексерістерден, қағаз толтырулардан сабаққа дайындалуға ешбір мүмкіндік жоқ» деген сияқты пікірлер кең тараған.

Жоғары оқу орындарында сабақ беру жылдан-жылға күрделенуде. Оқытушы өзі сабақ беретін пән саласында тек ақпаратты студенттерге жеткізуші ғана емес, сонымен бірге жан-жақты білімді, уақыт талабына сай ойлайтын адам болуы керек. Ең маңызды мәселе оқытушы студенттерді дербес жұмыс жасауға үйретуі керек. Яғни студенттерді ақпаратты тауып, ой елегінен өткізіп, оған талдау жасауға және ақпаратты белгілі бір деңгейде шешім қабылдауға пайдалана білуге үйрету қажет. Студенттерді өзіндік жұмыс істетуге үйрету.

Осы орайда, интерактивті әдіс таптырмайтын құрал. Студенттер оқу үдерісіне белсене қатысу арқылы алынған материалдарды жеңіл түсініп, естеріне жақсы сақтайды. Қазіргі жоғары оқу орындарында оқытушы үш салада қызмет жасай алады:

-оқытушы өзін материалын жақсы білетін, басты мәселені басқаларынан ажырата алатын, пәнді оқытуға қарапайым қарайтын маман ретінде көрсететін *пәндік сала*;

-оқытушы әртүрлі сабақ беруді қолданатын, материалды түсінікті беретін оқу саласын ұйымдастырушы ретінде көрсететін *әдістемелік-дидактикалық сала*;

-оқытушы өзін сабақта студенттер мәселелсін түсінетін, топта ықпалдастық пен тұрақтылықты қамтамасыз ету стратегиясын жүргізетін партнер ретінде көрсететін *тұлғааралық сала*.

Оқу үдерісінде оқытушы рөлі түбірімен өзгергенін де айтуымыз керек. Оқытушы тек лектор ғана емес, ол – суретші. Суретшінің әрбір туындысы оның



қиялы мен шығармашылығының нәтижесі. Ол суретшіден үлкен ізденімпаздық пен сүйіспеншілікті қажет етеді. Дәл осы жағдайды, осы күйді оқытушы да өзінің лекциясы мен семинар сабағына дайындалу барысында басынан кешіруі керек. Мүмкін бұл әзірге шағын ғана оқытушылар тобының арманы болар, дегенмен әр оқытушы *оны өз* мақсатына айналдырса «алынбайтын қамал жоқ» дер едік.

Оқытушы міндеті оқыту парадигмасы емес, студенттермен бірге оқу парадигмасы. Кеңес заманында оқытушы мен студент бір-бірінен тәуелсіз және жеке жұмыс жасады. Қазіргі кезең бірігіп жұмыс жасауды талап етеді. Оқытушы мен студент ортақ мақсатқа қызмет жасайды. Ортақ мақсатты көздейді. Мұндай жағдайда оқытушы әр студент қабілетін дамытуға, дарынын ашуға көмектеседі. Оқуға көмектесу оқытушыдан әдістемелік дайындық пен тәжірибені талап ететін өте күрделі үдеріс.

Оқу үдерісіне интерактивті әдісті ендіруде оқытушының жеке стилі шешуші фактор. Себебі, аудиториядағы өзара қарым-қатынас деңгейін анықтауда оқытушы стилінен тәуелді. Аудиториядағы өзара қарым-қатынас тек оқытушы-студент арасында ғана емес, студенттер арасында да қалыптасады.

Интерактивті әдісті оқу үдерісінде қолданбастан бұрын оқытушы өз мүмкіндіктері мен басымдықтарын анықтап алуы тиіс. Себебі, интерактивті әдісті қолдану оқытушыдан белгілі бір деңгейде жауапкершілікті, ұйымдастырушылық қабілет пен шыдамдылықты талап етеді. Интерактивті әдіс оқытушыларды білім беру саласында қордаланған (студенттердің сабаққа қатыспауы, семинар сабақтарына дайындалмауы, жалпы қызығушылықтың болмауы т.б.) мәселелерден бірден құтқаратын жол дей алмаймыз. Интерактивті әдіс оқу үдерісінде студенттер белсенділігін атқаратын тиімді құралға оқытушының өзі дайын болған кезде ғана айналады. Яғни тек студенттерден ғана емес, оқытушылардан да өзгеруді талап ететін әдіс дер едік.

Мысалы, лекцияда тыныштыққа, әрі студенттердің өзін ұйып тыңдағанына үйренген оқытушының студенттердің сабақ үстіндегі белсенді қозғалыстарына үйренуі екіталай. Ал интерактивті әдісті қолдануға құлышыныс танытқан оқытушының өзі алғашқы кезде қарапайым әдістерден бастағаны жөн. Мысалы, топқа бөліп жұмыс жасату, кішігірім пікір-таластар. Бұл оқытушыға тәжірибе жинауына, әрі интерактивті әдісті жүзеге асыруда сенімді болуына көмектеседі. Бірте-бірте тәжірибе негізінде сабақ барысында күрделі әдістерді қолдануға болады.

Интерактивті әдіске негізделген білім жеке тұлғаға бағытталған оқу принципіне құрылады. Студенттің ұсынылған материалды қаншалықты сапалы игергеніне көңіл бөлінеді. Мұндай ұстаным студенттермен жеке жұмысты, олардың жоғары көтерілу қозғалысын, қиыншылықтарымен жұмысын т.б. білдіреді. Оқытушы білім беру үдерісін «баспалдақпен жоғары көтерілу» үдерісі ретінде қабылдайтын болса, онда оқытушы міндеті студентке әр баспалдақтан сүрінбей өтуіне көмектесу болып табылады. Ал нәтижеге студент өзіндік жолымен жетуі тиіс.



Біздің ойымызша, «пікір-таластан шындық туындайды» деп бекер айтылмаған. Пікір-таластардан, күмәндер мен қарама-қайшылықтардан туындаған ойлар іс-әрекетке айналары сөзсіз.

Қорытындылар болсақ, жаһандану мен әлемдік бәсекелестік білім мен ғылымға бұрын-соңды болмаған міндет артуда. Әлемдік стандарттарға сай келетін мамандарды дайындауымыз үшін білім беру жүйесіндегі өзгерістерде сабақтылық, өзара үйлесімділік қажет. Әрине, әлемдік озық тәжірибелерге сүйенуде Қазақстанның ұлттық, экономикалық ерекшеліктері ескерілуі тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру // Егемен Қазақстан, 12 сәуір 2017 ж.



ОӘЖ 930.24

ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫ – РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ БАСТАМАЛАРЫНЫҢ ЗАҢДЫ ЖАЛҒАСЫ

Уразбаев Х.К.

Қазақстан Республикасы ІІМ
Б. Бейсенов атындағы Қарағанды
академиясының жалпы білім беретін
пәндер кафедрасының бастығы, тарих
ғылымдарының кандидаты, полиция
полковнигі

Жағыпар Ә.Б.

Қазақстан Республикасы ІІМ
Б. Бейсенов атындағы Қарағанды
академиясының жалпы білім беретін
пәндер кафедрасының оқытушысы,
гуманитарлық ғылымдар магистрі,
полиция аға лейтенанты

Түйіндеме

Бұл мақалада Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауының негізгі он міндеті мен тарихи маңызы зерделенді. Мақала авторы Жолдаудың ерекшелігін қарастыра отырып, «Мәңгілік Ел» идеясымен сабақтастыра байланыстырған. Сонымен қатар мақалада рухани жаңғырудың ерекшелігі мен өзектілігіне тоқтала отырып, Жолдаудағы «Адами капитал – жаңғыру негізі» атты жетінші міндетіне баса назар аударған. Автор рухани жаңғырудың маңызы адами капиталды жетілдіру деп қорытындылайды. Халықтың дамуына аса маңызды стратегиялық құжаттың алтын орны ерекше. Еліміздің тыныштығы мен тұрақтылығын қамтамасыз ету жолында жүрген құқық қорғау қызметкерлерінің негізгі міндеттері мен мәселелерін биылғы Жолдауда қарастырылғандығына аса мән берген.

Аннотация

В настоящей статье рассмотрены основные задачи и исторические значения, предусмотренные в Послании Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева народу Казахстана «Новые возможности развития в условиях четвертой промышленной революции». Рассматривая особенности Послания, акцентировал внимание на идею «Мәңгілік Ел». В месте с этим в данной статье рассмотрены актуальность и особенности программной статьи Главы государства «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания»,



особое внимание уделено предусмотренной в седьмой задаче Послания «Человеческий капитал – основа модернизации». В заключении автор отметил, что значимость Послания и статьи Рухани жаңғыру является модернизацией экономики, политики и общественного сознания Казахстанского общества.

Annotation

The given article regards basic tasks and historical significance provided in “New opportunities under the fourth industrial revolution” State of the Nation Address by the President of the Republic of Kazakhstan N. Nazarbayev to the people of Kazakhstan. Considering the peculiarities of the Address the author pays special attention to the “Mangilik El” idea. Moreover the article deals with the actual issues and features of programme document of the Leader of the State “View on the future: modernization of social consciousness”, paying attention to the Paragraph 7 – “Human capital is the basis of modernisation”. To sum up the author notes the significance of the State of the Nation Address and “View on the future” article is in the modernization of economics, politics and consciousness of Kazakhstani society.

Тірек сөздер: Рухани жаңғыру, Жолдау, ұлттық идея, «Мәңгілік Ел», Адами капитал.

Қазақстан ХХІ ғасырда әлемнің дамыған алдыңғы қатарлы елдерінің біріне айналды. «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеологиямызды айқындаған Н.Ә. Назарбаев ұлттық идея хақында: «ұлттық идея идеология жәдігөйлерінің ашқан жаңалығы емес, миллиондаған адамдардың өздерінің ұлттық міндеттерін түсінуінің жемісі болып табылады», - дейді [1, 237]. Идея мемлекеттік сипат алу үшін елде өмір сүріп отырған халықтың мақсат-мүдесімен сай келуі және ел тарихы тамырынан нәр алған болуы керек. Ғалым С.М. Сыздықов «Мәңгілік Ел» идеяның негізгі үш тағанын бөліп көрсетеді: «бірінші – Түркі қағанаты билеушілерінің (Күлтегін, Білге қаған, Тоныкөк) саяси акт – «манифесті» әзірлеп, тарих сахнасына шығаруы екіншісі – әл-Фарабидің философиялық шығармасында идеяның теориялық-философиялық тұрғыдан негізделуі, үшіншісі – Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дидактикалық дастанында құқықтық мемлекеттің негізгі қағидаларының, яғни Ата заң іргетасының қалануы», – дейді, бұл айтылғаннан шығатын қорытынды, тарих қойнауынан нәр алған «Мәңгілік Ел» идеясын көреміз [2, 4].

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауы жаһандық өзгерістер мен сын-кәтерлерге дайын болу қажеттілігінен туындады және тарихи маңызын «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясының орындалуы жолындағы нақты қадам деп бағалауымызға болады. Осы Жолдауда ХХІ ғасырда озық дамыған отыз елдің қатарына болу мақсатта қабылданған «Қазақстан-2050» даму стратегиясы аясында атқарылып жатқан жұмыстар сараланды, бұлар 100 нақты қадам – Ұлт жоспары, Қазақстанның Үшінші жаңғыруы, «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру», Индустрияландыру



бағдарламасы, «Цифрлық Қазақстан» кешенді бағдарламасы, Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі дамуының кешенді стратегиялық құжаттары жүзеге асырылуда [3, 1].

Елбасы Н.Ә. Назарбаев Жолдау жайлы: «Бұл Жолдау жаңа әлемге, яғни Төртінші өнеркәсіптік революция әлеміне бейімделу мен жетістікке жету жолын табу үшін не істеу қажеттігін айқындайды», – деп, еліміз әлемнің көшбасшы мемлекеттерінің қатарында болу 10 негізгі міндетті шешуді қарастырады:

1. Индустрияландыру жаңа технологияларды енгізудің көшбасшысына айналуы тиіс. Басқару формасының ауысуындағы циклдік үлгі.
2. Ресурстық әлеуетті одан әрі дамыту.
3. «Ақылды технологиялар» – агроөнеркәсіп кешенін қарқынды дамыту мүмкіндігі.
4. Көлік – логистика инфрақұрылымының тиімділігін арттыру.
5. Құрылысқа және коммуналдық секторға заманауи технологияларды енгізу.
6. Қаржы секторын «қайта жаңғырту».
7. Адами капитал – жаңғыру негізі.
8. Тиімді мемлекеттік басқару.
9. Жемқорлықпен күрес және заңның үстемдігі.
10. «Ақылды қалалар» «ақылды ұлт» үшін [3,1].

Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясында Жолдауды терең түсіндіру үшін ақпараттық-насихаттау бойынша ауқымды жұмыстар атқарылуда. Жолдауды талқылауға және түсіндіруге арналған Академияның 1-3 курс курсанттарына, сырттай оқыту факультетінің білім алушыларына дәрістер оқылып, дөңгелек үстелдер мен жиындар өтті. Жолдаудың он міндетін түсіндіруге арналған Академия бастығы, полиция генерал-майоры Д.Т. Кенжетаевтың жетекшілігімен жалпы білім беретін пәндер кафедрасының ұжымымен «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты альбом-кесте үш тілде дайындалып, жарыққа шықты [4].

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына арналған «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауында «Адами капитал – жаңғыру негізі» атты міндетінде білім саласын аса мән берілді. «Жоғары оқу орындарына білім беру бағдарламаларын жасауға көбірек құқық беріп, олардың академиялық еркіндігін заңнамалық тұрғыдан бекіту керек. Оқытушылардың қайта даярлықтан өтуіне күш салып, жоғары оқу орындарына шетелдік менеджерлерді тартып, әлемдік университеттердің кампустарын ашу қажет. Ұлттың әлеуетін арттыру үшін мәдениетіміз бен идеологиямызды одан әрі дамытуымыз керек. «Рухани жаңғырудың» мән-маңызы да нақ осында. Өзінің тарихын, тілін, мәдениетін білетін, сондай-ақ заманына лайық, шет тілдерін меңгерген, озық әрі жаһандық көзқарасы бар қазақстандық біздің қоғамымыздың идеалына айналуға тиіс. Үздік денсаулық



сақтау ісі және дені сау ұлт. Халықтың өмір сүру ұзақтығының өсуіне және медициналық технологиялардың дамуына байланысты медициналық қызмет көрсетуге деген сұраныс көлемі арта түсетін болады» - деп атап өткен болатын Елбасы Н. Назарбаев [3,1]. Сондықтанда жастарға білім беру, дені сау ұлт жасау үшін Жоғары оқу орындарында адами капиталға аса мән берілу керектігі айтылады.

Мемлекет басшысы Н. Назарбаевтың «Азаматтардың конституциялық құқықтарына кепілдікті нығайту, құқық үстемдігін қамтамасыз ету, құқық қорғау қызметін ізгілендіру жұмыстарын жалғастыру қажет. Қоғамдық тәртіпті сақтау және қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында көшелерде және адам көп жиналатын қоғамдық орындарда бейнебақылау жүргізетін, азаматтарды анықтайтын және жол қозғалысын қадағалайтын интеллектуалды жүйелерді белсенді түрде енгізу керек» - деп атап өткен болатын. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі, полиция генерал-полковнигі Қалмұханбет Қасымов мырза: «Мемлекет басшысының Жолдауы ішкі істер органдарының қызметін жаңғыртуға айтарлықтай серпін беріп, Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайында технологиялық дамуға жол ашады» [5] деп ішкі істер органдарының қызметін жаңғыртуға жаңа серпін беретінін айтқан болатын.

Қорытындылай келе, Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауының өзектілігі және тарихи маңызы ерекше. Жолдауды жүзеге асыру ел дамуына жаңа серпін береді деп анық айтсақ болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Н. Назарбаев, Тарих толқынында. / – Алматы: «Атамұра», 1999. – 296 бет.
2. С.М. Сыздықов, Қарқаралы – «Мәңгілік Елдің» мәңгі қаласы // Қарқаралы қаласының 190 жылдығына арналған «Қарқаралы қаласы: тарихы мен бүгіні» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары. – Қарағанды, Тенгри баспасы, 2015. – 166 б.
3. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2018 жылғы 10 қаңтардағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауы // Орталық Қазақстан №4 (22456). – 11 қаңтар, 2018 жыл.
4. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2018 жылғы 10 қаңтардағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауы бойынша ақпараттық-анықтамалық альбом-кесте. // – Қарағанды: Қазақстан Республикасы ІІМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының баспасы, 2018. – 22 б.



5. ІІМ Алқасының кеңейтілген отырысы өтті // Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігінің ресми интернет-ресурсы <http://mvd.gov.kz>



РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ: ОҚУ МЕН ТӘРБИЕ ҮДЕРІСІНДЕГІ ӨЗЕКТІЛІК

Қоянбекова С.Б.
ҚР ҰҚК Академиясының
профессоры, ф.ғ.д.,

Түйіндеме

Мақалада рухани жаңғыру жаһандану деңгейіндегі әлемдік өзгерістерге сәйкес бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру мәселесі сана-сезімнің оқу үдерісі мен тәрбие берудегі жаңа өзгерісті қабылдай білуімен тікелей сабақтастырылып, болашақ білімді жастардың кәсіби біліктілігімен қарастырылатыны талданған. Бұл мақсат дамыған 30 озық елдің қатарына енумен ұштастырылып, мемлекеттік саясаттың үшінші жаңғыруын жүзеге асыруға арналған. Реформалар нәтижелілігінің мағыздылығының алғы шарты мәдени кодты өзгерту, жаңа құндылықтармен болашақ бейнесін қалыптастыруды көздейтін қоғамдық сана құрудың білім берудегі бағыттары зерделенген. Жаһандық нарықта ұтымды, маңызды, мәселелер ұсыну біліммен өлшеніп, мемлекеттік тілді жетік меңгеру, сондай-ақ шет тілін білу, мәдени ашықтық факторларымен үйлестірілген. Тәрбие үдерісі отансүйгіштік сезімімен астастырылып, Қазақстанның әлемдік аренадағы ұлттық сипаты жан-жақты қарастырылған.

Аннотация

В статье рассматривается сущность духовного возрождения, напрямую связанная с процессом обучения и принятием новых изменений в образовании в условиях глобализации, заключающаяся в формировании конкурентоспособного, высокообразованного специалиста, обладающего необходимыми профессиональными навыками. Это связано с реализацией основной цели третьей модернизации государственной политики, способствующей вхождению Казахстана в 30-ку развитых стран мира. Исследование направлений, нацеленных на формирование будущего образа человека, его общественного сознания, изменения культурного кода является основным условием эффективной реформы в системе образования. Факторы прозрачности культуры координируются с решением важных, основополагающих проблем, связанных с развитием и усвоением государственного, а также иностранного языков. Кроме этого, в статье всесторонне рассматривается национальный характер, наделенный высоким чувством патриотизма, являющийся всеобъемлющим фактором всего воспитательного процесса.

Annotation

The article deals with the nature of spiritual revival, directly related to the process of learning and the adoption the new changes in education in the context of



globalization. As well as developing the competitive and highly educated specialist with necessary professional skills. This is connected with implementation of the main goal of the third modernization of the State Policy which contributes Kazakhstan to enter into the 30 developed countries of the world. The main conditions of the effective reforms in the education sphere include the directions of the researches which are aimed to shape the future image of a man, his public consciousness and change the cultural code.

Cultural transparency factors are coordinated with the decision of important and fundamental problems connected with the development and mastering the state language as well as foreign. In the addition, in the article comprehensively examines the national character endowed with a high sense of patriotism which is a comprehensive factor of the entire educational process.

Тірек сөздер: рухани жаңғыру, бәсекеге қабілеттілік, мәдени код, рухани құндылықтар, оқу мен тәрбие үдерісі, кәсіби маман.

Рухани жаңғыру еліміздегі білім беру жүйесінің басымдықтары мен оған жеткізетін жолдарын айқындап, көзделген жұмыстардың барынша тиімді жүзеге асыратындығын дәлелдейді. Мақсатқа жету үшін болашақ ұрпақтың санасын жаңғырту ісінің озық тәжірибелерге негізделуі бірнеше бағытта ауқымды атқарылған істермен сабақтастырылады. 2013 жылдан бастау алған «Халық-тарих толқынында» бағдарламасы мазмұндағы әлемнің ең беделді мұрағаттарынан төл тарихымызға қатысты мәліметтерді жүйелі зерттеу, болашаққа нақты қадам басатын сананы өзгертетіні туралы мәселемен ұштастырылады.

Заманауи білім берудің басты бағыт бағдары әлемдік білім кеңістігіне еніп, жаһандық қоғамға лайықты кәсіби маман тәрбиелеу. XX ғасырдағы бастыстық жаңғыру үлгісін қазіргі заманға сай бейімделуі, өркениеттер тоғысындағы жаңа ұрпақ тәрбиелеу, кәсіби маман қалыптасу, жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты-ұлттық кодты сақтай білумен үйлестіріледі.

Ортақ мәселені шешуге бағытталған оқу-тәрбие үдерісінің болашақ мамандардың кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыруда, тәрбие үдерісін жүйелі құруға, креативтік іс-әрекетте тәрбиелеуге, жеке тұлғаның өзіндік дамуына ықпал етеді. Бұл мәселелер ұлттық рухани тамырынан нәр алып болашақ көкжиектерін үйлесімді ұйыстыратын ұлт жанының тұғырнамасы ретінде қарастырылатыны ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың мақаласында жан-жақты талқыланды. Атап айтқанда, қазіргі таңда жеке адам ғана емес тұтас халықтың өзі бәсекелік қабілетін арттырғанда ғана табысқа жететіні айқындалып, әлемдік деңгейде ұтымды дүние ұсынумен сипатталған. Ол үшін әрбір қазақстандық XXI ғасырға тән қасиеттерге ие болып, компьютерлік сауаттылық шет тілдерін білу мәдени ашықтық сияқты факторлардың алғышарттар санатында қарастырылуы «үш тілде білім беру», «Цифрлы Қазақстан» және т.б.



бағдарламалардың талаптарға сай дайындалып, шынайы прагматизмнің жарқын үлгілерін ұсынуға жетелейді. [1]

Осы тұрғыдан алғанда, білім алушының өзіндік ізденуіне, өзіндік ой қорытып, жан-жақты дамуына, кез-келген мәселені өзбетінше шешуге, сонымен қатар, ұжымда өзін-өзі ұстай білуге, жеке тұлғалық қасиеттерін айқын танытуға, өзін және өзгені әділ бағалауға, басқаның пікірімен санасуға, өзара тіл табысуға бейімдеп, кәсіби құзыреттіліктерін дамытуда оқу және тәрбие – өзара байланыста қарастырылады. Қазіргі қоғамда шынайы мәдениеттің белгісі білімділік, қарапайымдылық, ұстамдылық, қанағатшылдылық, үнемшілдік сияқты қасиеттермен жіктеліп, білім алуда салауатты өмір салтын ұстана отырып, кәсіби тұрғыдан даму барысында ғылымды ұтымды пайдалану болып табылады. Бұл заманауи әлемдегі оқу мен тәрбие үдерісіндегі бірден бір табысты үлгі.

Аталған мәселелерге сәйкес оқу мен тәрбие үдерісіндегі ортақ мәселелер төмендегідей өзекті сұрақтарды қамты, қазақтың тілі мен мәдениетін дамыту білім жүйесіндегі басым бағыттар санатында қарастырылып, нәтижесі кәсіби біліктілікпен өлшенуі қажет. Тәрбие үдерісі оқу элементтерін дамыта отырып, оқытушы мен білім алушы арасындағы ықпалдасты іс-әрекеттің ұйымдастырылу формасына сәйкес өтеді.

Жалпы педагогикалық үдерістің аталған екі қызметінің арасындағы принциптік айырмашылық: оқу барысында білім алушы әртүрлі ғылымдар негізін меңгереді, ал тәрбие үдерісі білім алушының тұлғалық сапа-қасиеттерін қалыптастыруға бағытталады. Озық жетістіктерді тиімді пайдаланып, әдістердің маңызды сипаттамаларын нақтылау үшін М.Я. Бубердің тұжырымдамасы негізінде талдасақ, тәрбиені диалогтық процесс ретінде қарастырады. Диалогтық білім беру оқытушы мен білім алушы арасындағы рухани байланысты білдіреді (қабылдауды қоса алғанда). Оқытушы білім алушыға жеке тұлға ретінде оның мүмкіндігі мен қабілетіне қарауы керек. Білім алушыны серіктесі ретінде қабылдағанда ғана, оқытушы тәрбиеленушінің бойында оқытушыға деген өзіндік көзқарасын қалыптастыра алады. [2.89б.] Оқытушы мен тәрбиеленушінің арасында өзара жақсы қарым-қатынас орнап, оқытушыға деген білім алушының жеке көзқарасы қалыптасып, өзара түсінушілік орнаған жағдайда ғана тәрбие ісі жүзеге асады. Тәрбие әдістері білім алушылардың жеке тұлғалық дағдыларын дамытып, оқу үдерісінде олардың санасының қажеттілік – мотивациялық саласын жетілдіру, мінез-құлық дағдылары мен әдеттерін қалыптастыру, сонымен қатар оларды түзету мен жетілдіру үшін қолданылатын тәрбие жұмысының өзіндік тәсілдері мен жолдарының жиынтығы. Тәрбие әдістерін құрастыру, таңдау, және дұрыс қолдану – педагогикалық шеберлік шыңы.

Рухани жаңғыруда атап өтілгендей, арнайы қарастыруды қажет ететін маңызды сұрақтардың бірі тәрбиенің заманауи концепциялары мен парадигмалары.



Білім берудің көпқырлы динамикалық үдерісінде оқытушы көптеген шешімі алуан түрлі күрделі қиындықтарға кездесіп, мәселені шешуде жаңаша әдіс-тәсілдерге сүйенеді. Сондай тәсілдердің бірі - бинарлық тәсіл. Оқытушының тәрбиелеу әдісінің жұптасуы ретінде бинарлық әдісті қолдануы білім алушының белсенділігін арттырып, болашақ кәсіби маман ретінде көздеген мақсатына жету жолында жеке тұлғаның толыққанды қалыптасуына септігін тигізеді. В.И. Андреевтің пікірі бойынша, тәрбиелеу әдіс-тәсілдерінің ішіндегі ең ұтымдысы бинарлық әдіс болып табылады. Мұндай әдіс тәрбие беру процесінде педагогиканың бағытын айқындап, алға қойған мақсатқа біртіндеп қолжеткізуде нақты әдіс-тәсілдерді қолдануға мүмкіндік береді. [3. 362б.]

Елімізде бірінғай Еуропалық білім кеңістігіне ену мақсатында оқытудағы білім, білік, дағдыға қоса құзыреттілік сапаларының қарастырылуын жаңа парадигма туғызып отырған қажеттілік деп бағалайды. Осы жоғары құндылық сапасын көтерудің басты шарты – болашақ кәсіби мамандар даярлауда білім алушылардың кәсіби құзыреттілігін дамыту болып табылады. Қоғамдық өмірдің күрделене түсуі гуманитарлық ғылымдарды дамытумен тікелей байланыста зерттеліп, адамгершіліктің маңызын арттырып, бүгінгі білім берудегі функциялардың айқындалуына негіз болып отыр. Білім әлеуметтік құбылыс ретінде қоғамда болып жатқан кешенді өзгерістерді басынан өткізеді, яғни қоғам өзгерісі мен дамуы міндетті түрде білімнің жаңа бағытта дамуына әкеліп, өзара тығыз байланыста қарастыруға міндеттейді. Қоғамның білім беруге қоятын талабына сәйкес берілетін білімнің мазмұндық сапасының маңыздылығында тәуелсіз бақылау мен бағалау өзектілік танытады. Бұл үшін интеграциялық оқытуды жүзеге асыру білім алушылардың танымдық қызығуы мен білім сапасын арттырумен қатар, бір сабақта бірнеше оқу пәндері мақсатының бірігуіне мүмкіндік береді. Демек, пәнаралық байланыс синергетикалық әдістермен ұштастырылып, білім алушының өзіндік ізденуіне синектикалық әдіс-тәсілдерді меңгеруіне мүмкіндік береді.

Өзіндік іздену оқу мен тәрбие – тұлғаның өзіндік дамуына, білім алуына, жеке кәсіби тұлғалық қасиеттерін жетілдіріп, жағымсыз сапаларын жоюға бағытталған саналы әрі мақсатты бағдарланған іс-әрекеттер.

Болашақ кәсіби маман даярлау ісінде көзделетін негізгі мәселе – оқу мен тәрбие үйлесімділігін қолдану арқылы болашақ мамандарға теория мен практиканы байланыстыра қарастырып, кәсіби бағдарға негізделген білім беру арқылы, өзбетінше шешім қабылдай алатын, кәсіби біліктілік деңгейі жоғары, ғылыми әлеуеті заман талабын қанағаттандыратын, кәсіптік қызмет бабында шет тілін оңтайлы қолдануы барысындағы іскерлік қасиеттер мен дағдыларды меңгерген маман даярлау. Білім беру жүйесіндегі ортақ мақсат – тәуелсіз Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз ететін, ұлттық дәстүрлер мен өркениет жетістіктерін сабақтастыра дарытқан, патриот, өз Отанына адал қызмет ететін, білімді де қабілетті, мамандығын шексіз сүйетін, адал, білікті кәсіби маман дайындау. Оқытушылар тікелей өз пәндері бойынша білім беру мен тәрбие ісін



ұштастыра отырып, сонымен қатар, басқа да Академия бөлімшелерімен бірлесе, ортақ тәрбие беруді мақсатын көздейді. Қажетті құзыреттіліктерді жетілдіруде қосымша дайындықты талап ететін білім алушыларға оқу үдерісінен тыс оқу сабақтарын ұйымдастырып, ұжымдық және жеке-дара іс-әрекеттерді жүзеге асыру барысында білім алушылар өзара тіл табысып, ортақ мәселенің шешімін табуда асқан белсенділік танытып, өздеріне талап қоюды және жауапкершілікті сезінеді.

Рухани жаңғыруда болашаққа бағдар ретінде тарих, саясаттану, әлеуметтану, философия, психология, мәдениеттану және филология ғылымдары бойынша білім алушыларға толық қанды білім беруге қажетті жағдайлар жасау, тиіс екені атап көрсетілген. Гуманитарлық зиялы қауым болашақты терең түсіне алатын білімді адамдар қажеттілігіне ерекше мән беріп, білім саласындағы жаһандық бәсекеге бейімделген мамандарды дайындаумен ерекшелінеді. Себебі, жаңа заманның жаңа мамандарын прагматизммен бәсекелік қабілет сияқты сананы жаңғыртудың негізі қағидаларын қоғамда орнықтыратын басты күшке айналады. Бұл мәселені отансүйгіштікпен тікелей байланыста қарастыру бүгінгі білім беру саласының басты бағдары. Патриоттыққа тәрбиелеу арқылы өзінің туып өскен елін, жерін құрметтеуге, жалпы ұлттық құндылықтарды бойларына сіңіре отырып, борышын адал атқаруға және шексіз қызмет етуге баулиды. Осы орайда, «Мәңгілік Ел Ұлттық идеясы – қазіргі қазақстандық қоғамның дамуының басты бағыты» тақырыбында талқылаулар, білім алушылар арасында өзара пікірталастар өткізу өте тиімді. Сонымен қатар, қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасының концептуалды негізін түсіндіру мақсатында оқу орнында «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласын талқылау бойынша дөңгелек үстел жүргізілді. Патриотизм сезімін және қоғам мен мемлекет алдындағы жауапкершіліктерін нығайтуға, Отанды қорғауға дайын болудың, тарихи сабақтастықтың мағынасын түсіндіру, олардың қызметтегі басты құндылықтар екенін ұғындыруға бағытталған «ҚР Тәуелсіздік күнін мерекелеу мақсатында «Ән шырқаймын, туған жер!» атты патриоттық әндер байқауы және «Ардагерлерді құрметтеу – олардың ерліктеріне тағзым ету!» тақырыбына тақырыптық кештер ұйымдастырылуы оқу мен тәрбиенің сабақтастығын көрсетті.

Моральдық-адамгершілікке тәрбиелеу мақсатында Б. Момышұлының тәлім-тәрбие берудегі ұлы қасиеттері үлгі-өнеге ретінде ұсынылып, білім алушылардың моральдық-психологиялық, іскерлік және мінез-құлық әрекетінің жеке ерекшеліктерін, көңіл-күйін, мұқтаждықтарын, оқудан тыс уақыттағы қызығушылықтарын, әуестіктерін және т.б. зерделеу арқылы өзін-өзі дамыту бағытындағы жұмыстар жүргізілді.

Елімізде тұратын әртүрлі ұлттардың дәстүрлеріне, дінге деген құрметпен қарауға баулып, толеранттық тәрбие беруде білім алушылар мен оқытушылар өзара әрекеттесе ортақ мақсатқа қолжеткізді.



Интеллектуалдық тәрбие беруде белгілі шығармашылық тұлғалармен: ғалымдар, саясаткерлер, жазушылар, актерлер, ақындар, музыканттар, спорт шеберлері т.б. кездесулер өткізу – білім алушылардың қызығушылықтарын арттырып, жалпы ой-өрістерін дамытуға, қоғамның әр саласынан хабардар етіп, танымдық көзқарастарын қалыптастыруға септігін тигізеді. Оқу бөлімшелерімен бірлесе отырып, сабақтан тыс дайындық формаларының белсенділігін арттыруда конференциялар, дөңгелек үстелдер, семинарлар өткізіледі. Мысалы, Кадрлар басқармасы және Тіл дайындығы бойынша факультеттің ұйымдастыруымен «Рухани жаңғыру: латын әліпбиіне көшудің өзекті мәселелері» тақырыбында магистранттар мен тыңдаушылар арасында өткізілген дөңгелек үстелді атап айтуға болады. Мұндай шаралардың өтуі білім алушылардың өзбетінше зерттеулер жүргізіп, іздену, сараптама жасау құзыреттіліктерін қалыптастырып қана қоймай, сонымен қатар, патриоттық сезімдерін оятып, болашақ кәсіби маман ретінде алға нық қадам басуға жетелейді.

Құқықтық тәрбие беруде қызметтік тәртіп нормаларын білуге, мүлтіксіз сақтауға аса жауапкершілік танытуға тәрбиелеу мақсатында білім алушылар қызметтік тәртіп сұрақтарын реттейтін заң актілерімен таныстырылып отырады.

Жеке тұлғаның жетілуі және өзін-өзі жетілдіруі дене тәрбиесі мен спорт қызметі отандық тәрбие жүйесінің бөлінбейтін бөліктерінің бірі. Физикалық тәрбие және салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу мақсатында Академияның Қамтамасыз ету басқармасының (6-бөлім) медициналық қамтамасыз ету мамандарының қатысуымен алкогольді ішімдіктер, есірткі, психотроптық, уытқұмарлық мастықты шақыратын заттарды қабылдаумен, темекі өнімдерін қолданудың зияндықтары туралы ескертулер бойынша алдын-алу жұмыстары жүргізіледі. Сонымен қатар, Жауынгерлік және физикалық дайындық арнайы кафедрасымен бірге курсанттар мен тыңдаушыларды қалалық және республикалық турнирлерге қатысуға дайындайтын әртүрлі спорттық секциялардың жұмысы ұйымдастырылады, генерал-майор А.А. Арыстанбековты еске алу аясында қоян-қолтық ұрыс бойынша Республикалық турнирге команданы дайындау шаралары жүзеге асырылады.

Тәрбиелеу үдерісінде тұлғаның дамуына және қалыптасуына негізгі жағдайларды жасай отырып, ынталандыру және жұмылдыру әдістерін ұтымды үйлестіре тәрбие беру арқылы өзіне деген сенімін арттырып, өзін-өзі тәрбиелеуге икемдейміз. Болашақ кәсіби маман даярлауда бинарлық тәрбие беру арқылы, өзара бірлесіп әрекеттесу нәтижесінде, көптеген ортақ нәтижелерге жетуге болатынын айқын аңғаруға болады.

Барлық деңгейдегі білім берудің басты мақсаты негізінен білім алушыларға шетел тілін үйрету кезінде Қазақстан Республикасының және оқытылатын тіл бойынша елдердің қоғамдық-саяси ахуалымен, әлеуметтік-экономикалық, мәдени өміріндегі тың ақпараттармен, ғылыми және инновациялық қызмет саласындағы жетістіктерімен, оқу-білім және тәрбие



берудегі оң қадамдарымен салыстыра және салғастыра таныстыру болып табылады. Бір сөзбен айтқанда, бұл мақсат Білім беру бағдарламасы негізінде құрастырылған мемлекеттік міндетті, жеке тұлғаны қалыптастыру модульдері, кәсіби пәндер, міндетті компоненттер, пәнаралық және өзіндік оқуға берілетін пән бөліктерінің материалдары негізінде жүзеге асады.

Қазіргі кездегі оқытушының міндеті практикалық сабақтарды бұрынғы дәстүрлі әдіс-тәсілдермен сабақтастықта ұштастырып, теорияны міндетті түрде тәжірибемен байланыстыра отырып жүргізуді, білім алушылардың ой-өрісін кәсіби деңгейде дамытуға жетелейтін өзіндік жұмыспен байланыстырып отырудың жолдарын, ең бастысы, сабақты жаңа ақпараттық технологияны қолданып өткізу әдіс-тәсілдерін қарастыру болып табылады. Өзіндік жұмыстарды жүйелі ұйымдастырып, уақтылы бақылауда ұстаумен қатар білім алушыларға қолайлы жағдайлар жасауымыз шарт. Сондықтан, оқытушы білім алушының өзіндік жұмыс тапсырмаларын ұйымдастыруда мына талаптарды ескеруі тиіс:

- БӨЖ-ді оқу жұмысының басқа түрлерімен дұрыс ұштастыра білу;
- білім алушының жеке дербестігін арттыру;
- білім алушының өзіндік білім алу қабілетін жүйелі түрде дамыту;
- шығармашылық даралығының дамуына үлес қосу;
- өзіндік жұмыс мазмұнына ағымдық ақпараттарды енгізу;
- жаңа ақпараттық технология мүмкіндіктерін кеңінен қолдану;
- білім алушының белсенді үрдіске енуіне жағдай жасау;
- ғылыми талдау негіздері туралы түсінік қалыптастыру.

Қазіргі таңда заманауи білім алушының білімді өзбетінше толықтыруы мен жаңартуы, мамандығына қажетті материалдар бойынша ана тілінде және шетел тілінде өзіндік ізденіс жүргізуі, шығармашыл тұлға болып қалыптасу жолында дербес қабілеттеріне деген талап қоюы – өзекті мәселе болып табылады.

Өзіндік жұмыс оқытушы шешіміне қарай жұмыстың көлемі, мақсаты және нақты тақырыбына, күрделілігіне байланысты жеке немесе тілдік топтардың ұжымдық жұмысы түрінде жүзеге асырылады. Мұндай жұмыс формасы соңғы нәтижеге жету үшін әртүрлі (жазбаша не ауызша) болып келеді.

Оқу үдерісін білім алушының өзбетінше жұмыс істеу қабілетін, белсенділігін арттыруға, өзін-өзі тәрбиелеуге, ой дербестігін дамытуға бағытталған деңгейде ұйымдастыру барысында мына мақсаттар туындайды:

Өзіндік жұмыс	Мақсаты			
	Түрі	Дамытушылық	Тәжірибелік	Тәрбиелік

1) дамытушылық мақсаттың бағытталуы:

- білім алушының жеке тұлғасын қалыптастыруға;



- оқу ынтасын арттыруға, ақыл ойын дамытуға;
- білім алушының қажеттілігі мен қызығушылығын анықтауға;
- жаңа бағыттар мен қажетті талаптарды болжауға;
- белгілі бір дәрежеде кәсіби саладағы ақпарат көздерімен (кітап, басылым) жұмыс жасауды меңгертуге;
- электрондық сөздік және компьютерлік мультимедияны, анықтамалық әдебиеттерді пайдалана білуге дағдыландыруға;
- шет тілін меңгере отырып, өз ана тілін терең дамытуға;
- шығармашылық ойлау қабілетін белсендіруге;
- ой-өрісін дамытып, жалпы дүниетанымын кеңейтуге.

2) тәжірибелік мақсаттың көзделуі:

- оқу тәжірибесі барысында білім алушылармен жұмыс жасау дағдысын қалыптастыруға үйретуге;
- оқытуда қолданылатын негізгі оқу-зерттеу әдістемелерін меңгертуге;
- шет тілін кәсіби пәндермен байланыстыра игертуге;
- жаңа ақпараттық технологияларды қолдану әдістерін үйретуге;
- ойын жүйелі айтып, топ алдында еркін сөйлеу машықтары мен дағдыларын қалыптастыруға;
- қазіргі қоғамдық – өмірге лайықты маман ретінде дайындауға;
- практикалық және ақпараттық материалдарды іріктеуге;

3) тәрбиелік мақсаттың негізделуі:

- меңгеруге тиісті оқу материалдарымен уақтылы жұмыс істеуге дағдылануға;
- жоғары саналық пен ақпараттық мәдениеттілікке баулуға;
- бірін-бірі сыйлау мен отаншылдыққа тәрбиелеуге;
- туған елін, жерін, қоршаған ортаны құрметтеуге;
- Қазақстан мен шет елдердің тарихы мен мәдениетін тереңнен меңгертуге;
- Шет тілдерімен ана тілінде таза сөйлеуге, тіл тазалығын сақтауға.

Білім алушының өзіндік жұмысын ұйымдастыру үрдісінің мақсаттарына сәйкес болашақ маманның қажетті біліктілігі, ізденудегі кәсіби дағдысын қалыптастыру мақсатында тіл үйренушінің қызығушылығы мен белсенділігін арттыруға ықпал ететін тапсырмалар, тұлғалық және кәсіби тұрғыдан өзін-өзі жетілдіруге арналған жобалық жалпы және арнайы ауызша тақырыптар беріледі. Сонымен қатар, әртүрлі тақырыптар бойынша сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға бағытталған тілдік құралдарды, сөйлеу жолдарын үйретуге арналған қосымша жаттығулар, жай және күрделі сөйлеу әрекеттеріне қажетті нақты лексикалық материалдар, сөйлемдерді әртүрлі конструкциялар мен модельдеу үлгілері бойынша құрастыруға арналған тапсырмалар, мәтін түсініктемесін айтуға, суреттерді сипаттауға, жағдаяттық тапсырмалар арқылы диалог құрастыруға арнайы тапсырмалар беріліп, тілдік материалдарды терең меңгеруге мүмкіндік жасалады. Тілдік әрекеттердің іске асу жоспарын (сұраққа



жауап беру, ойын жеткізіп түсінік айту, эссе жазу, пікір алмасу т.б.) бақылап, өзбетінше орындалатын жұмыстың нәтижесі бағаланады, нақты орындалған материалдарды жинау, жазбаша жұмыстардың (эссе, баяндама, слайд) дұрыс рәсімделуін тексеру және презентация жасау бойынша өзіндік жұмыстар қабылданады. Оқытушының өзіндік жұмыстың атқару мерзімін сақтауды талап етуі, сапалы орындау мен атқарылған жұмысқа жауаптылық танытуы, кәсіби танымдық әрекеттерге деген қызығушылығын қалыптастыруы білім алушының өзін-өзі жетілдіруіне және өзін-өзі тәрбиелеуіне ықпал етеді.

Қорыта айтқанда, болашақ кәсіби мамандарға білім берумен қатар тәрбие жұмыстарын жүйелі ұйымдастыруда барлық қажетті жағдай жасау, жаңа заман талабына сай алдыңғы қатарлы әдіс-тәсілдерді жүйелі қолдану оқытушыларға нақты міндеттер жүктейді. Біздің оқыту тәжірибемізде білім берумен қатар кәсіби маман тәрбиелеу білім алушылардың болашақ кәсіби мамандығына, кәсіптік біліміне, іскерлігі мен дағдыларына қажетті ақпаратты беруге негізделіп, білім алушылардың бойында болашақ мамандығын сүйеге жауапты және сапалы көзқарас қалыптастыру үшін алға қойған мақсатты белгілеп, оған жету жолдарын анықтауға негізделеді. Мұндай құзырлықтың болуы мәселені айқындап, дұрыс шешім қабылдауға, оны іске асыруға мүмкіндік береді.

Тіл дайындығы арнайы факультетінде білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын жандандыру мақсатында «Тілдерді дамыту», «Тілдік мәдениет және шешендік өнерге баулу» және «Үш тілділік» секцияларында белсенді жұмыстардың жүргізілуі тілдерді қолданудың аясын кеңейтудегі іс-шаралардың тиімді жүзеге асырылуы, болашақ кәсіби мамандардың өзіндік ізденімпаздық қабілеттерін ашуға және жауапкершілікті сезінуге тәрбиелейтін игі бастама. Білім алушылардың мамандығын толық игеруі мен өздігінен жұмыс жасай алу қабілетіне қарай бейімдеп, кәсіби мамандыққа баулу жұмыстары білім алушылардың өзбетімен ізденуін ұйымдастыру арқылы оның дербес кәсіби іскерліктерін дамытады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» . 2017 жыл 12 сәуір.
2. Бубер М. Я и Ты \перевод В.В. Рынкеевича. – Из кн.: Мартин Бубер. Два образа веры. М., 1995. –16-9с.
3. Андреев В.И. Педагогика творческого саморазвития: иннов.курс. кн.1. \В.И. Андреев. – Изд-во Казанского ун-та, 1996. – 565 с.
4. Ковалев, А.Г. Воспитание и самовоспитание .учеб.для вузов /А.Г. Ковалев -М.: Мысль, 1986г. – 287 с.



УДК: 355.233

**«АЛАШ» ҚОҒАМЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМДІ,
МӘДЕНИ-РУХАНИ ДАМУДАҒЫ РӨЛІ**

Баймуханова А.М.

аға оқытушы, академик
Е.А. Бөкетов атындағы
Қарағанды мемлекеттік
университеті

Марат Е.Т.

академик Е.А. Бөкетов атындағы
Қарағанды мемлекеттік
университеті, 4-курс студенті

Түйіндеме

Мақалада «Алаш» зиялыларының Қазақстандық патриотизмнің дамуындағы қосқан үлесі жайлы қарастырылған. Сондай-ақ ХХ ғасырдың бас кезіндегі, халықтың білімі мен мәдениетін, рухани байлығын көтерудегі атқарған еңбектерімен Алаш зиялыларының ұстанған идеялары мен мақсаттары жайлы көрсетілген. Алаш қозғалысының еліміздің мәдени-рухани даму жолында қосқан үлесі айрықша зор екендігі және де «Алаш» зиялылары нағыз үлгі тұтар ұлт патриоттары екендігі мақалада айтылған. Мақалада сонымен қатар елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласындағы патриотизм жайлы қарастырылған. Қазақстандық патриотизмнің қалыптасуына Алаш зиялыларының қаншалықты үлес қосқаны жайлы мәселелер мен қатар ұлттық идеяны қалыптастырудағы міндеттері мен мақсаттары аталып өткен.

Аннотация

В статье рассматривается вклад интеллигенции «Алаша» в развитие казахстанского патриотизма. Также отражены идеи и цели интеллигенции Алаша в начале двадцатого века, их работа по повышению знаний, культуры и духовного богатства людей. В статье отмечается, что движение Алаша вносит большой вклад в культурное и духовное развитие страны и что интеллигенция «Алаша» являются патриотами нации. А также рассмотрено статья главы государство «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания» в котором глава государство отмечает о патриотизме в Казахстане. Как интеллигенции Алаша способствовали формированию Казахстанского патриотизма, а также цели и задачи формирования национальной идеи.



Annotation

The article discusses the contribution of the "Alash" intelligentsia to the development of Kazakhstani patriotism. Also, the ideas and goals of Alash's intelligentsia in the early twentieth century, their work on knowledge, culture and spiritual wealth of people are reflected. The article notes that the Alash movement makes a great contribution to the cultural and spiritual development of the country and that the "Alash" intelligentsia are patriots of the nation. And also the article of the head of the state "A look into the future: modernization of public consciousness" in which the head of state notes about patriotism in Kazakhstan. As Alash's intelligentsia contributed to the formation of Kazakhstan's patriotism, as well as the goals and tasks of forming a national idea.

Тірек сөздер: патриотизм, тәуелсіздік, рухани жаңғыру, қозғалыс, мәдени-рухани даму, шығармашылық интеллигенция.

Сан ғасырлар бойы ата-бабаларымыз тәуелсіздік жолында, қилы кезеңдерді басынан өткерді. Өткен ғасыр тарихына үнілсек қазақ халқының ұлттық мемлекет құруда үздіксіз күресін көреміз.

XX ғасырдың алғашқы ширегінде, ғасырлардан келе жатқан тәуелсіздік үшін күрес жолында «Алаш» қозғалысының қайраткерлері, маңызды рөл атқарды.

Өткен ғасырдың бас кезеңінде қазақ жерінің басым бөлігі Ресей империясының жеке меншігіне айналды. Қазақ жеріне қоныс аударушылардың саны күрт өсті. Халықты байырғы қонысынан күшпен шектей бастады.

Ресейдегі бірінші буржуазиялық революция Қазақстан еңбекшілерінің саяси түрде оянуына, өлкеде отарлық, әлеуметтік және басқа әртүрлі қанау түрлеріне қарсы ұлт-азаттық, жұмысшы, аграрлық және басқа қозғалыс түрлерінің дамуына түрткі болды. Сол жылдары ұлттық зиялылар кейін Алаш қозғалысы атанған қоғамдық қозғалыстың негізін қалады. Алты алаштың ардағы Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейхан қараңғылық пен надандықтың шырмауында отырған халқына білім мен мәдениет керек екенін ұғады, елдің тұрмысын, мәдениетін, білімін көтеруді өзінің алдына мақсат етіп қояды.

Қазақ елінің жеке дара тәуелсіз мемлекет болып қалыптасуында, Алаш зиялыларының сіңірген еңбегі айрықша зор. Алаш қауымының қажырлы еңбегінің арқасында, бүгінгі күнге дейін төл мәдениетімізді, салт-дәстүрімізді, әдет-ғұрыптарымызды жоғалтпай жетіп отырмыз. Ал, осы аталған құндылықтарымызды қорғап, оны жаңа заман ағымына қарай жаңғырту біздің борышымыз.

The article deals with the cultural and anthropological tendencies of the renewal of higher professional education. Particular attention is paid to the processes of humanization and humanitarization of education, to the consideration of their interconnection and interdependence from the standpoint of the unity of theory and practice. The cultural-anthropological approach is presented as a dialogue and a



multifunctional method aimed at the development and self-realization of the learner's personality.

Ключевые слова: антропологический подход, гуманизация, гуманитаризация.

Изменение традиционных ценностей современного общества в начале XXI в. сопровождается сменой ведущих парадигм в образовании. Первостепенное значение в современном обществе приобретают такие ценности образования как экономическая и социальная эффективность образования, Вместе с тем, деструктивные тенденции в развитии человечества, такие как дегуманизация, бездуховность, техницизм и т.д. определяют необходимость формирования человека более высокого уровня нравственной, умственной и профессиональной культуры. Поэтому перед современным обществом и образованием стоят достаточно сложные задачи по разработке и реализации стратегий образования, адекватных современному этапу социокультурного развития общества. В этих условиях возникает необходимость перехода к другим целям образования и принципиально другим типам содержания, в педагогике складываются новые представления о человеке и образованности, происходит смена антропологических оснований педагогики.

В истории развития цивилизации существовало множество образовательных моделей. Рассматривая цивилизацию как определенный уровень развития материальной и духовной культуры, И.А. Колесникова считает, что педагогика прошла стадии природной цивилизации, затем репродуктивно-педагогической цивилизации и сейчас вступает в стадию креативно-педагогической цивилизации. Стадия природной цивилизации характеризовалась вплетением образования в естественную жизнедеятельность людей, образование на этапе репродуктивно-педагогической цивилизации становится специально организованной деятельностью, направленной на передачу опыта старшего поколения младшему. Переход к третьей педагогической цивилизации, так называемой креативно-педагогической, связан с нарастанием отчуждения содержания образования от потребностей личности. Именно поэтому креативно-педагогический этап означает возрастание рефлексивной культуры человека, организацию образования как «встречу» субъектного опыта обучающего и обучающегося, усиление роли диалоговых методов обучения. Вместе с тем, что в современной педагогике существуют различные подходы к выделению моделей образования или образовательных парадигм, в настоящее время в образовательном пространстве функционируют различные модели, отличающиеся различными целями-ценностями, способами организации образовательного процесса, результатами образования.

В исследованиях отечественных ученых, посвященных изучению философско-методологических оснований развития российского образования,



рассматриваются различные стратегии его развития, поэтому современное состояние образования характеризуется учеными как полипарадигмальное. В современном образовании, как считает Е.А. Ямбург [1] одновременно сосуществуют знаниевая, культурологическая, компетентностная, личностно-ориентированная парадигмы образования. Краткое изложение сущности названных концепций позволяет определить их основные особенности и отличия. В соответствии с знаниевой или когнитивно-информационной парадигмой учебно-воспитательный процесс ориентирован на предметные программы, поддающиеся оценке, а основная цель определяется как передача обучающимся максимального количества накопленных знаний, умений и навыков.

Отличительной особенностью личностно-ориентированной парадигмы является смещение акцента с интеллектуального на эмоциональное и социальное развитие, в связи с этим оценивание результатов обучения осуществляется на основе сравнительного анализа успехов обучающегося в свете предыдущих достижений. Главной целью образования, в соответствии с культурологической парадигмой выступает формирование личности, но в отличие от личностной парадигмы она рассматривает свободу и принуждение как взаимодополняющие начала, элементы педагогического принуждения обусловлены необходимостью передачи ценностей культуры следующим поколениям, которые не осознают в этом необходимости. В соответствии с компетентностной парадигмой в качестве ожидаемых результатов образования рассматривается не система знаний, умений и навыков, а набор заявленных государством компетенций, приоритетным становится подготовка человека умелого и мобильного, владеющего не набором фактов, а способами и технологиями их применения.

В настоящее время в современном образовании существует множество явлений, свидетельствующих о том, что в отечественном образовании традиционная знаниевая парадигма все больше входит в противоречие с тенденциями развития образования и что она уже недостаточна для дальнейшего развития теории и практики образования. Кризис, лежащий внутри самого образования в его методологических основаниях, как утверждает Е.В. Бондаревская «обусловлен переходом от знаниево-просветительской парадигмы к культуротворческой, от «человека образованного» к «человеку культуры» [2].

Становление культурно-антропологического направления в развитии образовании обусловлено тем, что в конце XX века, стал очевидным тот факт, что классическая модель образования фактически исчерпала себя, она уже не отвечает требованиям, предъявляемым к образованию современным обществом и производством. В этих условиях актуализируется роль человекоцентрированного культуроформирующего образования, как социального механизма гармонизации образования и человека, образования и культуры, всестороннего образования личности. В свете этой модели



образование сможет выполнять очень важную функцию – воспитание, восхождение к культуре. Образованный человек – это не только «человек знающий», но и человек, подготовленный к жизни, ориентирующийся в сложных проблемах современной культуры, способный осмыслить свое место в мире.

Рассмотрение сущности ведущих философских идей, определяющих место человека в культуре, как показано в исследовании И.П. Гайсиной [3], сводится к аксиологическому, деятельностному и личностно-творческому подходам. В соответствии с аксиологическим подходом к культуре, она понимается как совокупность материальных и духовных ценностей, выработанных человечеством. В деятельностном подходе фундаментальным свойством культуры является ее способность быть средством деятельности людей, в этой связи культура интерпретируется как совокупность устойчивых форм и способов деятельности, закрепившихся в человеческой практике и общественном сознании. Особенностью личностно-творческой концепции является понимание под культуры в непосредственной связи с человеческими качествами, которые определяют сущностные силы человека, меру его развития в качестве субъекта творческой деятельности. С позиции личностно-творческой концепции деятельность рассматривается с точки зрения того, как она служит развитию, совершенствованию и самореализации человека, акцентируя внимание на гуманистической, личностно-развивающей сущности культуры. Каждая из рассмотренных концепций культуры имеет свою методологическую ценность для изучения педагогических проблем с позиций культурно-антропологического подхода.

В современном образовании основанием для выделения общих положений, объединяющих проблему соотношения образования и человека, образования и культуры является понимание как высшей ценности и цели современного образования, развитие и саморазвитие человека, становление его как личности и индивидуальности, обеспечение вхождения в мир мировой и отечественной культуры и творческой самореализации. Ориентация образования на интересы личности, формирование ее компетентности, развитие творческих начал и общей культуры являются приоритетными направлениями реформирования системы образования. Важнейшим методологическим условием реализации культурно-антропологического направления в современной системе образования является идея единства и взаимодополняемости образования и культуры: трактовка образования как формы трансляции культуры и реализации ее потенциала, а трактовка культуры как важнейшего условия развития личности и совершенствования образовательного процесса. Диалог культурного и антропологического подходов является тем полифункциональным методом, который позволяет перейти к более широкому взгляду на образовательный процесс с доминирующими в нем установками на взаимодействие, сотворчество, рефлексию, саморазвитие. В его рамках содержание образования центрировано



на развитии и самореализации личности обучающегося, ориентировано на ценности культуры общества и человечества. Культурно-антропологическое направление парадигмальных изменений современного образования обуславливает переход от приоритетности рассмотрения знаний, умений и навыков в качестве основной цели образования к формированию всесторонне и гармонично развитой личности.

Взросший интерес науки к проблеме человека обусловлен объективными явлениями в процессе развития научного знания. Педагогическая антропология занимается изучением развивающегося человека в процессе воспитания, образования и обучения и является составной частью педагогической культуры. Согласно Б.Г. Ананьеву, педагогическая антропология, «относится к области антропологии или антропономии как синтезу естественных и общественных наук о человеке» [3]. Она интегрирует знания о человеке, полученные другими разновидностями антропологии: философской, культурной, психологической, социальной, социально-исторической. Взросший интерес науки к проблеме человека обусловлен определенными объективно действующими явлениями в процессе развития научного знания. Образование человека, как утверждает А.Я. Данилюк [4], невозможно без знаний о нем. Основная задача целостных исследований человека, осуществляемая педагогической антропологией, заключена в раскрытии закономерных связей между биологически запрограммированным развитием человека и всеми видами средовых воздействий. Предметом исследования педагогической антропологии является человек с точки зрения его самоосуществления и совершенствования под воздействием воспитания и образования. Методологический арсенал педагогической антропологии, как констатирует В.Я. Ляудис [4], включает естественнонаучные, общенаучные и специальные методы, поэтому задачами педагогической антропологии являются: синтез данных каждой из этих областей; осуществление их педагогической интерпретации; самостоятельное изучение многочисленных факторов, воздействующих на развивающуюся личность.

Именно антропологический подход обуславливает рассмотрение человека как высшей ценности общества, и самоцель общественного развития обуславливает рассмотрение человека как субъекта, как носителя смыслов, исходя из его способности к саморазвитию. Он задает четкий ориентир для построения конкретного процесса развития человека как личности и как индивидуальности в единстве его духовного и физического начал. Таким образом, антропологический подход к образовательной деятельности рассматривается как мировоззренческая, гносеологическая, теоретическая и практическая ориентация ее на человека как свою главную цель и ценность.

Культурологический подход определяет культурные закономерности становления образованности личности как человека культуры и механизмы обретения обучающимися ценностных ориентаций и личностных смыслов. Это



«видение образования сквозь призму понятия культуры, то есть его понимание как культурного процесса, осуществляющегося в культуросообразной образовательной среде». Культурологический подход обуславливает рассмотрение образования в контексте культуры, ориентацию на общечеловеческие ценности, мировую и национальную культуру. Диалог культурного и антропологического подходов представляется тем полифункциональным методом, который позволяет перейти от линейно-дискретных представлений к более широкому взгляду на образовательный процесс с доминирующими в нем установками на взаимодействие, сотворчество, рефлексию, саморазвитие. В его рамках содержание образования центрировано на развитии и самореализации личности обучающегося, ориентировано на ценности культуры общества и человечества. Эта установка обуславливает переход от приоритетности рассмотрения знаний, умений и навыков в качестве основной цели образования к формированию всесторонне и гармонично развитой личности.

Современному образованию принадлежит решающая роль в изменении отношения человека к миру, понимание мира как единой целостности, гармонизации отношений в системе «человек – общество – природа». Являясь важным компонентом общепрофессиональной подготовки будущего специалиста в вузе, естественнонаучное образование призвано способствовать решению задач образования, интеллектуального развития и воспитания в едином процессе получения упорядоченных базовых знаний, их использования для формирования научного мышления, миропонимания и способности к познанию. Сегодня естественнонаучное знание переосмысливается с позиций мировоззрения личности и общества с целью формирования целостного понимания материального мира и места в нем человека. Человек является биосоциальным существом, он живет не только в природной среде, но и в обществе, и поэтому его взгляд на мир не ограничивается представлениями о природе, но включает также его знания об общественном устройстве, его законах и порядках. Поскольку индивидуальная жизнь людей складывается под влиянием собственного жизненного опыта, постольку и их взгляды на общество, и, следовательно, картина общества выглядят неодинаково. Наука же ставит своей целью создание целостной картины общества, которая имела бы общий, универсальный – и что особенно важно – объективный характер. В современных условиях возрастает социальная значимость естественнонаучного образования, его содержательный и мировоззренческий потенциал является не только определяющим фактором технологического прогресса, но и фундаментальной основой всего образования, методологическим базисом приобретения общих и специальных знаний, формирования взаимосвязанных основ гуманитарной и естественнонаучной культуры личности.

Прогрессивным мировым сообществом естественнонаучное и гуманитарное образование рассматриваются как равноправные компоненты фундаментального образования, взаимодействие которых ведет к диалогу и



дальнейшему сближению двух направлений общечеловеческой культуры. Диалог культурного и антропологического подходов представляется тем полифункциональным методом, который позволяет перейти от линейно-дискретных представлений к более широкому взгляду на образовательный процесс с доминирующими в нем установками на взаимодействие, сотворчество, рефлексия, саморазвитие. В его рамках содержание образования центрировано на развитии и самореализации личности обучающегося, ориентировано на ценности культуры общества и человечества.

Современный человек должен видеть мир в его целостности. Потребность в синтезе научных знаний обусловлена все увеличивающимся количеством комплексных проблем, стоящих перед человеком: проблем, решение которых возможно лишь привлечением знаний из различных отраслей науки. Конвергенция как позитивное взаимодействие основных систем научного знания, определяется тенденциями становления культурно-антропологической парадигмы в образовании, появлением принципиально новых моделей объяснения природных процессов, построение единой научной картины мира. Важной задачей высшего образования становится подготовка специалистов, обладающих целостным мировоззрением, целостным мировосприятием, мироощущением. Для достижения целостного образования, создания в сознании человека целостного образа мира необходим синтез естественнонаучного и гуманитарного знания, поэтому в образовательном процессе естественные и гуманитарные науки не должны быть жестко разделены. Качественные изменения в образовательном процессе вуза представляют собой сложный процесс и связаны, во-первых, с изменением содержания и методики преподавания учебных предметов и, во-вторых, с изменением статуса участников учебного процесса, принципиально иной способ и иной уровень обучения. В образовательном процессе должны доминировать такие научные знания, методы и средства обучения, которые определяют формирование целостного мировоззрения личности будущего специалиста [5].

Культурно-антропологическое направление парадигмальных изменений современного образования обуславливает переход от приоритетности рассмотрения знаний, умений и навыков в качестве основной цели образования к формированию всесторонне и гармонично развитой личности. Важнейшим методологическим условием реализации культурно-антропологического направления в современной системе образования является идея единства и взаимодополняемости образования и культуры: трактовка образования как формы трансляции культуры и реализации ее потенциала, а трактовка культуры как важнейшего условия развития личности и совершенствования образовательного процесса. Теоретическое осмысление закономерного характера взаимосвязи человека, образования и культуры позволяет говорить о перспективности и продуктивности культурно-антропологического направления парадигмальных изменений современного образования.



Список использованной литературы

1. Ямбург, Е.А. Гармонизация педагогических парадигм – стратегия развития образования [Текст] / Е. А. Ямбург // Учительская газета. – 2004. – № 12. – С. 8–12; № 14. – С. 6–8.
2. Бондаревская, Е. В. Парадигма как методологический регулятив педагогической науки и инновационной практики [Текст] / Е.В. Бондаревская // Педагогика. – 2007. – № 6. – С. 3 –10.
3. Ананьев, Б.Г. Человек как предмет познания [Текст] / Б.Г. Ананьев – Санкт-Петербург.: Питер (Серия мастера психологии), 2001. – 288 с.
4. Ляудис, В.Я. Методика преподавания психологии [Текст]: учебное пособие / В.Я. Ляудис. – Москва: УРАО, 2000. – 128 с.
5. Afonina, R. The problem statement of projecting of pedagogical system of the science education in the liberal arts university [Text] / R. Afonina // Innovations in education / ed. by I. Kaufer. – Vienna, 2015. – P. 110–137.

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДЕ САБАҚ ЖҮРГІЗУДІҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Ташибаев Қ.У.

Орталық Қазақстан Академиясының қылмыстық құқық және процесс кафедрасының профессоры

Ташибаева А.К.

Б. Бейсенов атындағы ҚР ІІМ Қарағанды Академиясының Ғылыми зерттеу институтының аға ғылыми қызметкері, полиция подполковнигі, заң ғылымдарының кандидаты

Түйіндеме

Мақалада мемлекеттік тілде сабақ жүргізудің кейбір мәселелері, соның ішінде қылмыстық-процессуалдық құқығы баяндалады. Алғашқы жылдары, яғни 1990 жылдар басында мемлекеттік тілде сабақ жүргізу туралы оқулықтардың, монографиялық еңбектердің, әдістемелік құжаттардың жетіспеуіне, тіпті жоқтығына байланысты елеулі қиындықтардың туындағаны белгілі, бірақ Орталық Қазақстан Академиясының ұстаздар қауымы тиісті құқық салалары бойынша оқулықтар жазып, мемлекеттік тілде сабақ жүргізу мәселесін айтарлықтай шеше білді. Сонымен бірге мақалада қылмыстық процесстік құқық нормаларын оқу барысындағы студенттердің міндеттері анықталған, атап айтқанда студенттердің ғылыми деректерді өз бетінше іздеуі, өңдеуі және игеру тәсілдерін білуі, қылмыспен күресу саласындағы мемлекеттің саясатын білуі және т.б.

Аннотация

В данной статье обсуждаются некоторые проблемы преподавания учебных дисциплин, в том числе уголовно-процессуального права на государственном языке. В первые годы, то есть в начале 1990 года, в связи с отсутствием учебников, монографических работ, различных методических указаний преподавание на государственном языке породило определенные трудности, однако профессорско-преподавательский состав Центрально-Казахстанской академии начали писать учебники, учебные пособия на государственном языке и проблемы преподавания учебных дисциплин стали решать на соответствующем уровне. Вместе с тем в статье определены задачи студентов при изучении норм уголовно-процессуального законодательства, а именно на основе самостоятельного поиска находить научные факты, глубокое усвоение изучаемого материала, умение применять их на практике.



Annotation

This article discusses some problems of teaching subjects, including criminal procedure law in the state language. In the early years, that is, in early 1990, due to the lack of textbooks, monographs, various methodological guidelines, teaching in the state language caused certain difficulties, but the teaching staff of the Central Kazakhstan Academy began to write textbooks, manuals in the state language and the problems of teaching disciplines began to solve at the appropriate level. At the same time, the article defines the tasks of students in studying the norms of criminal procedure legislation, namely, on the basis of an independent search to find scientific facts, the deep assimilation of the studied material, the ability to apply them in practice.

Тірек сөздер: құқық қорғау органдары, Фемида, кәсіби біліктілік, мемлекеттік тіл, білікті маман.

Білім мен ақпаратқа үстемдік құрған қоғамда білім беру жүйесі инновациялық экономиканың негізгі бөлігі болып табылады. Бүгінгі күні қазақстандық білім жүйесі іргелілік және сапалылық қасиеттерін сақтай отырып, нарық заңдылықтары негізінде ілгері жылжу үстінде.

Бұл мәселе бойынша Н.Ә. Назарбаев «Білім реформасының басты көрсеткіші - біздің еліміздің белгілі бір бағытта білім алған және біліктілікті меңгерген әрбір азаматының әлемнің кез келген елінде қажет маман ретінде танылатын деңгейге жету» деген еді.

Құқықтық мемлекет концепциясында барлық мемлекет органдарының қызметін түбегейлі қайта құру жөніндегі негізгі міндеттер пішінделген және кәсіби білімі жоғары қызметкерлер корпусын қалыптастыру мақсаты айқындалған. Мұның өзі қылмыстық ізге түсу органдарында қызмет жасайтын лауазымды адамдардың білімдері терең, кәсіби деңгейі жоғары болуын талап етеді.

Қылмыстық процесс құқық қорғау органдарының тергеу және жедел іздестіру аппараттарында қызмет жасайтын маман-заңгерлерді дайындауға зор әсер ететін салалық, арнайы және маңызды оқу пәні болып саналады.

Қылмыстық процестік құқық қылмыстық іс жүргізу қызметін жүзеге асыру барысында студентердің кәсіби біліктілігінің тереңділігін қамтамасыз етеді, білімдерін толықтыруға, әрдайым жаңартып отыруға, шыңдай түсуге ықпал жасайды, болашақта заң саласында қызмет жасайтын мамандарды құқықтық демократиялық мемлекеттің заңдарын құрметтеу көзқарасын қалыптастыруға тәрбиелейді.

Біздің Орталық Қазақстан Академиясын бітірушілердің кәсіби біліктілік деңгейі мынандай сипаттамалармен анықталады:

1) қылмыстық іс жүргізу теориясының мәселелерін, алдын ала тергеу органдарының, прокуратура мен соттың қылмыстық іс жүргізу қызметінің



мәнін, сондай-ақ заңдар мен ведомстволық нормативтік актілердің талаптарын нақты білумен;

2) құқық қорғау органдарының тергеу және жедел іздестіру аппараттарының практикасында туындайтын әдеттегі жағдайларда, жақсы меңгерілген әдістер мен шеберлік көрсете отырып, қылмыстық іс жүргізу құқығының нормаларын қолданумен;

3) анықтама және алдын ала тергеу жүргізу барысында іс жүргізу құжаттарын жасаудың шындалған тәжірибелік дағдысын игерумен.

Қылмыстық процестік құқық нормаларын оқу барысындағы студенттердің міндеттері:

1) ғылыми деректерді өз бетінше іздеу, өңдеу және игеру тәсілдерін білу;

2) оқу барысында ғылыми ұйымдастыру тәсілдерін ұтымды пайдалана білу, сондай-ақ қылмыстық іс жүргізу теориясының дамуына, қолданыстағы заңнаманың өзгерістеріне және толықтыруларына, ішкі органының және өзге құқық қорғау органының қылмыспен күресу және оның алдын алу жөніндегі қызметтерінің стратегиясы мен тактикасын қайта құруға байланысты дербес үйрену және өз жұмысын қайта құра білу;

3) қылмыспен күресу саласындағы мемлекеттің қазіргі саясатын игеру, алдын ала тергеу органдары, прокуратура мен сот күрес жүргізетін қылмыстардың алдын алу тәсілдерін игеру.

Қазақстанда тіл туралы бірінші заң 1989 жылы 22 қыркүйекте қабылданды.

Содан бері тіл туралы, мемлекеттік тіл туралы айтылған, жазылған сөздер, оның ішінде біздің ортада айтылған сөздер аз болмады. Заманында тілдің қамын жеген болып, алдамшы саясаттың шаңын қақтық. Сөйлей-сөйлей тілдің өзін мезі қылдық.

Біздің ойымызша қазақ тілінің көсегесін көлденең көк атты көтермейді, оның көсегесін көтеретін, абыройын арттыра түсетін мына біз, қазақ тілінде сабақ беретін ұстаздар.

Біз осы кішкентай ғана мақалада қазақ тілінде сабақ беретін оқытушы – процессуалистердің алдында тұрған қиыншылықтардың кейбіреулерін ғана атап өтеміз.

Нарықтық экономика бүгінгі күннің талабына сай келетін, іс жүзінде кездесетін мәселелерге тәуелсіз, өз бетімен талдау жасап, олар туралы дұрыс шешім қабылдай алатын жоғары білімді мамандардың болғанын талап етеді. Заман талабына сай, маманның ғылыми теориялық білімі терең болуы қажет, өз алдында білім игеріп, оны ардайым жаңартып отыруға тиіс, жаңа технологиялар мен жұмыс әдістерін меңгеруі қажет. Біз теңдесі жоқ тездету заманында, мәліметтердің үздіксіз нығызданып қатаюы кезінде өмір сүріп жатырмыз. М. Шиман өзінің «Үшінші мыңжылдыққа» атты кітабында «Ғылымның дамуы сондай шапсаң, біз әрбір 8-8,5 жылда білімімізді жаңартып отыруымыз қажет. Сегіз жыл өткеннен кейін біздің барлығымыз сауатсызбыз, сондықтанда қайта оқуымыз керек», – дейді. Ғалымдардың айтуы бойынша



жиырманшы ғасырдың сексенінші жылдары әрбір екі жылда білім деңгейі екі есе өсіп отырса «ал тоқсаныншы жылдары ол жыл сайын өсіп отырған. Сол себепті білім беру әдістері мен нысандары кейде стандарттан тыс жаңартылып отыруы керек.

Грек мифологиясы бойынша сот төрелігінің құдайы, – Фемида, әділдік пен тұрақтылықтың символы. Сот төрелігі құдайының көздері таңылған (әділдік символы), қолында молшылық мүйізі мен таразы бар. «Сот төрелігінің құдайы бір қолына таразы ұстап, оған өлшейтіні құқық болса, ал екінші қолында ұстаған семсермен оны қорғап тұрады. Семсер таразысыз жалаңаш зорлық, ал таразы семсерсіз құқықтың әлсіздігі, дәрменсіздігі» [1].

Біз өзіміздің Академияны бітірген түлектерімізді заңдылық пен қоғамдық тәртіпті қатал сақтайтын, Фемиданың әділ қызметкерлері ретінде, бүгінгі күннің талаптарына сай келетін жоғары білікті маман ретінде көргіміз келеді.

Академияның қылмыстық құқық қылмыстық іс жүргізу кафедрасының жұмыс жасауы қазіргі кезде жаңарып жатқан оқу процесін іс жүзінде жүзеге асыруға және бүгінгі күн тәртібінде тұрған талаптармен байланыстыруға мүмкіндік береді. Барлық оқу жұмыстарын ұйымдастыру мен жоспарлау студенттердің құқық, заң жөнінде күрделі терең білім алуына, олардың өмірде кездесетін жағдайларды танып білу қабілеттілігін, еңбек дағдысын шыңдауға бағытталған. Кафедрада заң білімі жөніндегі Мемлекеттік стандарттың негізгі талаптарына сәйкес және заң туралы кейбір мәліметтерді, әлеуметтік – экономикалық мәселелерді есепке ала отырып, әрдайым оқу процесіне тиісті өзгерістер енгізіліп отырады. Оқу жоспары мен оқу процесіне жаңа тараулар мен тақырыптар, арнайы курстар, интернет жүйесіне қосылған компьютерлер, іс қағаздарын жүргізу негіздері, семинар мен тәжірибе сабақтарының жаңа түрлері-баспасөз конференциясы, дөңгелек үстел, іскерлік ойын, қылмыстық істер бойынша іс жүргізу және тағы басқа түрлері енгізілген.

Қылмыстық құқық және қылмыстық іс жүргізу кафедрасының ұстаздары, сабақты қазақша беру дегенімізді «жүре түзелетін көш» деп есептеп, етекпен тартқан қиындықтарға қарамай, қазіргі Академия, бұрынғы Фемида институты құрылғаннан бастап мемлекет тілінде сабақ жүргізіп келеді.

Содан бері кафедра оқытушыларының ұстаздық қызметтегі еңбектері айқын көрінеді.

Бүгінгі таңда біздің кафедрада оқылатын барлық пәндер бойынша орыс тілімен қатар мемлекеттік тілде жүргізіледі.

Қазақ тілінде сабақ беру тәсіліне арналған кафедра мәжілістерінде әр-уақытта сабақ беру қандай шеңберде, қандай деңгейде болуы керек деген мәселелер талқыланады. Біздің кафедра ұстаздарының пікірі бойынша, қазақ тілінде сабақ беру, өзінің оқулық міндетінен басқа, өз халқын таныту, елін құрметтеу, қазақ халқының өзіне тән ерекшеліктерін білдіру мақсатын көздейді.

Қиындық туғызын отырған кейбір мәселелерге тоқтала кетейік:

Бірінші, қазіргі уақытта қазақша сабақ беріп жүрген ұстаздар өздерінің ой-өрісіне, біліміне, тәжірибесіне байланысты жұмыс жасап жүр. Олардың



сабақ беруін, сол сабақтың сапасын, кафедра, деканат тереңірек тексеріп, қадағалап отырса дұрыс болар еді.

Академияның әдістемелік Кеңесінің жұмысын жандандыру қажет. Менің ойымша, осы әдістемелік Кеңес тағайындаған сарапшылар, кафедра дайындаған лекциялар мәтініне, семинар, практикалық сабақ жүргізуге арналған жоспарларға, әдістемелік басқа да оқу құжаттарын саралап баға берулері керек. Тек сонда ғана оқу жұмыстарына қойылатын талаптардың бірізділігі қамтамасыз етіліп, қателіктерді, кемшіліктерді жоюға болады.

Тәжірибелі мамандар лекцияның мәтінін музыканың нотасымен салыстырады, ал лекция оқуды (оның естілуін) лектордың дауысынан әсем ән естілгендей әсер ету деңгейінде болу керек деп санайды.

Екінші, кейбір студенттер қазақ тілін нашар біледі. Орта мектепті, сірә, орысша бітіргендер болуы мүмкін, бірақ біздің академияда, бір жеңілдік болар деген оймен, қазақ топтарында оқып жүр.

Олар қазақша жаза алмайды, жазса да, өте нашар жазады. Қазақша сөйлеу деңгейі де сондай. «Қаз үйрек боп талтандап жүрем деп, шатын айырыптының» кебін кигендер.

Олардың ана тілінде нашар сөйлеуі, ана тілін жеткілікті білмеуі бір жағынан өздерінің кінәсі, екінші жағынан, заман ағымының салдары. Сол себепті ондай студенттерге көмектесу қажет, ана тілін игеруге талпынған қадамдарың жемісті болсын деп, ынталарын қолдау керек. Меніңше, осындай студенттерге тіл кафедрасының пайдасы тиюі керек. Тіл кафедрасы, қазақ тобында оқып жүр деп, оларға көп көңіл бөле бермейді. Академияда тіл кафедрасы шеңберінде, «Тіл және сөз өнері» – (шешен сөйлеу өнері) деген арнайы курс (пән) ашылса. Онда қазақ тілі терең зерттеліп, сөз өнері, шебер сөйлеу мәселесі үйретілсе, дұрыс болар еді. Себебі заң саласынды қызмет жасайтын адам, тек қана заңгер емес, сонымен бірге шебер сөйлеу маманы.

Көсем ойлы, тапқыр тілді, сұңқар үнді ділмар мамандар Қазақстан аумағында демократияның жандануына, темірдей берік тәртіптің, имандылықтың, ізгіліктің қанат жаюына әсер етуі сөзсіз.

Үшінші, студенттердің өз бетімен сабаққа дайындалу процесін кім қадағалайды, «самоподготовка» деген сабаққа дайындалу түрі қалай өтеді.

Бір жағынан лектордың де қабілеттілігін байқар еді.

Сонымен бірге әрбір топта кураторлар бар, олар сабаққа сирек қатысады, қазақ тілінде оқитын студенттердің білім сапасын жеткілікті қадағаламайды.

Төртінші, мемлекет тілінде жазылған, дайындалған оқулықтарды, монографиялық жұмыстарды, өзге де әдістемелік нұсқауларды, кезек күттірмей баспадан шығару қажет. Себебі қазақ тілінде жазылған оқулықтар саны өте аз, өзіміздің кітапхана да қазақ тілінде жазылған оқулықтарды сатып алуда сараңдық танытады.

Бесінші, қазақша сабақ беретін оқытушыларды, профессор Қайыржанов Елеген Естілеуович айтпақшы, ынталандыру мәселесі шешімін тапса, оларға



материалдық көмек көрсетілсе, қазақша сабақ беру мәселесінің сапасы арта түсер еді.

«Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні бар» – дейді, осы айтқандарымызды қорыта келіп айтатыным:

Мемлекет тілінде сабақ беру мәселесі біраз жылдар ішінде үлкен-кіші басқосуларда жан-жақты пікір алмасу болды, істеген жұмыстарымызға, жазылған әдстемелік нұсқауларға, жалпы іс-тәжірибемізге сын көзбен қарадық, алға басудың жолдарын іздедік, біраз тәжірибе жинадық.

Бүгінгі күні біраз жерге жетіппіз, ісіміз алға басын десек «кешегілердің еңбегін елемесек, бүгінгілердің көңіліне қарамасақ, ертеңгілерді қайдан қарқ қыламыз» – деген даналықты естен шығармай, білек түріп іске кірісейік.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Иеринг Р. Борьба за право. М., 1907.— С.17.



МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІҢ ҚОҒАМДАҒЫ ҚОЛДАНЫС АЯСЫ

Шахина С.Ж.

Қарағанды медицина
университетінің доценті
филология ғылымдарының
кандидаты, доцент

Мемлекеттік тіл туралы мәселе тек бүгінгі күннің ғана емес, қазіргі қоғам өміріндегі ең өзекті мәселенің бірі екендігі баршаға аян.

Тарих тәжірибесіне көз жіберсек, ертеңіне үміт артқан ел барлық уақытта да ең алдымен тілін, сол арқылы жасалатын ұлттық рухани құндылықтарына көңіл бөлген. Халқының рухын көтеріп, тарихтың талай тайғақ асуларынан таймай өтіп, болашақтың баспалдақтарымен биіктеген қазақ халқы да тәуелсіз ел болып, көк байрағын желбіретіп, тәуелсіз өмір сүруде. Қазақ тілін мемлекеттік тіл деп жариялаған қазақ елі ұлттың мемлекетін құрып, жер жүзіне таныла бастады. Қазақпен бірге оның тілі, әдебиеті, мәдениеті мен өнері де басқа елдерге танылып, әлемдік өркениеттен өз орнын табуға ұмтылуда. Бұл тұрғыда елімізде тіліміздің қоғамдық ролін арттыру мақсатында да көптеген істер атқарылуда. Мұндай істерден өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін оқытып - үйрету мәселесі де қалыс қалмай, қазақ тілі пәні оқытушылары тарапынан да сан-салалы іс-шаралар жүргізіліп жатыр. Алайда, мемлекеттік тіліміздің қоғамдағы ролі мен оның қолданыс аясы қандай деген сұрақтар туындағанда, кімнің де болса ойланып қалатыны анық.

Дүние жүзінде халық та, соған орай тіл де көп. Неміс ғалымдарының соңғы мәліметтеріне қарағанда, дүние жүзінде шамамен 5661 тіл бар. Соның ішінде 4200-і – жеке, дербес тілдер. Ал 1400-ден астамы дами алмай қалған, бұл күнде қолданыстан шыққан, яғни өлі тілдерге айналып кеткен тілдер.

Қазіргі кезде күнделікті өмірде қолданылып жүрген, сөйлеуші халқы бар тілдер тірі тілдер деп аталады. Қазақ тілі – тірі тілдердің қатарына жатады. Кез-келген тіл адамдар үшін, өзінің ортасы үшін, яғни қоғам үшін қызмет етеді. Зерттеушілердің пікірлеріне сүйенсек, тіл дегеніміз – адамдар арасындағы пікір алысу, өзара түсінісу құралы болса, сөйлеу дегеніміз – сол тілді пайдалана білудің әр түрлі амалдары мен жолдары, тәсілдері [1,307].

Қазіргі қазақ тілінің жай-күйін байқау үшін мына бір әлеуметтік сауалнама нәтижелеріне назар аударайық. Бүгінгі таңда қазақтардың 60 пайызы үй-ішілік қарым-қатынастарда қазақша, 11 пайызы орысша, ал 27 пайызы екі (қазақша, орысша) тілде сөйлейді екен. Ал, орыс азаматтарының 0,7 пайызы ғана отбасында қазақша, 1 пайызы екі тілді қатар қолданады екен. Ал қазақтар ең көп тұратын Оңтүстік Қазақстан облысында тұратын тұрғындардың 50 пайызы ғана ана тілін күнделікті пайдаланса, Солтүстік Қазақстанда



қазақтардың 67 пайызы екі тілде сөйлейді екен. Бұған қарап, Қазақстанда тұратын басқа ұлт өкілдерінің қазақ тілін қаншалықты дәрежеде қолданатынын болжау қиын емес.

Қазақ тілін ең аз қолданатын қандастарымыз астанамыз - Астанада. Қазақ қоғамының болашақ даму бағыттарын айқындап, жол көрсетіп отыратын астанамыздағы қазақ тілінің хал-ахуалы кімді де болса ойға қалдырмай қоймайды. Билікті басқарушы, қоғамды алға апаруға жауапты адамдар, яғни басшылардың 90 пайызы, кәсіпкерлердің 68 пайызы орыс тілінде еркін сөйлеп, қазақ тілінде күмілжиді екен [2,12].

Мемлекеттік тілдің әлемдік тәжірибесіне көз жіберсек, басқаша жағдайды көреміз. Басқа тәуелсіз елдерде тұрғылықты халықтың тілі мемлекеттік тіл ретінде қоғамдық өмірдің барлық салаларында қатаң түрде қолданылады. Мысалы, Иранда парсы ұлтының үлесі халықтың үштен бірін құраса да, парсы тілі-бірден-бір мемлекеттік тіл. Мұның басты себебі – Иран мемлекеті парсылардікі, мемлекет парсылардың ұлттық мүддесіне ғана қызмет етеді.

Ойлануға тұрарлық тағы бір мысал келтіре кетейік. Қай бір жылдары Түркияның Сыртқы істер министрі Тансу Чилер Жапонияға барған ресми сапары кезінде журналистермен кездесіп, өзіне қойылған сұраққа түрік тілінде емес, ағылшынша жауап бергені үшін жапондықтар оған түрік тілінің тіл туралы заңын бұзды және Түркияның беделіне нұсқан келтірді деп кіналаған екен [2,15].

Көрші отырған Өзбекстан астанасы Ташкентте тұратын барлық ұлттар тек өзбек тілінде сөйлейді [3,8].

Осы орайда, тілдердің генеологиялық классификациясы бойынша жеке-дара топқа жататын, дүние жүзінде ешбір тілге ұқсамайтын, әлемдік 6 тілдің қатарына (ағылшын, француз, орыс, испан, қытай, араб) жатпайтын жапондықтардың жапон тілін ана тілі ретінде қабылдаушылардың саны қазіргі кездегі санақ бойынша 110 млн-ды құраса, Жапонияда осы тілді жалпы пайдаланушылар саны 150 млн-ды құрайды екен. Таңданбасқа және сүйсінбеске шара жоқ! Бұған қарап, біз сөз етіп отырған халықтың мемлекеттік тіл мәртебесінің ең жоғары мәртебе болып саналатындығын байқаймыз.

Көрші отырған Өзбекстан астанасы Ташкентте тұратын барлық ұлттар тек өзбек тілінде сөйлейді [3,8].

Келесі кезекте өзіміздің күнделікті өмірімізден мысалдар келтірмекшімін. Мұны қазіргі уақытта халық жиі баратын ұлттық , халықтық және т.б.банктердің әкелген жаңалықтары деуге болады. Атап айтқанда, кез-келген адамға банкоматтан ақша алу кезінде үш тілдің біреуін таңдау (қазақша, орысша, ағылшынша) керектігі көрсетілген. Осы орайда, тағы да статистикаға сүйенсек, халықтың басым көпшілігі, *тіпті қазақ тілін білетіндердің өздері орыс тіліндегі түймені басып*, керекті қаражатын алады екен. Анығында, мемлекеттік тілді қанша адам қолданатынын осы банктің «Банкомат» жүйесі арқылы да анықтауға болатынын көпшілік біле бермейді. Көріп отырғанымыздай, қорытындысы көңіл көншітерлік емес.



Дәл осындай олқылықтардың көшедегі қоғамдық көліктерде, қоғамдық қызмет көрсететін мәдениет ошақтары саналатын кітапханаларда, театрлар мен спорт сарайлары және т.б. көпшілік орындарда жиі қайталанатынын көзімізбен көріп жүргеніміз жасырын емес. Тағы бір мәселе-бүгінгі ғаламторда хат жазысқан жастар тілінде қолданылатын жаргондардың еріксіз таң қалдыратындығы. Тілімізді шұбарлау өз алдына, қазақша жазылған сөйлемдердің мағыналарын түсіну оңайға соқпайды. Мұның арты жаһандану үдерісінде «жасанды тілдің» қалыптасуына әкеліп соғуы мүмкін деген ойға жетелейтіндігін жасырмаймыз. Бұдан келіп, тілдік мәдениет, құзірет (языковая компетенция) деген мәселе туындайды. Мұның мағынасы тілді сырттан енген жаргон және басқа тілдің сөздерімен шұбарламай, таза сөйлеу дегенді білдіреді. Жалпы алғанда, қазіргі кезеңдегі тілдік мәдениеттің осындай жағдайда екендігін ешкім жоққа шығара алмайды. Алайда, бұл мәселені біле тұрып, ресми үлкен жиындарда сөз сөйлейтін алдыңғы ұрпақ ағалардың «қазақ тілінде таза сөйле» деген ескертуін сирек еститініміз жасырын емес.

Сөзімізді қорытындылай келе, бүгінгі қазақ тілінің келешегі үшін, мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту ісін өзімізден бастағанды жөн деп санаймыз.

Біздіңше, толғағы жеткен жайттар ретінде алдағы уақытта мынадай көкейтесті мәселелерге назар аудару керек сияқты.

Психологтардың пікіріне сүйенсек, тілдерді үйрену үшін тілдік орта керек [3,9]. Қазақстанда тұратын өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін меңгеру онша қиындық келтірмейді. Оның себебі, біріншіден, тілдік орта бар. Екіншіден, қазақ және орыс тілдері әр түрлі семьяға жататын тілдер бола тұра, ежелден бері көрші отырғандықтан, көптен бері қарым-қатынасқа түскендіктен, қазақ отбасыларымен етене араласып, халқымыздың мәдениетін, салт-дәстүрін біліп, бірге жасасып келеді. Егер адам тілдік орта бар жерде өмір сүрсе, ол тілді тез қабылдайды. Мұндай қабылдау - өзінен-өзі пайда болатын (яғни, автоматты түрде) әдеттенген қимыл.

Ендеше психологтардың «белгілі бір тілді үйренуде лингвистикалық (фонетикалық, грамматикалық) заңдылықтарды толық біліп шығу міндетті емес, тіл үйренушінің тілді өзінен-өзі пайда болатын түрінде үйренуі дұрыс» деген пікірлері де осыған саяды.

Айналадағы адамдар тобының (ұжымының) белгілі бір тілде сөйлесуі тілдік ортаны қалыптастырып, сол тілдің қарым-қатынас құралы болу функциясын арттырады.

Жоғары оқу орындарында білім алып жатқан студенттердің де өз ортасы, тілдік ортасы бар. Білім беружүйесі екі (немесе үш) тілде жүргізілетіндіктен, қазақ және орыс тілді ортаның болуы заңдылық. Бүгінгі студент - ертеңгі маман ретінде қоғамның түрлі саласында қызмет ететін, экономикамыздың ары қарай көркеюіне атсалысатын жастар ұжымы.

Қорыта келгенде айтарымыз, бүгінгі қоғамымызда тіл үйренушінің практикалық дағдысын қалыптастырудың маңызы артып отыр.



Студенттердің аудиторияда алған білімін әрі қарай дамыту үшін олардың қазақ тілді ортамен араласып, қарым-қатынасқа түсуі қажет.

Бұған барлық мүмкіндік бар, бәрі өзіміздің қолымызда. Әсіресе, қазақ тілді студент жастарымыз өзге тілді тіл үйренушілермен қарым-қатынас жасау барысында көпшілік қоғамдық орындарда, атап айтқанда, көшеде, көлікте, университет ішінде, кітапханада, спорт алаңында, асханада және т.б. жерлерде қазақша сөйлесіп, қал сұрасып жатса, олардың қазақша сөйлеу дағдыларының қалыптасуына белгілі бір дәрежеде ықпал етіп, өз септігін тигізіп жатса, тілдік ортамыздың аясы бұдан әрі кеңейіп, мемлекеттік тіліміздің мәртебесі арта берер еді деген ойдамыз. Ендеше, бүгінгі жастардың бұл іске белсене кірісулері керек.

Сөзіміздің соңын Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың мына бір ұлағатты сөзімен аяқтаймын: «Сіздер біздің саясатымыз турал - 2025 жылға қарай қазақстандықтардың 95 пайызы қазақ тілін білуге тиіс екендігін білесіздер».

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

- 1.Ә. Хасенов. Тіл білімі. – Алматы, 1996.
- 2.«Тіл және қоғам» № 4 (36) 2014
- 3.«Дәстүр» №1(50), қаңтар-ақпан, 2017 жыл.

КӨНЕ ТҮРКІ ЕСКЕРТКІШТЕРІ МЕН ЖЫРАУЛЫҚ МҰРАЛАР ТІЛІНДЕГІ ЭТНО-МӘДЕНИ МАЗМҰН САБАҚТАСТЫҒЫ

Ескеева М.Қ.,

Филология ғылымдарының
докторы, Л.Н. Гумилев атындағы
ЕҰУ

Белгілі бір кезеңдегі тілдің құрылымдық ерекшеліктерін, танымдық-семиотикалық, ақпараттық-кумулятивтік және коммуникативтік-функционалдық мүмкіндіктерін көрсететін жазба мұралар да ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан ауыз әдебиеті үлгілері де тарихи-лингвистикалық дерек ретінде тіл иесі-халықтың дүниетанымы мен дара болмысын сипаттайды. Сондықтан түркі жазба ескерткіштері мен эпикалық-жыраулық мұраларын *тіл↔адам↔мәдениет* триадасының сабақтастығында зерделеу – жалпыадамзат өркениетіндегі түркі өркениетінің мәртебесін айқындауға септігін тигізетін өзекті мәселе.

Дыбыс жүйесін дәл бейнелейтін төл әліпби жүйесінің қалыптасуы ұзақ хронологиялық мерзімді қамтитын лингво-граммотологиялық үдеріс, сақ дәуіріне тән шағын жазу үлгілерінің табылуы да түркілердің жазба дәстүрі YI ғасырға дейін-ақ орныққанын куаттайды. Түркілердің жазба мәдениетіндегі «тасқа қашау дәстүрі» ежелден келе жатқан граммотологиялық амал екенін ауыз әдебиеті үлгілерінің мазмұнынан да аңғаруға болады. Мәселен, Алпамыс батыр жырында:

Ақ шатыр мен көк шатыр,
Баратын тура жол жатыр.
Аяғының астында,
Тақтай тастың бетінде,
Жазылған **таста хат** жатыр.
Хатқа бала қараса,
Іші толған тамаша,
Талай-талай кеп жатыр...
Тасқа қалам басады,
Алпамыс деп ат жазып,
Өзінің атын қосады.

(АБ,24-25), - деген шумақтар кездеседі. Жол жүріп келе жатқан Алпамыстың тасқа жазылған хат тауып алуы, тасқа жауап жазып қалдыруы «тасқа жазу дәстүрі» түркілердің әлеуметтік өмірінде кеңінен қолданыста болғанын дәйектейді. Тасқа қашап жазу біріншіден, түркілердің жартылай көшпелі өмір салтына байланысты болса, екіншіден, олардың ақпаратты ұзақ мерзімге жеткізу мақсатын көздеген саналы шешімі.



Уақыт көшіндегі белгілі бір этностық қауым ұрпақтарының рухани-мәдени даму деңгейлері олардың жазба тілінен ғана емес, ауызша тілінен көрініс тауып отырады. Әрбір ұрпақтың өзіндік ерекшеліктерімен қатар стереотиптік қалыпқа түскен көне белгілердің сақталып отыруы ауызекі тілдік койненің ақпараттық әлеуеті мен әмбебаптық сипатын көрсетеді. Ауызекі тілдің әмбебаптық сапасы жазба тілдің құнарлы да бай болуына, ұрпақ санасына сіңімді болуына қызмет етеді. Ежелгі түркі тайпаларының шешендік дәстүрімен сабақтастықта дами отырып, өмірлік тәжірибеден сұрыпталып, қорытылған, ортақ қолданыстағы ауызша әдеби тілі көне түркілердің жазба тілінің қалыптасуына негіз болғанын қазіргі түркі ауыз әдебиеті үлгілері, тарихи-шежірелік дастандар тілі дәйектейді.

Жазу мәдениеті үздіксіз жалғасып отырған халықтар өздерінің әдеби тілін жазба тілмен тікелей байланыстырады. Орыс әдеби тілі жайлы А.И. Горшков “әдеби тіл - жазба тіл, сол жазу, жазба әдебиет арқылы жалпы халықтың тілдің өңделген стильдік тармақтары қалыптасады, жазусыз әдеби тіл болмақ емес” [1,14] деген пікір айтады. Ал жазба дәстүрі белгілі бір қоғамдық-әлеуметтік себептерге байланысты тарихи желісін үзіп алған, ауыз әдебиеті бай түркі халықтарының әдеби тілін тек жазба тілмен ғана шектеуге болмайтыны белгілі. Қазақ ғалымы М. Балақаев жазба әдебиет арқылы тіл байлықтары, оның құрылысы, сымбаты қалыпқа түсіп екшелетінін көрсете отырып, сөйлеу тілінің де әдеби түрі болатынын атап айтады [2,11].

ҮІ-ІХ ғасыр түркі жазба тілінің деректері көне түркілік ауызша койне негізінен екі тілдік бастаулардың - оғыздық және қыпшақтық бастаулар аралығында қалыптасқанын көрсетеді. Түркілердің руникалық жазуының пайда болуы мемлекеттік бірлестіктердің құрылуына байланысты ауызекі тілдің белгілі дәрежеде әдеби норма құқықтарына иеленуіне, ресми-мемлекеттік тіл дәрежесін алуына ықпал етті. Көне түркі жазбаларының тілдік деректері көрсеткендей, көне түркілік қоғамның жалпы жазбаша әдеби тілі көлемді Орхон ескерткіштерінде кеңінен көрініс тапқан стилистикалық тұрақтылық сапасымен сипатталады. Түркі руникасының қалыптасуымен бірге пайда болған түркі жазба дәстүрі жыл өткен сайын сұрыпталып, ауызша тілдің ерекшеліктерін қамти отырып, Еуразия құрлығының кең-байтақ аумағын алып жатқан суперэтнос – түркілердің барлық ру-тайпаларына ортақ, жалпыхалықтық жазба тілге айналды.

Орхон-Енисей мұраларының жанрлық сипатын поэзиялық туынды ретінде айқындаушы көзқарастар да бар екені белгілі (И.В Стеблева т.б.). Әйтсе де, ескерткіштер мәтініндегі сөйлемдердің қара сөзбен жазылғанын аңғару қиын емес. Бұл жөнінде Қ. Өмірәлиев “Орхон ескерткіштерін “түркі поэзиясы” деп тану – бізге жеткен дүниені түркі халықтарының сөз мәдениетінің басы деп түсінуден туған қате пайымдаулар. ”Күлтегін”, Тонукук” – поэзия да, творчестволық өлең-жыр да емес. Олар, жұрт айтқандай поэма да емес, түркі қағандары мен батырларының ерлік жорықтарын баяндайтын көркем тарихи шығарма, баяндау үлгісіндегі тарихи әңгіме” деген көзқарасын білдіреді [3,21-



22]. Көне түркі жазбалары мен қазақтың жыраулық мұралары жанрлық тұрғыдан ажыратылғанымен, тілдік ұжымның саналы әрекетінің нәтижесінде қоғамдық салада жинақталған дүние-әлем туралы білім қорын сипаттайтын мәдениетанымдық-ақпараттық қызметі бір арнаға тоғысады. Соған орай көркем де бейнелі тілдік жүйеге құрылған стильдік қолданыстары да сәкес келіп жатады. ҮІ-ІХ ғғ. түркі жазба ескерткіштері мен ХҮ-ХҮІІІ ғғ. жыраулар поэзиясындағы дүниетанымдық сабақтастық ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, ұласып жатқан тілдік сананың әлеуетімен өлшенеді. Осындай тілдік дәстүр жалғастығын герман руналық жазбалар тілі мен гомер поэзиясының эпикалық дәстүрінен, көне орыс эпосы мен ежелгі орыс жылнамалары тілінен де аңғарылатыны белгілі.

Орхон ескерткіштерінің де, жыраулық мұралардың да негізгі идеясы – қағандардың немесе қазақ хандарының іс-әрекеті арқылы халықтың санасын оятуға, түркі халқының немесе қазақтардың елдігін, бірлігін сақтауға, қасиетті жер-суын немесе туған елін қадірлеуге, тәңірлік дүниетанымның немесе ислам дінінің ұстанымдарын сақтауға бағытталады. Ескерткіштер тілінде *Тәңір* теонимі қатысатын дайын формулалық сөйлемдердің жиі қолданылуы көне түркілердің діни дүниетанымының беріктігін, өмірлік ұстанымдарының айқындығын сипаттайды. Ислам дінінің орнығуына орай жаратушы ие – *Тәңір* атауын арабтық *Алла*, парсылық *Құдай* теонимдері ығыстырғанымен қазақ халқының лексикалық қорында «*Тәңірі жарылқасын*», «*Тәңірдің қолында*», «*Тәңірі жаратқан пенде*», «*Тәңірдің сыйы*», *Хан Тәңірі*, *Тәңірберген* т.б. тәрізді *täñir* теонимі арқылы жасалған тіркестер мен оралымдардың, антропонимдер мен топонимдердің сақталуы Тәңірлік танымға негізделген дүниетанымның іздері қазақтар санасынан да берік орын алғанын көрсетеді. Қазақтар ұғымында да Тәңір - Құдіретті Күш. Шалкиіз жыраудың (1465-1560 ғғ.):

Батыр болмақ сойдан-дүр,
Жалаңаш барып жауға ти,
Тәңірі өзі біледі,

Ажалымыз қайдан-дүр(ОҒЖ,127) - деген өлең шумақтарының мазмұны да қазақ танымындағы Жаратушы ие формуласын *Ақиқат ↔ Тәңір ↔ Құдіретті күш* моделі құрайтынын көрсетеді. Құдіретті күш – Тәңір тарту еткен қайрат-күш пен ақыл-парасатты, адами қасиеттерді сақтау, қадірін білу – адамның жердегі өмірінің мәнін, басқа тіршілік иелерінен артықшылығын сипаттайтын мазмұнын құрайды. Ежелгі түркілердің Тәңірлік идеясы ислам дінінің ғылыми-ақиқаттық негіздерімен үйлесімділікпен ұласып, қазіргі мұсылман-түркілердің діни дүниетанымының арқауына айналып отыр. Қазақ әдебиетіндегі «Зар заман» ағымының көрнекті өкілі – Мұрат Мөңкеұлының:

Жалғаншы фәни заманда,
Топырақтан жаратқан
Осы бір жүрген адамды,
Асырап, сақтап өсірген
Бір жасаған Құдайым



Он сегіз мың ғаламды (ОҒЖ,235)

- деген өлең жолдары да қазақтың діни дүниетанымындағы Тәңірліктің іздері мен Ислам дінінің ұстанымдары бір арнаға тоғысып, адамзат пен он сегіз мың ғаламның жаратылысы жайлы қазақи көзқарас қалыптасқанын сипаттайды. Көне түркілер өлімді ешбір адам баласы қашып құтыла алмайтын ақиқат ретінде таниды: *Öd teñri jasar, kisi oylı qop ölgeli törimis*. «Уақытты Тәңірі жасар, адам баласының бәрі өлгелі туған» КТү. 50 (Айд.І, 182). Дүниенің жалғандығы мен Алланың құдіреті жайлы:

Өлімнен құтылмассың қашсаң-дағы,
Атадан арыстан туып ассаң-дағы,
Аллахтан шыныменен жарлық келсе,
Жұлдыз да жерге түсер аспандағы (ОҒЖ, 167),

- деп Шал ақын жырлағандай “Өзекті жанға – бір өлімнің” ақиқатына мойынсұну қазақтар танымынан да берік орын алған. Қазақ мәдениетіндегі жоқтау айту дәстүрі, ата-бабаны қастерлеп, оның аруағын құрметтеу үрдісі де көне түркілерден жалғасып келе жатқан халқымыздың ежелгі салты. Арнайы айтылатын жоқтау сарыны да түркілік саз өнерінің бастау-көздерін құрайды.

Жалпыадамзаттық танымның әртүрлі табиғи және әлеуметтік-қоғамдық үдерістерге сай дамып, сараланып, даралануы, этностық/ ұлттық сипаттың қалыптасуына алып келеді. Барлық халықтың дара өмір-салтын, тұрмысын, мәдени-рухани құндылықтарын қалыптастыратын да, дербес ел ретінде еңсе көтеріп, өрлеу мен дәуірлеуіне демеу болатын да - ұлттық дүниетаным мен ұлттық тілдік сана. Ұлттық дүниетаным мен ұлттық тілдік сана - ұлттық

рухтың қайнар көзі, ұлттық рухтың беріктігі – мақсат-мүдделердің мүлтіксіз орындалуының, халық болашағының кепілі.

И хотя законодательством нашей страны ношение военной формы также строго регламентировано, однако общественное мнение в данном вопросе пассивно. Так согласно статьи Закона Республики Казахстан «О воинской службе и статусе военнослужащих», разрешение на ношение военной формы одежды предоставляется гражданам, безупречно прослужившим в Вооруженных Силах, других войсках и воинских формированиях двадцать пять лет и более. Нарушение требований статьи 675 Кодекса Республики Казахстан об административных правонарушениях РК «Незаконное ношение (использование) одежды со знаками различия и (или) символикой военной формы, а также форменной одежды и специального обмундирования» влечет штраф на физических лиц в размере пяти, на юридических лиц в размере двадцати пяти месячных расчетных показателей, с конфискацией одежды со знаками различия и (или) символикой военной формы, а также форменной одежды и специального обмундирования [3].

Следующей проблемой требующей безусловного разрешения является инициативный выпуск различных эмблем выпускниками военных и ведомственных ВУЗов. Зачастую, многие выпускники различных ВУЗов силовых ведомств нашей страны решив увековечить годы своего обучения в том или ином военно-учебном заведении изготавливают нагрудный знак роты, курса и.т.д. Тут то и начинается буйствовать фантазия вчерашнего курсанта совсем незнакомая с законами, основными положениями геральдической науки и вместо желаемого эффекта получается пародия на воинский символ, что в свою очередь дискредитирует данное понятие, что крайне недопустимо. Воинские символы должны быть безупречными по исполнению и наполнены глубоким смыслом, в то же время величественны и убедительны. В них закладывается глубокое идейное содержание и эмоционально-торжественный смысл. В этом плане, ощущается недостаток развития геральдической науки в Республике Казахстан. Бесспорно, что назрело создание специального органа подобного военно-геральдической службы Вооруженных Сил Российской Федерации, так как именно такой орган должен отвечать за соблюдение всех норм и стандартов военной геральдики.

Согласно Указа Президента Республики Казахстан от 18 июля 1996 г. № 3068 «О воинских символах Вооруженных Сил Республики Казахстан»



государственные органы обязаны реализовать на постоянной основе комплекс мер по пропаганде воинских символов Вооруженных Сил Республики Казахстан, формированию у граждан и военнослужащих уважительного отношения к воинским символам Вооруженных Сил Республики Казахстан [4]. Поэтому контроль за обоснованным и продуманным использованием воинских символов является задачей не только воспитательных органов, но и всего командного состава. Профессорско-преподавательскому составу военно-учебных заведений в этой связи необходимо разъяснять историю возникновения функционального и смыслового содержания наших воинских символов. Органам воспитательных структур всеми формами воспитательной работы прививать уважительное отношение к воинской символике.

Конечная цель воспитания в военном ВУЗе состоит в формировании из курсанта конкурентоспособного специалиста, с высшим профессиональным образованием, обладающего социальной активностью, высокой общей культурой интеллигента, способностью уверенно ориентироваться в быстроменяющихся условиях общественной жизни.

Поэтому, на наш взгляд, формированию высоких морально нравственных качеств будущего профессионала в вопросах уважительного отношения к воинской символике, соблюдению традиций будет способствовать:

-активная и планомерная пропагандистская работа со стороны воспитательно-идеологического аппарата по воспитанию уважительного отношения к государственным и воинским символам.

-проведение тематических мероприятий по изучению истории возникновения наших воинских символов с приглашением известных ученых из данной сферы.

-широкое использование плановых занятий в системе боевой подготовки, особенно по государственно-правовой подготовке, культурно-досуговые мероприятия и другие формы массовой работы.

-систематический контроль со стороны командиров всех степеней за соблюдением требований руководящих документов по обоснованному использованию и изготовлению всех видов воинской символики.

Таким образом скрупулезная и планомерная работа по разъяснению смысла и содержания воинской символики Вооруженных сил - формирование у курсантов патриотического сознания оказывает высокое эмоциональное, воспитательное воздействие и способствуют формированию настоящего офицера.

Список использованной литературы:

1. Бурлакова И.И. Патриотическое воспитание: от теории к практике Москва, 2015 М.: Центр «Перспектива», 2015. – 174 с.
2. Драчук В.С. Рассказывает геральдика. Издательство: Наука, - Москва, 1977. – 254 с.
3. http://kodeksy-kz.com/ka/ob_administrativnyh_pravonarusheniyah/675.htm



4. <https://www.mod.gov.kz/rus/dokumenty/ukazy/cid=0&rid=342>

Указ Президента Республики Казахстан. N 3068 «О воинских символах Вооруженных Сил Республики Казахстан».



УДК 37.01

ЕРЕСЕКТЕРДІҢ ТОЛЕРАНТТЫЛЫҒЫ - ҚОҒАМНЫҢ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ӘЛЕУЕТІ

Сейдина М.З.

докторант

Менлибекова Г.Ж.

п.ғ.д., профессор Л.Н. Гумилев

атындағы Еуразия ұлттық университеті

Түйіндеме

Мақалада ересектердің толеранттылығын қалыптастырудың теориялық мәселелері, олардан келер ұрпақтың үлгі алуы көрсетілген. Авторлар толеранттылықты білім берудің рухани-адамгершілік компоненті ретінде қарастырған.

Аннотация

В статье выражены теоретические проблемы толерантности взрослых и как последующие поколения берут с них пример. Авторы рассматривают толерантность как духовно-нравственный компонент образования.

Annotation

The article expresses the theoretical problems of adults tolerance and how subsequent generations take the example from them. The authors consider tolerance as a spiritual and moral component of education.

Тірек сөздер: толеранттылық, рухани, адамгершілік, ересектер, білім-беру

Толеранттылық заманауи қоғамдағы түбегейлі күрделі өзгерістерден ересектердің іс-әрекеттерінен көрініс тауып, болашақ ұрпақтарға жалғасын табады. Бұл - біздің бабаларымыздан мирас болып, қанымызға сіңген ізгі қасиеттеріміздің бірі. Қазақстан қайта түлеудің айрықша маңызды екі процесі – саяси реформа мен экономикалық жаңғыруды қолға алды. Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» мақаласында: «Біздің мақсатымыз айқын, бағытымыз белгілі, ол – әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына қосылу» [1] деп, аталған екі жаңғыру процесінің де нақты мақсат-міндеттері, басымдықтары мен оған жеткізетін жолдары бар екендігін, көздеген жұмыстардың бәрі дер уақытында және барынша тиімді жүзеге асырылатындығын айқын көрсетті.

Қазақстан Республикасы әлемде дамыған 30 елдің қатарына кіруде барша ұлттардың азаматтық, саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени құқықтарын



қорғауға байланысты жүзеге асырылатын шараларды халықаралық стандарттарға сәйкес жүзеге асыруда екенін айта кеткен жөн. Сонымен бірге еліміздің ішкі саясаты қазақстандықтарды түрлі діни конфессияларға деген толеранттылыққа тәрбиелеумен байланысы. Олай болса, алдағы уақытта толеранттылық біздің ересектеріміздің күнделікті өмірінің дағдысына, дәстүріне айналуы керек. Бұл, ересектердің ұрпақ алдында толерантты қоғам арқылы ұлттық болмысымызды жойып алмауымызға баса мән берілгендігі дегенді білдіреді.

Бұл әлемдегі экономикалық, саяси, әлеуметтік, діни, білім беру, оқыту, тәрбиелеу мәселелерінің рухани адамгершілік компоненті ретінде ересектердің толеранттылығын қалыптастыруды қажет етіп отыр. Өйткені, толеранттылық мемлекетаралық, дінаралық, адамзаттың құқығы мен бостандығының сақталуы, олардың татулықты қалауы мен өркениетті қоғам тұтастығын қамтамасыз етеді. Сондықтан да, қазіргі ашық кеңістікте өмір сүруіміз бізден бәсекеге қабілетті кәсіби біліміміз бен рухани-адамгершілік қасиеттерімізді біріктіріп алып жүруімізді талап етеді. Ал, рухани-адамгершілік қасиеттерді біріктіретін күш – толеранттылық. Олай болса, ересектерде толеранттылықты қалыптастыру білім беру мекемелерінде жүйелі түрде сабақта, сабақтан тыс, қосымша білім беру мен білімін жетілдіру, арнайы курстар мен семинарларда жүргізілуі шарт.

Ересектердің жас буынға ықпалы және олардан үлгі алуы мектепте орта білім алған уақыттан басталады. Өйткені, кішкене балалар мектепте жана ортаға түскен уақыттан бастап ересек адамдармен қарым-қатынаста болады және өзінің сабақ беретін мұғалімін үлгі тұтады. «Болашақта кім болғын келеді?» деген сұраққа, бірден үлгі тұтар мұғалімін айтады. Мектеп қабырғасында қоғамдық өмірге белсене қатысады. Олардың қоғамдық өмірге белсене араласуы сол ортадағы ересектердің ықпалы әсер етеді. Олар: жоғарғы сынып оқушылары (олар үшін үлкен адам болып есептеледі), мұғалімдер, оқушылардың ата-аналары т.б.с.с.

Жоғары оқу орындарының студенттеріне ересектердің ықпалы мен олардан үлгі алуы кәсіби мамандығына байланысты. Студенттің кәсіби маман болуына сол жоғары оқу орындарындағы ересектердің ықпалы әсер етеді. Олар: өздерінен жоғары оқитын студенттер (бакалавриат, магистратура, докторантура бойынша оқитын жастар), кураторлары, эдвайзерлері, кафедра профессор-оқытушылары, кафедра меңгерушілері мен деканат, университет басшылығы т.б.с.с.

Мектеп бітірушілері білімін кәсіби колледждер, діни, әскери, медициналық (барлық мамандықтар) білім беретін мекемелерде жалғастыратын болса, сонымен қатар, алған кәсіби білімі бойынша жұмыс істейтін орындарында да үлгі алатын және оларға ықпал ететін ересектер бар.

Жастар (мектеп оқушысы, студент, жас маман т.б.) күнделікті болып жатқан қоғам талаптарына ересектердің қарым-қатынасын (отбасындағы ата-ана, ұжым, БАҚ, интернет желілері т.б.), бағытын (экономикалық, саяси, діни, сал-дәстүр т.б.) жеңіл қабылдаса, оларда жеңіл көзқарастар қалыптастырады.



Сондықтан да, әрбір ересек «үлкенге құрмет, кішіге міндет» қағидасына сәйкес толеранттылық принципін ұстанғаны жөн.

Көптеген білім беру мекемелерінде толеранттылық рухани-адамгершілік тақырыбы аясында тәрбие сағаттарында, жеке тұлғалармен кездесулер және театрларға барумен ғана шектеледі. Жас буынды қоғамдық өмірге дайындау, жас маман ретінде даярлау ересектердің тарапынан толеранттылықты қажет етеді.

Толеранттылық - рухани-адамгершілік белгілердің жиынтығы. Олар: адамзаттық құндылықтарды құрметтеу, мейірімділік, ар сақтау, ұятқа қалмау, мәдениетті қарым-қатынас, тәрбиелік, қарапайымдылық. Аталмыш белгілерді өз бойына қалыптастырған ересектер қоғамның рухани жаңғыруына өз үлестерін қосары анық.

Толеранттылықты қалыптастыру ересектердің өзін-өзі тануы, өзін-өзі дамытуы, өзін-өзі басқаруы және өзін-өзі іске асыруында байқалады. Сонымен қатар, жастарда «толеранттылық» туралы түсініктер төмендегідей болады:

- әлемнің тұтастығын, адамның, қоғамның және табиғаттың бірлігі және өзара тәуелділігі;
- адам және оның өмірінің, абыройы мен қадір-қасиетін, құқықтары мен бостандықтарының құндылықтарын, жалпыадамзаттық құндылықтарға жақындығы;
- қоғамдағы өзінің орны мен кәсіби білімін жүзеге асыру қажеттілігі;
- өмірдегі адами қарым-қатынастар құндылығын (отбасы, махаббат, достық, ұлт) терең түсіну.

Толеранттылық өз Отанын сүйу, басқа ұлттың Отанына құрметпен қарауды, өзі елжанды азамат болу, тарихқа, отандық және әлемдік мәдени мұраны қадірлеу; әлемді қабылдауда жасампаздық белсенділік таныту; өмірлік және кәсіби жағдаяттарда рухани-адамгершілік қасиеттерді басшылыққа алу; адамдарға түсіністікпен қарау, өзге наным сенім, көзқарастағы адамдарға шыдамдылық таныту; табиғатқа, қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарау; салауатты өмір салтын ұстану, өзінің физикалық және эмоционалдық-рухани жағдайын бірқалыпта ұстай білу.

БҰҰ қабылдаған "Адам құқықтарының жалпы декларациясының" басты баптарын адамдармен қарым-қатынас нормаларына сәйкес рухани-адамгершіліктің әдептіліктерін төмендегідей көрсетуге болады:

- барлық адамдар тең құқықты, ерікті және қадірлі;
- азаматтар нәсіліне, ұлтына, жынысына, тіліне, шыққан тегіне, дініне, сеніміне, мүліктік және лауазымдық жағдайына қарамай заң алдында бірдей;
- өмір сүру құқығы, адамның бас бостандығы мен жеке өмір сүру еркі.

Ересектердің толеранттылығын қалыптастыру кәсіби білім беру жүйесінде гумандылық принципі негізінде жеке тұлғаны кәсіби ерекшелігіне сәйкес дамытады. Ол адамды немесе топты қабылдау қабілеті мен өмір сүру салты ерекше адамдармен бір қоғамда өмір сүре алуға тәрбиелейді. Жоғарыда көрсетілген осындай жағдайларға дайындау мен толеранттылықты анықтау



мүмкіндіктері жеке тұлғаға оқу процесінде танымдық іс-әрекет қабілетін белсендіреді.

«Толеранттылық» тақырыбында бірнеше ғылыми бағыттарда зерттеу жұмыстары орындалған және арнайы зерттеушілер ғылыми тұжырымдар жасаған. Бірнеше ғылыми жұмыстарға талдау жасай келе, ересектердің толеранттылығын қалыптастырудың екі негізгі бағытын айқын көрсетуге болады:

- сыртқы толеранттылық (басқаларға) – қалыптасқан сенім, жеке тұлға ретінде өзінің позициясын басқа адамдарға білдіре алу, дау-дамай жағдаятын әртүрлі көзқарастардан көре білу, әртүрлі дәлелдер мен аспектілерді ескеру;

- ішкі толеранттылық (ішкі тұрақтылық) - дау-дамай жағдаятында тепе-теңдікті сақтау қабілеті, шешім қабылдай алу және осындай жағдайларда іс-әрекет жасау.

Ересектердің ішкі және сыртқы толеранттылығы бірін-бірі толықтыра түссе, кездескен жағдаяттарда өзіндік дұрыс іс-әрекеттің нәтижесіне қол жеткізеді. Мұндай жағдайларда ересектердің толеранттылығы олардың жас және дара ерекшеліктерімен, өзінің ортасына байланысты болатынын ескерген жөн.

Т.Ю.Фадеева болашақ педагог-психологтардың толеранттылығын қалыптастыру процесін модельдеудегі жұмыстардың басым бағыттарын қолдануды ұсынады [2]:

- бірінші курста, тұлғааралық қарым-қатынас үйлесімді және өзін-өзі бағалауы адекватты дамыту мен жұмыс бағыттарын арттыру деңгейі тиімді;

- екінші курста, копинг-стратегияларды меңгере алу мен өздігінен реттеу дағдыларын дамыту;

- үшінші курста, өзін-өзі бағалауы адекватты болу, күшейген күйзелісті жеңу әдістерін тиімді меңгеру, коммуникативті құзыреттілікті жетілдіру және әлеуметтік қабылдау;

- төртінші курста, студенттердің жеке өзін-өзі бағалауы мен кәсіби белсенділікті дамыту, мінез-құлық стереотивтерін өзгерту, әлеуметтік-психологиялық тұрақтылықты дамыту, тұлғааралық және кәсіби өзара іс-әрекеттердегі дау-дамайларды шешу дағдыларын жетілдіру.

Ересектерге толеранттылықты қалыптастыруда, оларға берілген жұмыс бағыттары мен оны шешудегі білім, білік, дағдылары мен тәжірибесінің жеткілікті немесе жеткіліксіздігіне де байланысты болары анық.

Г.С. Кожухарь студенттер мен психологтардың толеранттылығы мен сәйкестіліктің өзара байланысын қарастырды. Автор толерантты психологтар жоғары деңгейде өзін-өзі таныстыруды меңгерген, олар өзін-өзі талдауда көп қырлы, сәйкестілік құрылымы жағынан барлық компоненттердің үйлесімділігін көрсетеді [3].

М.М. Гарифуллина: «өзара мейірімділік, ашылу үшін бірін-бірі өзіндік құндылық ретінде қабылдауға негізделуден шыққан, диалогтарды көбеюту, шығармашылыққа жекеленген, толеранттылық қабілеттілікті қарым-қатынасты



диалог ретінде дамыту»,-деген тұжырымы жеке тұлғаға интегралды сипаттама бергендігін көрсетеді [4].

Сонымен қатар, А.Г. Асмолов толеранттылықты өзге көзқарастарды қабылдауға дайын және өзара бәсекелес мәдениеттер арасындағы өркениеттік ымыра нормалары, әртүрлілікті сақтау шарты ретінде, өзінің тарихи құқығында өзгешелік, ұқсамайтындылық, ерекшеліктер ретінде түсіндіреді. Автор толеранттылықты былай сипаттайды: біріншіден, біреудің пікіріне, мінез-құлқына төзімділік, бейбітшілікті сүю, өзін-өзі ұстау, сабырлылық білдіру; екіншіден, әлеуметтік орта және қоршаған табиғи ортаға ыңғайлану, бейімделу қабілетінің жоғары байқалуы; үшіншіден, өткір дау-жанжал жағдаятында келісім жолмен шыға білу. Бұдан А.Г. Асмоловтың толеранттылықты өмір сүру нормасы ғана емес, сондай-ақ, жеке тұлғаның тұрақтылық қасиеті ретінде басқа адамдарға мейірімділік пен жанашырлық білдіруге, байланысқа дайын болу қабілеті ретінде көрсетеді [5].

Ғылыми еңбектерге толеранттылық, ең алдымен, адамзат мәдениетінің алуан түрлілігі мен көп өлшемділігін және теңдікті мойындау ретінде қарастырылады. Ересек адамдардың толеранттылығы қоғамдағы рухани-адамгершілік әлеует болып табылады, өйткені ол тұлғаның рухани тәжірибесінің нәтижесі ретінде айқын көрінеді.

Қорыта келе, білім берудің рухани-адамгершілік компоненті ретінде ересектердің толеранттылығы – өркениетті қоғамның тұрақтылығы мен ашық кеңістікте өмір сүретін болашақ ұрпақтардың толеранттылық болмысын қалыптастырады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы. Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты // http://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy
2. Фадеева, Т. Ю. Формирование толерантности у будущих педагогов-психологов в образовательном процессе вуза /Т.Ю. Фадеева // Вектор науки ТГУ. – 2011. – № 2(5). – С. 194-197.
3. Кожухарь, Г. С. Соотношение толерантности и идентичности студентов-психологов / Г. С. Кожухарь // Психологический журнал, 2009, том. 30, № 6. –С. 40-50.
4. Гарифуллина, М. М. Толерантное общение как психологический механизм здоровья / М. М. Гарифуллина // Вопросы психологии. – 2009. - № 5. – С. 41-52.
5. Асмолов А.Г., Глебкин В.В., Солдатова Г.У., Магун В.С. и др. На пути к толерантному сознанию. - М.: Смысл, 2000. - 255 с.





V. АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ОБУЧЕНИЯ КАЗАХСКОМУ ЯЗЫКУ НА ЛАТИНСКОЙ ГРАФИКЕ

ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАРДЫ ДАМУДАҒЫ ЛАТЫН ӘЛІПБИІНІҢ МАҢЫЗЫ

Рахымов Б.С.

филология ғылымдарының докторы,
профессор, Е.А. Бөкетов атындағы
ҚарМУ

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың 2017 жылы 12 сәуірде «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласындағы «Біріншіден, қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру жұмыстарынан бастауымыз керек. Біз бұл мәселеге неғұрлым дәйектілік қажеттігін терең түсініп, байыппен қарап келеміз және оған кірісуге Тәуелсіздік алғаннан бері мұхият дайындалдық» дегені көпшіліктен қолдау тауып, санаға сілкініс туғызған еді. Биылғы жылы Елбасының әліпбиге қатысты №569 Жарлығына өзгерістер енгізілгені мәлім.

Анығында сөзге шешен, туған тіліне мұқият қараған халықтың ұрпағына қалдырған ғибраты жеткілікті еді. Сөз өнерін айырықша қадірлейтін алаш жұрты: «Бір жақсы сөз бітірер мың көңілдің жарасын», «Сөз сүйектен өтеді, таяқ еттен өтеді», «Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ», «Андамай сөйлеген ауырмай өледі», «Өнер алды – қызыл тіл», және т.б. нақылдармен ұрпағына аманат қылған. Тіліміздің құдіретін бабадан қалған өлең-жыр, мақал-мәтел, ертегі-аңыз, жұмбақ-жаңылтпаштар, шешендік сөздер мен айтыстар, батырлық, ғашықтық, тарихи жырлар және т.б. арқылы түсінеміз. Асыл сөзіміздің ауызша айтылып, таңбаға түсуінің өзі де ерте замандарды меңзейді. Оның дәлелі мен дерегі көне түркі тас жазба ескерткіштерінде тұр. Бүкіл түркі халықтарына ортақ бұл әліпбидің құпиясы ашылып, ғылыми зерттеулердің нәтижесінде оқылғанына дейін қаншама ғасыр өтті. Түркі халықтарының ішінде әліпбилер соғысын көп көріп, жазу өнерін де «жазмышқа не шара» дегенді айтқан қазақтар екені мәлім. Алғашқы көне түркі таңбасы, арап әліпбиі, шағатай жазуы, араб таңбасына негізделген «төте жазу», латындандырылған «Біртұтас түркі алфавиті» жаңа әліпбиі, одан кейінгі кириллицаға ауысу, бәрі де уақыт безбенімен болып, саясаттың салқынымен санаға сіңген еді.

Еліміз егемендік, туған тіліміз мемлекеттік мәртебе алғандағы қуанышты айтып жеткізу қиын. Енді бүгін бұрынғы қазақ тілі мен қазіргі сөйлеу тілінің арасын алшақтатып, туған тілдің қадір-қасиетін кетіріп алмаймыз ба? – деп алаңдаймыз. Ауызша сөйлеу мен жазу тілімізде ағаттықтар кетіп жатыр. Тәуелсіздік алғаннан бері латын әліпбиіне көшу мәселесі көтеріліп, Елбасының



2017 жылғы 12 сәуірдегі аталған мақаласында енді іске көшу керектігі түсіндірілді. Жаңа әліпби жасауға жарыса кірісті. Бұл істе бірінші бағыт ұстағандар, бұл әліпбидің түркі әлеміне қосар үлесін, өркениетке қатысты өресінің баяндылығын көздеді. Екінші бағыттағы бағдар, әлемге аян ағылшын тіліне таңбамызды жақындастыруға тырысты. Үшінші ұстаным, туған тілдің тазалығын сақтап, орыс тілінен өлшеусіз еніп жатқан кірме дыбыстардан арашалау деп түсіндіреді. Осы бағдар мен ұстанымдар негізінен гуманитарлық салалар ғалымдары тарапынан айтылған еді.

Ең алдымен біздегі гуманитарлық ғылымдардың Кеңес дәуірінде жеткен жетістіктері, өрескел кемшіліктері де болды. Алғашқы алашшыл арындылар, солардың соңынан ерген дарындыларды «халық жауына» айналдырып, шетінен соттап, жер аударып, атқандары аян. Олардың көпшілігі гуманитарлық саланың мамандары болатын. Елдің үрейін ұшырып, шындықты айтқандарды «ұлтшыл» деген жаламен қылмыстық жауапқа тартудың асқынуынан гуманитарлық ғылымдар өз нысанасын жүйелей алмады. Анығында біздегі тарих, филология, философия, педагогика, психология, заңтану, саясаттану және т.б. бір-бірімен байланыспай, әркім өз әлінше әрекетке көшті. Орта білім беретін мектептер мен ЖОО-да оқылатын Қазақстан тарихы қосымша оқу курсы, әлемдік тарих, Кеңес тарихының тасасында қалды. Гуманитарлық ғылымның негізі болып табылатын философия ілімі түркі әлемінің бір данышпанын бағдарламасына енгізбей, марксизм мен ленинизмді айтумен өтті. Басқа салалар да дәл осылай болғаны белгілі. Зор ауыртпашылықтың жүгін көтерген қазақ философиясы ұлттық мәселені алға оздыра алмай қиналып, сәл артық кеткендерін аңдушылар сазайын беріп отырды. Бұл арада қаншама ақын-жазушы, ғалымдардың сотталып, азап шеккендері ақиқат. Бір белгілісі, Кеңес дәуіріндегі ішкі саясаттың пәрменділігіне қоғамдық ұйымдардың көбейіп, олардың қырағылығын арттыруға бағытталған партияның қаулы-қарарлары әсер етті. 1940 жылы латындандырылған «Біртұтас түркі алфавитін» тастап, орыс графикасына негізделген кирилл әліпбиіне көшуге не себеп болды? Бұнда біріншіден – кеңестендіру (орыстандыру) саясаты, екіншіден – ұлттық тілдің тынысын тарылту, үшіншіден - түркі халықтарын бір-біріне жақындастырмаудың айла-шаршысы болуы мүмкін. Нәтижесінде өз ұлтына қырын қарап, туған тілінен безінген «дүбәра» ұрпақ қалыптасты. Қоғамдық ұйымдар, әкімшілік істердің бәрі де орыс тілінде жүргізілді. Орыс тілінен басқа ұлттардың тілі ауылдық тіл болып қана қалды. Сын айтатын гуманитарлық ғылымдар басшылығы төменнен бастап, жоғарыға дейін орыс тілін білетіндермен алмастырылды. Жөн сұрағанға «орысша айт» деген тіркес содан басталып, әлі де жалғасып келеді. Орыс тілі арқылы еніп, ұлттық тіліміздің дыбыстық, айтылу және жазылу жүйесін бұзған сөздердің санына жету де қиынға айналды. Бұның бәрі өткеннің ғана ісі емес, бүгінде жалғасып жатқаны мәлім.

XX ғасырдың 40 жылында жолда қалған латын графикасына қайта оралып, ұлттық тілімізге түзету енгізбекшіміз. Бірінші, әліпби ауыстыру



халықтан қолдау тапты. Гуманитарлық саланың мамандары бұл мәселені алдымен қолдап, кейбіреулердің қарсы екенін естідік. Қолдаушылардың бәрі алдымен жаңа әліпбидің түркі халықтарымен жақындастырып, жаңа ақпараттық технологиялардың мүмкіндіктеріне сай болуын алға тартады. Қисынды пікір. Қазақ тілінің шығу тегі, қалыптасуының негізі түркі әлемінде жатыр. Оның анықтамасын фонетикалық заңдылықтар түсіндіріп берген. Ендеше ең басты мәселе – дыбыс. Тарихшылардың түсіндіруінше әлемде 40-тан астам түркі халықтары бар, олардың жалпы саны 300 миллиондай екендігі айтылады. Осы халықтардың туыстығын тілдің дыбысталуы ғана емес, салт-дәстүрі, әдеп-ғұрыптарының ұқсастықтары да нақтылай түседі. Онда біздің әліпбидің таңбасы түркі халықтарына сәйкестеніп, түп-тегімізді тануға, ортақ тарихымызды білуге, ортақ сенімге негізделуі керек. Әділдігіне келсек әліпбидің маңызы осында екендігі көпшілік тарапынан айтылып, туыстас халықтардың гуманитарлық сала мамандарының мән берген мақалалары шықты. Ендігі міндет емленің ережелерін тіл білімі салалары бойынша нақтылып, баршаға баянды болатын анықтамалар жасай алсақ, онда біз заңды түрде жазу реформасын жасағанмыз болып шығады.

Демек, жазу реформасы әліпби жасаудың ғана ісі емес. Бұған бүкіл салалар бойынша мамандар ат салысып, соның басты қозғаушы және қолдаушы күшіне гуманитарлық ғылымдардың білгір ғалымдары ат салысуы керек. Сонда ғана қазақ тілінің емле-ережелері түзеліп, табиғи тілдің төлтумалығын сақтап қалуға болады. «Өзіңді-өзің сыйласаң, жат бойынан түңілер» дейтін ұлттың ұрпағы бүгінде өз тілін ұмытып, өзге тілдің шылауында кетіп қалғанын уақыт дәлелдеп тұр. Ең дамыған елдің бірі – Жапония десек, мұнда ұлттық тілдің қолданысы 96% пайызды көрсетеді. Онда халықаралық қатынас ағылшын тілінде жүргізіліп, елдегі шаралар өз ұлттық тілінде ғана өтеді екен. Қазақстанда екі ауыз қазақша сөйлемей-ақ, жауапты жұмыстар атқаруға, ақыл айтып, ел басқаруға болатынын Кеңес үкіметі үйретіп кеткен. Бұл үрдісті бүгінде көріп, өмірімізге өшпестей таңба салған өткеннің өрескел ісіне көніп келеміз. Одан шығар жол іздеп, туған тілдің тағдырын ойлайтын сәт келді. Біздің шын мәніндегі рухани жаңғыруымыз осыдан басталып, тоқтаусыз уақыт көшіндегі ұрпақ жалғастығын табуы тиіс. Бастысы еліміздің басшысы, ұлт тағдырына алаңдайтын Елбасының сындарлы саясатын түсініп, сол мәселені еліміздегі жұрттың санасына жеткізу жолында қажырлылық қажет.

Егер өз ұлтын, өз тілін білмей өзекті талдырып, басқаның боданында кетіп жатса, ұлт ыдырап, ата-баба аманатына деген сенім құлдырайды. Кеңес дәуірінде алғаш қазақ халқының жауапкершілігін мойнына алып іске кіріскен тарихи тұлғаларымыз да тіл үшін күресіп баққан. Өркениетке шығар жолдың тар жол, тайғақ кешуі көп. Ол уақыт пен бүгінді салыстыруға келмейді. Жер бетіндегі ұлттар мен ұлыстар ертеңіне үңіліп, бүгінгі туралы толғанады. Сол бір үкім үміттер, қиял-армандардың басында тіл тұрғаны қандай қиын. Қазақ халқы бұны бастан өткеріп келеді. Өйткені ұлы жазушы, данышпан Л.Н.Толстой: «Тіл – ұлттың жан дүниесі» десе, талантты сөз зергері К.Г.Паустовский: «Ана тіліне



немқұрайлы қарау – өз халқының өткеніне, бүгініне, болашағына немқұрайлы қарау деген сөз» дегені баршаны алаңдатады. «Өнер алды – қызыл тіл» деп ұлағат айтқан Абайы бар елдің ұл-қыздары тіл төлтаңбамыз екенін ұмытпағаны ләзім. Егер рухыңды жаңғыртсаң онда – өскенің, ал оған опасыздық жасасаң – өшкенің. Осы істе гуманитарлық ғылымда толғанатын тақырыптар, талдау мен тұжырымдар жасалатын түйіндемелер өте көп. Себебі, «Мәңгілік Ел» болудың тегершігі болып, мәдени өрлеуге жол басшы болатын туған тіліміз екендігі ақиқат.



РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ: ҚАЗАҚ ӘЛІПБИІН ЛАТЫН ГРАФИКАСЫНА КӨШІРУДІҢ ӨЗЕКТІЛІГІ

Қоянбекова С.Б.

ҚР ҰҚК Академиясының
профессоры, филология
ғылымдарының докторы

Түйіндеме

Латын әліпбиіне көшу ұлтымыз үшін жасалған ең маңызды қадамдардың бірі. Ұлттық сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы ТІЛ. Латын қарпіне көшу қазақ тілін жаңғыртудың, әлемге танытудың төл әліпбиді қалыптастырудың игі қадамы кемел келешек кепілі. Латын әліпбиіне көшу – қазақ халқының алға жылжуына, жаңа заман талабына сай өсіп-өркендеуіне, болашақта еліміздің жан-жақты дамуына үлкен үлес қосып, жемісі мен жеңісін әкелері сөзсіз. Біз латын әліпбиіне көше отырып, өркениетті елдердің қатарына қосылып, тіліміздегі дыбыстық жүйелерді нақ анықтап, қазақ тілінің жазылуы мен дыбысталу кезінде сөздер қолданысындағы артық кірме сөздерден арыламыз. Сондықтан латын әліпбиіне көшу біз үшін, болашақ үшін әлдеқайда маңыздырақ.

Аннотация

Переход на латинский алфавит является одним из важных шагов, предпринятых для успешного процветания нации. Язык – мощный фактор, способствующий сохранению нации и, наоборот, его потере. Переход казахского языка на латинскую графику служит гарантом статусности государственного языка и его будущности в мировой цивилизационной системе. Безусловно, латинизация казахского языка станет надежным щитом не только для самого казахского языка, но и в целом отразится на укреплении культурной, духовной и нациообразующей составляющей народа. Переход к латинскому алфавиту является очень важным шагом для формирования национальной идентичности казахов. На наш взгляд, идентифицируя звуковую систему и графику казахского языка, избавляясь от лишних слов, необходимо руководствоваться лингвистическими принципами и законами языка, которые позволят привести нашу страну к светлому будущему как единой и могущественной нации.

Annotation

The transition to the Latin Alphabet is one of the important steps taken for the successful prosperity of the nation.

Language is the powerful factor contributing to preserve the nation and vice versa to its loss.



The transition of the Kazakh language to the Latin script serves as a status guarantor of the state language and its future in the world civilization system.

Certainly, the transition of the Kazakh language to the Latin will become a reliable shield not only for the Kazakh language itself but also will effect on the cultural, spiritual and nation-forming constituent of the people.

Transition to the Latin alphabet is a very important step for the formation of the national identity of Kazakhs.

In our opinion, identifying the sound system and graphics of the Kazakh language, getting rid of unnecessary words, it is necessary to be guided by linguistic principles and laws of language that will lead our country to a good future as a united and powerful nation.

Тірек сөздер: Рухани жаңғыру, латын графикасына көшудің өзектілігі, , негізгі міндеттер, кезең-кезеңмен көшуді жоспарлау, адами капиталды қалыптастыру, қазақ тілінің әлемдік деңгейдегі орны.

Латын әліпбиіне көшу туралы мәселе тәуелсіздік алған жылдардан бермен қарай талқыланып, 2006 жылы Қазақстан халықтары Ассамблеясының XII сессиясында: «Қазақ әліпбиін латынға көшіру жөніндегі мәселеге қайта оралу керектігі нақты айтылды, ҚР Президентінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласындағы білім берудің методологиялық ұстанымдарды заманауи талаптарындағы өзектілігі дәлелденіп ғылымның мәдени салаларындағы стандарттары мен әмбебап қағидалары мен нормалары ұлттық рухымызға әсер етуде. Әсіресе, ұлттың бірегейлігімен тұрақтылығын, тұтастығын құрайтын тіл ұлттық бірегейлікті мәдениетпен ұштастырудағы өзектілігімен ерекшеленіп отыр. Осы тұрғыдан алғанда, тілді оқыту ұлттың рухани, мәдени және ментальдық болмысымен тікелей байланысты. Бұл ғылыми тілде соңғы кездері «ұлттың коды» деп те аталады. Ұлттық код компьютерлік сауаттылық, шет тілдерін білу, мәдени ашықтық сияқты ұлттық сапалық көрсеткіштерін арттырып, өркениеттің дамуына өз үлесін қосуға мүмкіндік туғызады. Ұлттық бәсекеге қабілеттілігін арттыру қымбат қазынамыз тіл сияқты асыл құндылықтарды жаңғырта отырып, бәсекеге қабілеттіліктің мәні мен мазмұнын көрсетеді. Аталаған мәселелер кәсіби стандарттар негізінде білім беру бағдарламаларын қайта қарастырып, өндіріс дамуының заманауи деңгей талаптарын ескере отырып, болашақ мамандардың біліктілік дағдыларын арттыру негізінде гуманитарлық білімнің барлық бағыттары бойынша Қазақстанның үшінші жаңғыруына жаңа серпін беретін идеяларды басшылыққа алуға мүмкіндік туғызады. Қазақстанның білім беру саясатындағы латын әліпбиіне көшу негізіндегі жаңа реформаның жүйеге асырылуы, бастауыш буыннан бастап тілдің үштұғырлығының басымдығына негізделеді. Бұл гуманитарлық ғылым саласындағы мамандарға жаңа міндеттер жүктеп, ХХІ ғасырдағы ұлттық сананы жаңғыртудың бәсекеге қабілеттілік прагматизм, ұлттық бірегейлікті сақтау, білімнің салтанатты құруы, Қазақстанның



эволюциялық жолымен дамуы, сананың ашықтығы туралы айтылған пікірлер мен үндесіп, рухани жаңғырудың негізіне айналмақ. Осыған орай қазіргі заманғы технологиялық ортаның, коммуникацияның, сондай-ақ, заманауи ғасырдағы ғылыми және білім беру процесінің ерекшеліктеріне байланысты 2018 жылдың 19 ақпанында латын графикасына негізделген қазақ тілі әліпбиі ұсынылды.

Бұл оқиғаның қазақ елінің даму тарихында алатын орны мен маңызы айрықша. Халықтың ғасырлар бойы игерген барлық жетістіктері жазу мұрасы арқылы танылатыны белгілі. Қазір әлемде 8268 тіл бар екені анықталса, оның 6642 қолданыста екені, ал әрбір 100 жылда 3000-нан астам тіл жойылып отыратыны да анықталған, алайда олардың құндылықтары жазу арқылы сақталып келеді.

Жалпы қазақ тіл білімінің тарихына қысқаша шолу жасасақ, қазақ тілінің тарихы шартты түрде ұлттық тіл біліміне қалыптасқанға дейінгі кезең және ұлттық тіл қалыптасқаннан кейінгі кезеңге деп екіге бөлінеді. Ұлттық тіл білімі қалыптасқанға дейінгі кезең 19 ғасырдың 2-ші жартысынан басталады. Қазақ тілінің грамматикасының кейбір ерекшеліктерін таныстыратын 1860-1861 жылдарғы Н.И. Ильминскийдің «Матерали к изучению киргиз-казахского наречие» алғашқы еңбегі 1875 жылы М.А. Терентевтің «түрік, парсы, қырғыз және өзбек тілдерінің грамматикасы», 1894-1897 «Қысқаша қазақ-қырғыз грамматикасы», 1897 жылы В.В. Катаринкидің «Қырғыз тілі грамматикасы», еңбектерінде қазақ тілінің ерекшеліктері үстіртін қарастырылғанмен, мұнда қазақ тілі заңдылықтары орыс тілімен салыстырылып, сол тілдің негізінде түсіндірілуге тырысты. 19 ғасырдың 2-ші жартысында қазақ тілінің лексикографиялық жұмыстары жедел қолға алынып ұлттық тілдің қалыптасқанға дейінгі кезеңге қырыққа жуық сөздік жарық көрді. Ресей империясымен қарым-қатынас жасау көмектесу мақсатын көздеген бұл сөздіктер ескі сөздердің мағынасын ашып көрсетті.

XIX ғасырдың 2-ші ғасырында Ы. Алтынсарин қазақ жазуын орыс графикасына негіздеуге талпыныс жасаса, 20-ғасырдың басында А.Байтұрсынов қолданып келеген араб графикасын жетілдіре отырып, қазақ жазуына икемдеді. Осында дауысты және дауыссыз дыбыстар анықталып, үндестік заңының фонологиялық ерекшеліктерін айқындап шықты. Бұл үрдіс Е. Омаров, Қ. Кемеңгеров, Т. Шонанов, Ш. Аймауытов, Қ. Жұбанов, С. Аманжоловтың еңбектерінде жалғастығын тапты. Дауысты, дауыссыз дыбыстар санын анықтау үлкен талас тудырып, еңбекші қазақ жаңа мектеп басылым мектептерінде мақалалар талқыланып, қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінде қаралды. Грамматика, фонетика, емле, лексикология, ономастика, терминология және т.б. мәселелері ішінара сөз болғанымен, 1950-1960 жылдары ономастика бөлімі құрылып, топонимика, антропономика бойынша еңбектер жарық жарық көрді. Қазақ тіліндегі сөздердің жазылу нормаларын белгілейтін сөздіктер 1941 жылы шықты. 1948 жылы, 1960 жылы емле ережелер бекітіліп, 1974 жылы қайта шығарылды. Мұнда Қазақ ССР жоғарғы Кеңес 1957



жылы бекіткен қазақ тілі орфографиясының негізгі ережелері басшылыққа алынды. Мұнда біркөк сөздер, күрделі атаулар, адам есімдері, және т.б. мәселері қарастырылып емле ережелер толықтырылса, 2000 жылы емлесі қиын сөздер қарастырылды.

5-15 ғасырда түркі тілі еуразия құрылығының аса құнды бөлігінде ұлтаралық қатынас тілі болды. Мысалы, Алтын орданың бүкіл ресми құжаттары мен халықаралық хат-хабарламалары ортағасырлық түркі тілінде жазылып келді. Ислам діні қабылданған соң, руникалық жазулар біртіндеп ысырылып, араб әліпбиі тарала бастады. 10-шы ғасырдан 20-шы ғасырға дейін 900 жыл бойы араб әліпбиі қолданылды. Тарихқа жүгінетін болсақ, қазақ халқы басқа түркі халықтары сияқты 4-5 ғасыр бойы араб жазуын пайдаланды. 19 ғасырдың 2-ші жартысында зиялылар, Ы. Алтынсарин тәрізді ағартушылар қазақтың жазба тілін қалыптастыру үшін, оның дыбыстық жүйесінде жаңа алфавит қабылдауды ойлады.

Араб жазуының кемшіліктерді байқала бастап, кирицаға көшу идеясы қызу талқыланды. алфавит әрқашан дінмен бірге қабылданды. Мысалы, Батыс Еуропа латын алфавитін латын шіркеуі, орыстар грек алфавитін славян шіркеуі арқылы қабылданған. Татарларда өзге мұсылмандар сияқты араб жазуына ислам таралуына байланысты көшкен. Араб жазуы ислам дінімен байланыстырушы үлкен құрал болып табылды.

Түркі тілінде сөйлейтіндер 20-шы жылдардың аяғына дейін араб графикасына негізделген алфавитті қолданды, 1929 жылы латын графикасының негізінде жаңа алфавитті қабылдады. Латын графикасына негізделген жазу сауатсыздықты жоюға негіз болды.

А. Байтұрсынұлы қазақтың тұңғыш фанологы дыбыстар жүйесін арнайы зерттеп, әліпби құрастырды, өзінің бүкіл өмірін басқа тілдердің ықпалынан тазартумен айналысқан қазақ тілін дамытқан ірі ғұлама 1910 жылдан бастап араб жазуының қазақ тілі үшін қолайлы емес жақтары түзеп, дыбыстық ерекшеліктерге 24 әріптен тұратын сингармоникалық әліпби түзді. Бұл 1924 жылы Орынборда өткен қазақ-қырғыз білімпаздарының тұңғыш құрылтайында қабылданды.

1929-1940 жылдары аралығында халқымыз латын графикасын пайдаланса, 1940 жылдан бері кирилицаны қолдануда. Дүниежүзілік ақпаратта латын әліпбиінің орны үлкен, сондықтан бұл мәселе шешімін түпкілікті шешімін табу тиіс. Өйткені, ортақ әліпбидің болуы халқымыздың бір-біріне оң ықпал етуіне әсерін тигізетініде сөзсіз.

Бұл саяси реформаның маңызы зор, өйткені түркі әлемінің бізден басқа 180 миллион халқы латын қарпін қолданса, дүние жүзінде ғылым-технология, индустрия жаңалықтарының 80 пайызы латын қарпіне негізделген.

Латын әліпбиіне көшу туралы мәселеде Елбасының мақалаларында, Қазақстан халқына Жолдауында, Үндеуіндегі идеяларында ұсыныстар мен міндеттер белгіленіп, белсенді жүзеге асыру шаралары кезең-кезеңімен



жоспарланып, «Қазақстан-2050» стратегиясында латын тіліне 2025 жылы толық көшетіміз туралы айтылды.

Бұл қазіргі заманғы технологиялық ортаның, коммуникацияның, сондай-ақ, ХХІ ғасырдағы ғылыми және білім беру процесінің ерекшеліктеріне байланысты қарастырылды. 2018 жылдан бастап жаңа әліпбиді үйрететін мамандарды және орта мектептерге арналған оқулықтарды дайындауға кірісуіміз қажеттігіне сәйкес «Қазақ тілі әліпбиін кириллицадан латын графикасына көшіру туралы» Қаулысының тәуелсіз Қазақ елінің даму тарихында алатын орны мен маңыздылығын көрсетті.

Тәуелсіз елімізде мемлекеттік мәртебеге ие ана тілін – Қазақ тілінің заман талабына сай жан-жақты дамыту бағытындағы баға жетпес тұңғыш тарихи қадам екенін көрсетті. Аталған міндеттерді жүзеге асыруда еліміздің саясаткерлері, ғалымдары, зерттеу нәтижелерінде төмендегідей басым бағыттарды негізге алуды ұсынды:

- латын әліпбиіне көшу өзге тілдермен салыстырғанда, тілдік қоры бай қазақ тілінің қаймағын бұзбай, өзіне тән тілдік, дыбыстық ерекшеліктерін бастапқы қалпына сақтай отырып, келер ұрпаққа жеткізуге жол ашады;

- қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру ана тіліміздің әлем тілдерінің деңгейіне көтеріліп, халықаралық аренада өз орнын алуына барынша ықпал етеді. Бұл әлеммен бірлесе түсуге балалардың ағылшын тілмен интернет тілін жетік меңгеруіне, ең бастысы қазақ тілін жаңғыртуға жағдай туғызады;

- қазақ тілі – барша түркітілдес халықтар тілдерінің алтын қоры. Сондықтан еліміздің латын әліпбиіне өтуі қазіргі күні анағұрлым қарқынды дамып келе жатқан әлемдік ақпараттар кеңістігіне енуі мен оған жылдам бейімделуінің бірден-бір оңтайлы, тиімді жолы.

Жалпы түрік елдерінің стратегиялық мақсаты-зайырлы қоғам ретінде мемлекет құрудың батыстық үлгісін сіңіре отырып, ислам негіздерін сақтаумен қатар, ұлттық салт-сана дәстүрлі қалыптасқан демократиялық елге айналдыру.

Тарихқа қайта оралу жаһандық ақпараттық кеңістікке ену және ұлттық тілдік ерекшелікті сақтап қалуымен байланыстырады. Бұл ҚР Президенті Н. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» деп аталатын мақаласында «Балаларымыздың болашағы үшін осындай шешім қабылдауға тиіспіз және бұл әлеммен бірлесе түсуімізге, балаларымыздың ағылшын тілі мен интернет тілін жетік игеруіне, ең бастысы – қазақ тілін жаңғыртуға жағдай туғызады. Біз қазақ тілін жаңғыртуды жүргізуге тиіспіз...» деген пікірімен тікелей үндеседі. Өйткені жаңа ғасыр – жаңғыру ғасыры.

Жоғарыда аталған латын әліпбиі туралы дереккөздерді келтіре отырып, қазақ қоғамына, халқына латын әліпбиінің қаншалықты маңызды екенін аңғаруға болады. Осы жайында Елбасы: «Бұл ой еліміз тәуелсіз алғаннан кейін мені жиі мазалады. Бірақ біз көп ұлтты халықпыз. Әр ұлттың ой-пікірі бар. Қазіргі кириллица арқылы қазақтардың да, қазақстандықтардың да бірнеше буыны тәрбиеленіп, білім алды. Өмірді таныдық, дүниені көрдік. Сондықтан латын қарпіне көшкен жағдайда да кириллица көпке дейін қатар қолданылады,



екеуі біразға дейін бірге пайдаланылады деп ойлаймын». «Біз 2025 жылдан бастап әліпбиімізді латын қарпіне, латын әліпбиіне көшіруге кірісуіміз керек. Бұл – ұлт болып шешуге тиіс принципті мәселе. Бір кезде тарих бедерінде біз мұндай қадамды жасағанбыз. Балаларымыздың болашағы үшін осындай шешім қабылдауға тиіспіз және бұл әлеммен бірлесе түсуімізге, балаларымыздың ағылшын тілі мен интернет тілін жетік игеруіне, ең бастысы – қазақ тілін жаңғыртуға жағдай туғызады» - деген салиқалы ойларын төмендегідей негізделген факторлармен жүйелеуге болады:

- қоғамдық-әлеуметтік сұраным. Біріншіден, пайдасы мен қаупі тең түсетін жаһандану дәуірінде әр халықтың өз бет-бейнесін сақтап қалуы, ең алдымен, оның мәдени иммунитетінің беріктігіне, рухани құндылықтарын сақтай алуына тікелей байланысты. Сол құндылықтардың ең басты өзегі тіл екені белгілі. Тіл – мемлекет қауіпсіздігінің кепілі, ұлтты ұйыстырудың, бірегейлендірудің тетігі. Сондықтан қоғамның сауатын қалыптастыратын жазу таңбасын сауатты меңгеріп, сәтті ендіру – біздің ең басты міндет.

- жаңа әліпбиді меңгеруде отандық ғылымның, оның ішінде қазақ тіл білімінің, жазу іліміне қатысты бір ғасырға жуық уақыт аясында әбден қалыптасқан қағидаларын ескеру. Қазақ жазу ілімінің теориясы А.Байтұрсынұлы еңбектерінде алғаш қалыптасып, негізделді. Ғалымның әлемдік жазу тарихына әкелген реформасы дәл бүгінгі күні де негізгі дәстүр ретінде сақталып, ұлт жазуының жаңа жүйесін меңгертуде тірек етіп алынуы керек деп санаймыз.

- таңдалған жаңа жазу жүйесін қоғамның, әсіресе, жас ұрпақтың саналы, сапалы меңгеруін қамтамасыз ететін педагогика, психология, әдістеме ғылымдарының бірлігін қамтамасыз ету. Бұл жерде жаңа әліпбиді үйрету үдерісінде тілді оқыту әдістемесі саласының мамандарына үлкен жауапкершілік жүктеледі. Жалпы, оқытудың әдістемелік жүйесін сөз еткенде оның әрбір құрауышы маңызды орын алады.

Атап айтқанда, оқытудың мақсаты, білім мазмұны, оқыту формалары мен технологиясы, оқыту нәтижесі. Мақсат пен нәтиженің сәйкес келуі, ең алдымен, ұсынылатын мазмұнға тәуелді. Яғни, түпкі нәтижеде сауатты кәсіби тұлға тәрбиелегіміз келсе, біздің ұсынатын материалымыз да сол сауаттылықты дұрыс қалыптастыруға ыңғайлы, ұтымды болып жасалуы шарт. Сондықтан елімізде қызу талқыланып жатқан жазудағы реформаға қатысты ұсыныстар көпшілік тарапынан қолдау тауып, кезек күттірмейтін төмендегідей міндеттерді жүйеледі:

- Ұлттық комиссия және арнайы жұмыс тобын құруды жоспарлау;
- Әліппеде 32 әріп болғанымен, әрбір таңбаның жазылуы, сөз тіркестерінің қолданылуына мән беріліп, сөздіктер дайындау қажеттігі;
- Орфографиялық, орфоэпиялық, терминологиялық және салалық сөздіктерді дайындауды жүйелеу;
- әліпбиді енгізуге аса қажетті әдебиеттер, ережелер дайындау;



- Емлелік ережелерді құрастыруда тілдің төл заңдылықтарын бұзбай, төл ерекшеліктерін сақтауды ескеру;
- Мұғалімдерге, оқытушыларға арналған курстар ұйымдастыру;
- Кириллицада жазылған әдебиеттерімізді кезең-кезеңмен аудару мәселесін жоспарлау және т.б.

Пайданылған әдебиеттер тізімі:

1. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы, 2017 жыл 12 сәуір,
2. ҚР Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы, 2018 жыл 10 қаңтар,
3. ҚР Тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.

ҚАЗАҚ ӘЛІПБИІН ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫНДА ДАМУ

Есімсейтов Б.Р.

ҚР Бас прокуратурасы жанындағы
Құқық қорғау органдары академиясының
әлеуметтік-гуманитарлық пәндер
кафедрасының доценті
филология ғылымдарының кандидаты,
қауымдастырылған профессор

Түйіндеме

Мақалада Елбасының қазақ алфавитіне қатысты саясатына, қазақ әліпбиінің тарихына шолу жасалған. Автор жаңа әліпбиді қолданудағы құқық қорғау органдары жүйесіндегі бір қатар мәселелерге тоқталады. Сондай-ақ мақалада қазақ жазуының құқық қорғау органдарында қолданысқа енуі үшін қажетті іс-шаралар көрсетілген ұсыныстар беріледі.

Аннотация

В статье приводится краткий обзор политики, проводимой Президентом относительно казахского алфавита, истории казахской письменности. Также статье описывается роль перехода на казахский алфавит на основе латинской графики в продвижении языкового статуса.

Annotation

The article describes the role of the transition to Kazakh alphabet based on Latin graphics in promoting language status. The article provides a brief overview of the policy pursued by the President concerning the Kazakh alphabet, the history of Kazakh script.

Тірек сөздер: қазақ әліпбиі, рухани жаңғыру, тілдік жаңғыру, қазақ жазуы.

Қазіргі Қазақстан қоғамының дағдарыс заманында жаңаруы мен жақсаруы, болашақ мақсаттарға жетуі - ең алдымен елдің бірлігіне және сол елдің бірлігін қалыптастыратын елдің рухани мәдениетіне байланысты. Президент Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында: Қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру жұмыстарын бастауымыз керек. Біз бұл мәселеге неғұрлым дәйектілік қажеттігін терең түсініп, байыппен қарап келеміз және оған кірісуге Тәуелсіздік алғаннан бері мұқият дайындалдық» [1] делінген.



Қазіргі таңда Қазақстан қуатты да табысты мемлекет болғандықтан мемлекеттік тілдің биік тұғырға көтерілуі маңызды болып отыр. Өйткені қазақ тілі қазақ халқының ұлттық рухани байлығын көтеріп, қоғамдағы ұлттық сананың орнын белгілейді. Тіл - адамдардың ісі мен әрекетінің барлық саласында, өндіріс пен экономикалық қатынастар саласында, қоғамдық өмір мен күнделікті тұрмыста, саясат пен мәдени салада бірлесіп жұмыс істеуге мүмкіндік беретін негізгі құрал екені белгілі. Қазақ тілі - біздің рухани негізіміз болғандықтан халықтардың өзара түсіністігін, достығын қамтамасыз ететін факторлардың бірі болып табылады.

Бұқаралық ақпарат деректеріне сүйенсек, бүгінде әлемдегі мемлекеттердің 71% латын жазуы арқылы білімді игеріп, ғылыми зерттеулермен танысуда. Бұл дегеніміз – білім, ғылым, саясат пен техника, мәдениет пен өнер, спорт т.б. қатысты жазбаша ақпараттың барлығы дерлік латын графикасымен беріледі, қоғамдық өмірдегі жаңалықтардың басым бөлігі осы графиканың негізінде таралады дегенді білідерді. Демек, латын әліпбиінің біздің отанымыздың әлемдегі дамыған 30 елдің қатарына қосылу талабының орындалуы жолында маңызды роль атқаратыны сөзсіз.

Біздің елде ХХ ғасырдың 20-жылдары қазақ зиялылары латын әліпбиіне көшу мәселесін көтерді. Қазақ тілінің табиғатына сай әліпби үлгісін жасап, қолданысқа енгізген болатын. Қазақ тіл білімінің негізін салушы ғалым А.Байтұрсынұлы ХХ ғасырдың басындағы қоғамдағы қарым-қатынастық үрдістерді зерделей келе: «Біздің заманымыз – жазу заманы: жазумен сөйлесу ауызбен сөйлесуден артық дәрежеге жеткен заман. Сондықтан сөйлей білу қандай керек болса, жаза білу керектігі одан да артық», - деген болатын. Қазір жазудың маңызы бұрынғыдан бірнеше есе өскен заман. Сондықтан, әлемдегі елдердің басым бөлігі, соның ішінде туыстас түркі халықтары қолданатын латын әліпбиіне көшу – жаһандану дәуіріндегі рухани жаңғырудың алғашқы да маңызды сатысы.

Бүгінде ғалымдар қазақ әліпбиін латын қарпіне көшіру қажеттілігін жан-жақты әр аспектіде зерделеп жатқанымен **түсіндіру, халыққа жеткізу бөлек шаруа**. Халық арасында тіптен «Латын тілінде сөйлейді екенбіз», - деген де түсінік бар. Басқа да сенімсіздіктердің қарасы көп. Сондықтан түсіндіру жұмыстарын жүргізу керектігі айқын. Түсіндіру жұмыстарының басы бүгінге дейін қолданылып келген «Латын әліпбиі», «латын графикасы», «латын графикасындағы әліпби» тіркестерінің қолданылуын тоқтатып, «**ҚАЗАҚ ӘЛІПБИІ**» деген тіркесті қолданудан бастау керек. Әрине алғашқы кездері қазақ әліпбиінің жаңа нұсқасының 40 жылдары қабылданған әліпбиден ерекшелеу мақсатында жоғарыдағы тіркестерді қолдандық. Ендігі жерде Елбасының Жарлығымен бекітілген әліпбиімізді қолға ұстағаннан кейінгі жерде оны дұрыс атап, дұрыс қолдану керек. Тілді қолданушы халыққа оны күрделендіріп, үрей шақыратындай, сауатсыздықтың апанындай етіп көрсетпей қарапайым түрде қажеттілігін айтып түсіндіру жұмыстары жүргізілуі қажет.



Осы мақсатта Құқық қорғау органдары академиясының Біліктілігін арттыру, арнаулы алғашқы оқыту курстарына келген тыңдаушылар үшін «Қазақ жазуының тарихы» атты дәрістер оқытылып, қызметкерлердің пікірімен танысу үшін сауалнама алынды. Берілген сауалдарға қызметкерлер ашық жауап берді. Алаңдаушылықтарын да білдірді. «*Qazaq latyn álipbiine kóshýde Siz qandai jaǵdaıdan qorqasyz, nege senimsizsiz?*» - Латын қарпінде берілген сөйлемді оқи алдыңыз ба? - деген сауалға, сұралғандардың 80 пайызы түсінетіндігін және жаза алатындықтарын көрсетті. Сонымен қатар қызметкерлер осы мәселелерге қатысты өз пікірлерімен бөлісті. Бұл дегеніңіз өз кезегінде құқық қорғау органдарында қазақ жазуының жаңа әліпбидегі сипаттамасын дамытуда неден бастаймыз, қалай жұмысты жоспарлаймыз деген сауалдарға жауап береді және жүйелі түсіндіру, жоспарлау, іске асыру т.б. жұмыстарының барысын жеңілдетеді, нәтижеге жетуге көмектеседі.

Өз тарапымыздан мына ұсыныстарды жолдаймыз.

1) Құқық қорғау органдары жанындағы оқу орындарында қазақ жазуының тарихымен таныстыратын курстар оқытылуы керек деп санаймыз. Бұл болашақ мамандардың қазақ жазуының қалыптасуы мен болашағын саралай білу арқылы өз қызметіндегі тіл қолданысының шеңберін кеңейтуіне, дамытуына жол ашады. Осы курстар шеңберінде қазақ әліпбиінің емлелік ережелері негізінде салалық мәтіндерді жаңа әліпбимен жазуда тәжірибелік машықтандыра, дағдыландыра оқытуға басымдылық беру қажет.

2) Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің әрқайсысы қазақ әліпбиінің дамуына өз құзыреті шеңберінде үлес қосуы керек. Ол - тергеуші хаттамасының, прокурордың айыптау сөзінің үлгісі, сондай-ақ құқық қорғау қызметінің қолданысында қажетті құжаттардың шаблондық т.б. жаңа әліпбиде жазылған үлгісі болуы мүмкін. Яғни, жаңа әліпбиге негізделген іс қағаздарының анықтамалығын ұйымдастыру (соның ішінде электронды) т.б.

3) Қазақ әліпбидің өзгерумен көптеген сөздердің жазылуы мен айтылуында өзгерістер болады. Яғни, жаңа қазақ әліпбиінде жоқ әріптермен берілген кирил графикасындағы заң терминдерін дыбыстық өзгеріспен немесе баламасын берумен, туыстас халықтардың сөзін алумен жаңғыртуды ұсынамыз. Яғни, жаңа қазақ әліпбиіне негізделген заң терминдері бойынша орфографиялық сөздіктер, елді-мекен атауларының дұрыс жазылуы және кісі есімдерін дұрыс ресімдеуде қажетті құқық қорғау органдарының жергілікті мекемелеріне ұсыну үшін «Топонимдер», «Антропонимдік» сөздіктер құрастыруға (соның ішінде электронды) атсалысу қажет.

4) Қазақ тілін оқыту курстарынан бастап, барлық оқыту ұйымдарындағы жүргізілетін қазақ тілі, кәсіби қазақ тілі пәндерін оқыту әдістемелерін толықтай өзгерту керек. Мемлекеттік қызметшілерді, барлық сала кадрларын оқыту, іс жүргізуді үйрететін қысқа мерзімді он-лайн курстар, вебинарлар ұйымдастыру керек. Алғашқы бір-екі жыл мемлекет қаражатынан, содан кейінгі уақытта қызметкер қаражатынан болғаны дұрыс.



5) Мемлекет тарапынан жаңа әліпбиді оқытуға, үйретуге бөлінетін қаражатты қазақ әліпбиінің дамуына өз құзыреті шеңберінде үлес қосқан нақты құқық қорғау қызметкерлерін марапаттауға жұмсауды ұсынамыз. Өткен тәжірибе Мемлекет тарапынан тілді оқытуға бөлінген қаражаттың басым бөлігінің нәтижеге жетудегі тиімсіздігін анықтап отыр. Қаражат бөлінді – тіл орталықтары жұмыс жасады, оқытты – қазақ тілінде сөйлеп кеткендер немесе жазып кеткендер саны біз күткеннен әлдеғайда аз болып шықты. Сондықтан қателікті қайталағанша жаңа бәсекелестік деңгейде яғни қызметкерлердің өз қызметтері шеңберінде қазақ жазуының дамуына қосқан үлесі бойынша оның еңбегін бағалау керек. Сонда қызметкердің жазу, сөйлеу құзыреті күнделікті қызметте отырып-ақ ешбір тіл орталықтарын жағаламай-ақ қазақ жазуын дамытудағы үлесі артады. Ол сол қызметі үшін тағы да қосымша қаражатты болады.

6) Бүгінде қазақ әліпбиі бар. Ол Елбасының Жарлығымен бекітілді. Қазақ филологтары қазақ жазуының емлелік ережелерін жасау үстінде. Емлелік ережені зерттеу үшін әріптерді - сөз, сөз тіркесі, сөйлем сипатында айналымға енгізу қажет. Сонда қазақ жазуының емлелік сипаттамасы жан-жақты ашылып, айқындалатыны белгілі. Ол үшін заң мәтінімен күнделікті қызмет барысында тікелей айналысып отырған заңгерлер, салалық ғалымдар осы мәселеге атсалысулары қажет. Жазу кезіндегі қиындықтар немесе туындаған сұрақтар бойынша тиісті мамандардың көмегіне жүгінулері қажет.

7) Құқық қорғау органдарының бірінде осы мәселелерді жинақтап, реттеуші орталықтың құрылуы қажет. Ол орталық құқық қорғау органдарының қазақ әліпбиі, қазақ жазуына қатысты мәселелердің дамуына ықпал жасауы керек.

Осы мәселелер үнемі барлық құқық қорғау қызметкерлерінің назарында болуы қажет деп топшылаймыз, себебі қызметте қолданбайтын, қабылдамайтын тілдің болашағы жоқ.

Қазақ жазуын латын графикасымен жасауда еңбектеніп жүрген азаматтардың қай-қайсының да ортаға салып жатқан пікірлері оң. Олар әр аспектіде осы ортақ мәселенің шешімін табу жолында бірін-бірі толықтыруда. Сондықтан ұлттық әліпбидің жасалуында да әр пікір маңызды.

Жазу - адамзат дамуындағы қол жеткен ең маңызды құндылық. Бүгінгі тарих тағылымы жазуы бар, сол жазуын сақтаған елдің рухани мәдениетін терең бағалап, өз бетінен ең бір қадірлі орнын белгілейді. Төл жазуын қасиеттеп, киелі санап, ие болған ел мәдениет тарихынан өзінің тиянақты орнын тұрақты белгілей алады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру //Егемен Қазақстан. 24.04.2017.

2. «Түркі жазбалары мен мәдениеті күндері» шарасы аясында өткізілген «Тамыры терең әліпби: жалпы түркілік бірегейліктің мызғымас негізі»



халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары – Алматы, 2017. – 320 б.

3. Машқанова Н.Т. Ахмет Байтұрсынов – қазақ жазуының реформаторы. Ф.ғ.к. дәрежесін алу үшін дайындалған дисс. -Алматы, - 1994. – 154 б.



УДК 10.02.02

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚУАТТЫ ҚҰРЫЛЫМДАРЫНЫҢ ЛАТЫН ӘЛІПБИІНЕ КӨШУ МӘСЕЛЕСІ

Мамаева Г.Б.

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметі академиясы кәсіби тіл дайындығы кафедрасының доценті, филология ғылымдарының кандидаты, майор

Түйіндеме

Мақалада ҚР Елбасының қазақ алфавитіне қатысты саясатына, қазақ әліпбиінің тарихына шолу жасалған. Өзбекстанның латын әліпбиіне көшуінде болған қиындықтарға салыстырмалы түрде сипаттама беріліп, ҚР қуатты құрылымдарында қызметтік құжаттардың латын әліпбиіне көшуінде болатын қиындықтарды алға тартып, олардан шығу жолдары көрсетілген.

Аннотация

В статье приводится краткий обзор политики, проводимой Президентом относительно казахского алфавита, истории казахской письменности. Автор в качестве сравнения приводит трудности, с которыми столкнулся Узбекистан при переходе на латинский алфавит, а также указывает на проблемы, которые могут возникнуть в силовых структурах РК при переводе служебной документации на латинскую графику, вместе с тем в статье приводятся и пути их решения.

Annotation

The article provides a brief overview of the policy pursued by the President concerning the Kazakh alphabet, the history of Kazakh script. The author gives as a comparison the difficulties faced by Uzbekistan in the transition to the Latin alphabet, and also points out the problems that can arise in the power structures of the Republic of Kazakhstan when translating official documents into Latin script, but also the ways of their solution are given in the article.

Тірек сөздер: латын әліпбиі, кириллица, жазба тіл, іс жүргізу, қызметтік-жауынгерлік іс-құжаттарын ресімдеу, грамматикалық сауаттылық, сөйлеу мәдениеті.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2017 жылы 12 сәуірде «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында: «Біріншіден, қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру жұмыстарын бастауымыз керек.



Біз бұл мәселеге неғұрлым дәйектілік қажеттігін терең түсініп, байыппен қарап келеміз және оған кірісуге тәуелсіздік алғаннан бері мұқият дайындалдық», - деп айтқан еді. «Біз 2025 жылдан бастап әліпбиімізді латын қарпіне, латын әліпбиіне көшіруге кірісуіміз керек. Бұл - ұлт болып шешуге тиіс принципті мәселе. Бір кезде тарих бедерінде біз мұндай қадамды жасағанбыз. Балаларымыздың болашағы үшін осындай шешім қабылдауға тиіспіз және бұл әлеммен бірлесе түсуімізге, балаларымыздың ағылшын тілі мен интернет тілін жетік игеруіне, ең бастысы – қазақ тілін жаңғыртуға жағдай туғызады», - деп латын әліпбиіне көшудің қажеттілігін атап өтті [1].

Соңғы екі-үш жылдың көлемінде қазақ әліпбиін латынға көшіру мәселесі тұрғысынан халық арасында әр түрлі қарама-қайшы пікірлер қалыптасып келеді. Кейбіреулер қазақ әліпбиінің кириллицада қала беруін, латын әліпбиіне көшсек, қазақ әліпбиіндегі сауатсыздықтың белең алатынын болжап айтса, қалғандары елдің көшінде қалмай, басқа халықтар сияқты еуропаға жақындап, еліміздің мәдениеті мен білімін дамыту үшін латиницаға көшкенімізді қалайды.

Жалпы, латын әліпбиі әлемде кеңінен қолданылады. Латын әліпбиі б.з.б. ҮІІ ғасырда Римде грек және этрус әліпбиінің таримағы ретінде пайда болып, б.з. І ғасырда қалыптасқан. Орта ғасырда латын әліпбиі Еуропаға тарады. Африка, Америка және Азия халықтары латын әліпбиін жазба тілінде кеңінен пайдаланады. ХХ ғасыр басында түркі халықтарының батыстың ықпалына түсуі, батыс елдерінің мәдениетімен таныстығы артты. Түркі халықтарының ішінде ең бірінші болып Түрік және Әзірбайжан мемлекеті араб графикасын тастап, латын әліпбиіне өтті. Латын алфавиті реформасы Еуропа елдеріне жақындау, өркениетке ілесу, ғылым-білімді дамыту, модернизация, халық ағарту ісі мақсатымен жүргізіледі.

Қазақ әліпбиінің тарихында қазақтар латын әліпбиімен алғаш кездесіп тұрған жоқ. Қазақ әліпбиі тағдыр-талайды басыннан кешірді. Қазақ әліпбиінің тарихына тоқталсақ, 1926 жылы Баку қаласында түркі тілінің мамандары бас қосқан конгресс өтіп, Қазақстан делегациясын бастап барған Ахмет Байтұрсынов араб графикасының жетілдірілген нұсқасы, яғни сол кездері қолданыста болған «төте жазу» жобасын жақтады. Бұның себебі сол уақыттың өзінде Татарстан мен Қазақстанда араб жазуының жетілдірілген нұсқалары енгізіліп, халық арасында кеңінен қолданысқа түсіп, кітаптар, журналдар төте жазумен шыға бастады. Сол кездегі тағы бір қоғам қайраткері Нәзір Төрекұлов түркі тілдес халықтардың ортақ әліпбиін жасау жөніндегі комиссияға төрағалық етіп, араб әліпбиінен латын әліпбиіне көшуді жақтап, «Біртұтас түрік алфавиті» жобасын құрды.

Алфавит туралы ескі араб жазуында қалайық деуші «арабшылар» мен жаңа латын жазуына көшейік деуші «латыншылар» арасында қызу пікірталастар сол кездегі Қазақ елінің астанасы Қызылордада жүрді. 1928 жылы 14 желтоқсанда өткен Қазақстан орталық атқару комитетінің ІҮ сессиясында 29 таңбаға негізделген Қазақ латын алфавиті қабылданды. Бірақ 30 жылдардың соңында Сталин жаппай қуғын-сүргін саясатын жүргізіп, енді бүкіл елді



орыстандыру саясатына басымдылық берді. 1938 жылы СССР Халық комиссарлар кеңесінің және Комунистік партия Орталық комитетінің «Ұлттық республикалар мен облыстарды орыс тілін міндетті түрде оқыту туралы» қаулысы шығып, кириллицаға көшірді. Кириллица негізіндегі қазақ алфавиті 1940 жылы 10 қарашада Қазақ ССР Жоғары Кеңесінің 5-сессиясының қаулысымен қабылданды. Қазіргі кездегі орыс кириллица графикасы негізіндегі қазақ алфавитін филология ғылымдарының докторы, түрколог Сәрсен Аманжолов жасады [3]. Міне, содан бері сексен жылға жуық кириллицамен сауатын ашып, жазба тілде қолданып келеді. Ендігі мәселе – бір ғасырдан астам уақыт бойы қол үзген латиницаға қалай ораламыз деген сұрақ. Латын тіліне көшсек, алдымызда бізді не күтеді: сауаттылық па, сауатсыздық па? Орыс тілінің ықпалынан шыға алмай, мемлекеттік қызметкерлерінің (оның ішінде басшылық құрамы) басым бөлігі орыс тілінде сөйлейтін елдің латын әліпбиіне көшуге дайындығы бар ма?

ТМД елдерінің ішінде алғашқыларының бірі болып латын әліпбиіне көшкен Өзбекстан Республикасы болды. Қазақстанның жазба тілінің латын әліпбиіне көшуінде қандай қиындықтар мен тиімділіктер күтіп тұрғанын осы өзбек әліпбиі негізінде болжап байқауға болады. Өзбекстанда 1989 жылы «Мемлекеттік тіл туралы» Заңын қабылдап, елдің шығармашылық және зиялы қауымы жас мемлекет өзбек тілінің әліпбиі реформасын жасау қажеттілігі туралы ұсыныс жасайды. Латын тілін жақтаушылар оны тарихи тұрғыда латын графикасы басымдық ететін халықаралық әліпбиі деп есептеп, өзбек тілін әлемдік ақпараттық және мәдени кеңістікте теңестіру қажет деп түсінеді. «Латын графикасы арқылы шет тілін үйрену де оңай болады. Сондай-ақ, латын графикасы кириллицаға қарағанда түркі тілдеріне көбірек жақын және ыңғайлы, тиімді», - деп басшылыққа өз пікірлерін жеткізді. Осы негізде ел басшысы шығармашылық зиялы қауымды қолдап, 1993 жылғы 2 қыркүйекте «Латын графикасына негізделген өзбек алфавитін енгізу туралы» Заң қабылдады. Латын әліпбиіне көшу 2005-2010 жылдар аралығын қамтып, бірталай қиындықтар мен кедергілер кездесті. Экономикалық жағдайы орташа мемлекетке латын әліпбиіне көшуде бірнеше миллион долларға шақты. Елдің басқа ұлт азаматтарына латын әліпбиін игеру өте қиын болды және латынша шетелдік өзбектер жаза алмады. Латын тілін мектеп оқу бағдарламасына енгізіп, көше аттары, кинофильмдердегі титрлар латынша да, кириллицада да жазылды. Ғаламтор сайттарында екі әліпбиі де қолданылса, кітап баспаларында оқырмандарын жоғалтпау үшін кітаптардың жазба тілін кириллицамен шығарды. Іс қағаздарын жүргізуді латын әліпбиіне көшіру қиындық туғызып жатыр. Өйткені жергілікті тұрғындардың басым бөлігі кеңестік дәуірде кириллицамен білім алған және де министрлер кабинетіндегі ресми құжаттама, қылмыстық іс жүргізу құжаттары, ведомстволық ережелер, нұсқаулар, статистикалық және қаржылық есептер – барлығы кириллица әліпбиімен басылып жүр. Ұлттық валютасы да екі алфавитті қатар қолданған [2]. Яғни Өзбекстан халқы кириллицаны да, латынды да қатар қолданады. Өзбекстанның



латын әліпбиіне көшкеніне 30 жылдан астам уақыт өтсе де, тілші ғалымдарының пікірінше, әлі де болса қиындықтар кездеседі деуге болады.

Ал енді қазақ әліпбиіне келер болсақ, өзбектердің латын әліпбиін жаппай енгізуінде кездескен қиындықтар бізді де күтіп тұрғанын байқауға болады. Ондай күрделі мәселелер әсіресе қуатты құрылымдардың қызметтік-жауынгерлік іс-құжаттарын қазақ тілінде ресімдеу барысында кездеседі. Өкінішке орай, тәуелсіздігімізді алып, мемлекеттік тіл етіп ана тілімізді белгілегенімізге отыз жылға жуық уақыт өтсе де, орыс тілінің шырмауынан шыға алмай, қызметтік құжаттарымыздың басым бөлігін орыс тілінде ресімдеп, орыс тілінде әскери отырыстар мен жиындар өткізіп, орыс тілі қуатты құрылымдарда қарым-қатынас тілі екені ешкімге жасырын емес. Әрине, бағынышты басшысына қарап барып соның ізімен жүреді. Сол сияқты БАҚ-тан ҚР Парламентінде, Үкіметінде, жергілікті билік органдарында министрлер мен басшылардың орыс тілінде отырыстар өткізгеніне қарап, ана тіліне көшу үдерісі асықпайтынын байқауға болады. Конституцияда қазақ тілі мемлекеттік тіл болып белгілеген соң қазақ тілін мемлекеттік органдарға жаппай енгізуге байланысты заңдар, нормативтік-құқықтық актілер жарық көрді. Тіл туралы заң актілерінің негізінде Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері, басқа да әскерлер мен әскери құрылымдарының Жалпыәскери жарғысында мынадай талаптар жазылған: «14. Қарулы Күштерінде мемлекеттік тілмен қатар ресми тілде орыс тілі де қолданылады. Әрбір әскери қызметшінің борышы – Қазақстан халықтарының консолидациясының басты факторы болып табылатын мемлекеттік тілді меңгеру. Командирлер (бастықтар) мемлекеттік тілді жан-жақты дамытып, барлық әскери қызметшілердің мемлекеттік тілді еркін және тегін меңгеруіне ұйымдастырушылық, материалдық-техникалық жағдай жасауға міндетті». Құжаттар жарық көріп, талаптар қойылғанымен, қазақ тілінің әскери ортада кеңінен өріс алуына жағдай жасалып жатқан жоқ. Әрине, тілді дамытуға қатысты ғылыми конференциялар өткізіліп, әрбір әскери бөлімде мемлекеттік тіл бөлімі құрылып, қазақ тілінен сабақтар, тілдер мерекесі күндері мерекелік іс-шаралар өткізіледі. Бірақ аталған іс-шаралардың өткізілуі қазақ тілінің жаппай қолданылуына мүмкіндік туғыза алмай отыр. Статистикалық тұрғыда әскери құрылымдардың әскери қызметшілерінің басым бөлігі қазақ тілін еркін меңгермегендіктен, мемлекеттік тілде іс жүргізіп, қызметтік құжат ресімдей алмайды. Ал, мемлекеттік тіліміз – қазақ тілін дамытып, қолданыс аясын кеңейтпей жатып, латын әліпбиіне көше алуымыз екіталай. Тілі дамымаған құрылымдарда еріксіз түрде барлық құжаттарды латынша әліпбиге көшірген жағдайда жазба тілінде жаппай сауатсыздық белес алады. Сондықтан латын әліпбиіне көшу мақсатында әскери құрылымдарда ең алдымен қазақ тілінің өрісін кеңейтіп, дайындық жасау қажет.

Жоғарыда айтылып кеткен өзбек тілінің тәжірибесіне сүйенсек, Өзбекстан біздің еліміз сияқты өз ана тілінен Кеңестік Одақта да қол үзбеген. Тәуелсіздігін алғанға дейін де өзбектер ана тілінің қолданысын кеңейтіп, отбасылық тәрбиеде де, мемлекеттік саяси тұрғыдан да әрбір тұрғыннан өзбек



тілін меңгеруді талап еткен. Тәуелсіз Өзбекстанда басқа ұлттың өкілдерінің Қазақстанға қоныс аударуына да осы тіл саясаты себеп болды. Өзбектер тілдік саясатын сақтап қалса да, латын әліпбиіне көшу үдерісі әлі күнге дейін ұзақ қалыптасуда. Ал басым бөлігі орыс тілді азаматтарды құрайтын біздің елдің латын әліпбиіне көшуі екі есе қиындықты бастан кешуі мүмкін. Сондықтан латын тіліне көшу үшін қол қусырып отырмай, қазірден бастап дайындық жұмыстарына көшу керек.

1. Басқа ұлт өкілдеріне қиындық тудырмас үшін командалық құрам тарапынан әрбір әскери қызметшінің мемлекеттік тілді терең меңгеріп, қолдана алуына мүмкіндік туғызатын жағдай жасалуы керек. Сонымен қатар, тілдің аясын кеңейту туралы нормативтік құжат қабылданып, оның мазмұны бойынша қазақ тілін белгілі бір деңгейде (орта, ортадан жоғары) меңгерген әрбір әскери қызметшіге мемлекеттік тілде қызметтік-жауынгерлік іс-құжаттарын ресімдеуге талап қойылып, ол талаптың орындалуы қатаң қадағалануы қажет.

2. Жоғары лауазымдарға әскери қызметшінің мемлекеттік тілді меңгеру деңгейіне қарай тағайындаған дұрыс. Өйткені қазақ тілін жетік білген басшы өзінің бағыныштыларының қазақ тілінде құжаттарды ресімдеуін қатаң қадағалайды.

3. Әскери қызметшілердің мемлекеттік тілде қызметтік-жауынгерлік іс-құжаттарын сауатты ресімдеуін іске асыру үшін формальды емес, жүйелі түрде өзекті тақырыптар бойынша қазақ тілінен сабақтар өткізілгені дұрыс (аударма жасау тәсілдері, кәсіби терминдердің қолданылуы, жазбаша грамматикалық сауаттылықты қалыптастыру, қызметтік-жауынгерлік іс-құжаттарын қазақ тілінде ресімдеу тәртібі, сөйлеу мәдениетін дамыту мәселелері бойынша). Сабақ нәтижесі бойынша Қазтест тарапынан тестілеу жүргізіліп, әскери қызметшілердің тілді меңгеру деңгейі белгіленген соң, деңгейлеріне қарай қызметтік-жауынгерлік құжаттарды ресімдеуге жіберген жөн.


4. Әскери ұйымдарда қазіргі таңдағы келелі мәселе – терминдер мен кәсіби сөздердің бірізденуі. Өкінішке орай әр әскери ұйымда белгілі бір термин әр түрлі нұсқада қолданылады. Кейбір халықаралық терминдер қазақ тіліне аударылып, түсініксіз жағдайлар туындап жүр. Осы жағдайдың алдын алу мақсатында әскери ұйымдарда аударма мәселесі, қызметтік-жауынгерлік іс-құжаттарын қазақ тілінде ресімдеу талаптары, т.б. тілге қатысты өзекті мәселелер көбірек қарастырылып, дөңгелек үстелдер, конференциялар өткізіліп, терминдерді бекітіп, біріздендіру жұмысы алға қойылуы керек. Яғни ол отырыстар тек ғылыми қызметкерлер ғана емес, тәжірибесі мол командалық құрамның, командирлердің тікелей қатысуымен өткізілгені дұрыс.

Қазақ тілінің әскери ұйымда қолданылу аясын бір негізге келтіріп, әскери қызметшілердің басым бөлігі қазақ тілінде сауатты құжат толтыра алған жағдайда ғана жазба тілімізді латын әрпіне көшіру мүмкіндігі туады. Сонда ғана әріпті игеруде кездесетін қиындықтарды жеңіл өткеруге мүмкіндік бар. Болашақта әскери құрылымдарда сауатсыздық жайлатпай, латын әрпіне көшуді дайындықты қазірден бастаған жөн.



Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә., «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Қазақстан халқына Жолдауы \ 2012 жылғы 14 желтоқсан.
2. Шухрат Хуррамов, Долгая дорога к латинице: чему учит 23-летний опыт Узбекистана? 365 Info.kz
3. Латын әліпбиі: рухани тәуелсіздік жолы / Қазақ үні, 11 сәуір 2017 жыл, 7 б.



ӘОЖ: 94(574)

ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫН ТҮРКІ ӘЛЕМІМЕН ТАБЫСТЫРАТЫН ЛАТЫН ӘЛІПБИІ ТУРАЛЫ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР

Абдурахманов Н.А.

Оңтүстік Қазақстан медициналық
академиясының Қазақстан тарихы және
әлеуметтік-қоғамдық пәндер кафедрасының
доценті м.а., т.ғ.к.

Түйіндеме

Латын әліпбиіне көшу мәселесі - қазақ қоғамын түркі дүниесімен рухани тұрғыда жақындастыратын батыл қадам. Сондықтан латын қарпіне негізделген әліпбиге өтудің ең алдымен ұлттық мүддеден туындап отырғандығын түйсініп, қоғамның рухани кеңістігін кеңейтетін осынау оң бастамаға барынша қолдау білдіргеніміз абзал. Таяуда ел Парламентінде өткен осы мәселеге қатысты талдау мен латын әліпбиінің жаңа жобасына арналған тыңдауда да сан түрлі пікір-ескертпелердің, ұсыныс-тілектердің айтылуы, қоғам белсенділерінің өз ұстанымдарын барынша батыл байқатуы өзінің өркениеттік тандауын жасаған ұлтымыздың ұлы мұраттарға бастайтын жаңа белестерге бет алғанын көрсетеді. Қалай дегенде де бүгінде латын жазуының жаһандық ақпарат таратудың басты құралына айналғанын ешкім де жоққа шығара алмайды. Біз де осынау шағын мақаламызда сол кезеңдегі әліпби төңірегіндегі айтыс-тартысқа, әліппе мәселесіне келгенде қақ жарылған қазақ зиялыларының ұстанымдарына аз-кем тоқталсақ дейміз.

Аннотация

Переход на латиницу - решительный и смелый шаг для еще более крепкого сближения в духовном отношении казахского общества с тюркским миром. Большинство наших родственных стран из тюркского мира использует латинский алфавит. Это является наглядным показателем удобства латиницы для звуков, присущих только тюркским языкам. В мире все инновационные новшества, в первую очередь, производятся на латинской графике. Поэтому всесторонняя поддержка перехода на латинские буквы в наших национальных интересах, а также для расширения духовного пространства общества. В связи с этим в данной статье анализируется история предпосылки и причины перехода на латиницу в Казахстане в 1920-1930-е годы. Рассматриваются различные дискуссионные направления по данной тематике среди интеллигенции казахского народа.



Annotation

The transition to the latin alphabet is a decisive and courageous step for an even closer rapprochement of the kazakh society with the turkic world. Most of our sister countries from the turkic world use the latin alphabet. This is a visual indicator of the convenience of the latin for sounds that are inherent only in the turkic languages. In the world, all innovative innovations, first of all, are produced on the latin chart. There fore, comprehensive support for the transition to latin letters in our national interests, as well as to expand the spiritual space of society. In this regard, this article analyzes the background of the background and the reasons for the transition to the latin alphabet in Kazakhstan in the 1920s-1930s. Various dissusive directions on this subject are considered among the intellectual of the kazakh people.

Тірек сөздер: латын әліпбиі, латындастыру, араб графикасы, сауаттандыру, ұлттық мүдде.

Жалпы ақиқатын айтқанда араб жазуының артықшылықтарын дәлелдеп баққан Ахмет Байтұрсынұлы бастаған топ та, латын әліпбиіне көшудің заман талабынан туындап отырғанын айтқан Н. Төрекұлов, М. Мұрзин бастаған тұлғаларымыз да ұлт мүддесі дегенде аянып қалған жоқ, жалтақтық танытпады. Ал А. Байтұрсынұлының араб графикасына негізделген алфавитінің өміршеңдік тауып, ел қолдаған емленің 1924 жылы маусым айында Орынборда өткен қазақ-қырғыз білімпаздарының съезінде қабылданғаны баршамызға мәлім. Осы келелі кеңесте әліпбиге қатысты баяндама оқыған А. Байтұрсынұлы былай деген екен: «Араб әрпінен жасап алған әліпбиімізге жер жүзінде әліпби баламасы жетпейді. Араб әрпімен түзеген емлемізге бізге мәлім емлелердің бірі жетпейді. Мұны ешкім бекер деп айта алмайды. Түзелген араб әрпі арқылы жазу машинасына бір түгілі, екі түрлі әріп қоюға болады. Түзелген әріп терушілердің де бейнетін жеңілдетейін деп отыр. Осының бәрі араб әрпінің қай жағынан болса да, қалай жұмсаймын десе де келе беретін, көне беретін ыңғайлы, қолайлы әріп екенін көрсетеді» [1].

Айтса айтқандай «Ахаң түрлеген ана тілінің» ғұмыры ұзақ болды. Оның қазақша әліппе ретінде белгілі болған, Орынбордағы «Каримов. Хусаинов и К» баспаханасында 1912 жылы басылған «Оқу құралы» еңбегі, кейіннен «Казиздат» баспасы арқылы елмен қауышып, 1926 жылы Қызылордада жарық көрген «Әліп-би» атты жаңа оқу құралы да жұртшылықтың көңілінен шықты. Әсіресе жоғарыда аталған «Әліп-би» еңбегінің алғы сөзінде ұлт ұстазы төңкерістен кейін базбір елдердің «тұтас оқу» жүйесі арқылы алға ілгерілеп, ал шама-шарқы белгілі, құрал-сайманы жеткіліксіз елдердің көш соңында келе жатқанын айта келе: «Арттағы жұрттың бірі - қазақ. Басқалар жаңаланып жатқанын көріп, біз де жаңаланғымыз келеді, бірақ, не пайда! Көңіліміз тілегенмен, қолымыз жетпейді. Іске жалғыз көңіл ғана емес, қол да керек. Сондықтан жаңаланамыз десек те, жаңалық бізден әлі алыс жатыр. Бұл әліб-бій кітабы жаңа әдіске көшу жүзіндегі көңіл тілегі мен қол қысқалығын бір-біріне



жанастырып, жақындастыру шарасын табу түрде шығарылып отыр. Үйрету жағынан «дыбыс әдісі» мен «тұтас оқу» әдісінің екеуіне бірдей жарарлығы көзделді. Мазмұн жағынан қазақ жағдайына жанастырылып, жаңа проғраммаша (Гуус проғрамынша) болуы көзделді.

Қазақстанда сүгіретші болмағандықтан, қазақ тұрмысына арналған даяр сүгіреттер табылмағандықтан, бұл әліп-бій кітабында да сүгірет жағынан кемшілік көп. Онысы оңдала жатар. Мұғалімдерден өтінеріміз: бұрынғы «Оқу құралы» мен бұл «Жаңа құрал» екеуінің қайсысы үйретуге жеңіл? Екінші сөзбен айтқанда, қайсысымен оқытқанда балалар оқу мен жазуды тез үйренеді? Осы жағынан тәжірибе түйілсе екен. 90 проценті қат білмейтін жұртқа оқу мен жазуды оңай үйрететін әліп-бій кітабынан артығы жоқ. Аш адам астың бабы мен дәміне қарамайды. Қазақ оқу жағынан қандай ашығып отырғанын топырлап мекеме алдын тоздырып, оқитын орын таба алмай жүрген қазақ балалары көрсетіп отыр. Сол ашығып отырған қазаққа бабын-дәмін келтіріп соңыра беретін асыңнан, бабы, дәмі кем болса да әзір берген асың артық. Тамақты қарны тойыңқырап, қанағаттанған кезде талғайды» [2], -деп бұл саланың түйткілді мәселелерін тізбелеумен бірге, өз оқулықтарының олқы тұстарынан да оқырмандарын хабардар ете кетеді. Әліпби атаулының тек сауат ашу құралы ғана емес, ілім - білім үйренудің қайнар-бастауы екендігін де жан-жүрегімен сезінеді.

Балаға қазақша хат танытуға бар болғаны бір-ақ жыл керек екендігін алға тартқан реформатор-ғалым А. Байтұрсынов біздіңше халқымыздың табиғи қалпын сақтап қалу мақсатында білім беру жүйесінде ана тілімен оқыту тәсілін ұстанып, латыншаға бар болмысымен қарсы шықты. Тіпті: «Араб әліппесі қазақ арасына дінмен бірге таралған, сіңген, дінменен бірге байласқан әліппені алып тастап, басқа әліппені алдыру қиын жұмыс...» [3], -деп батыл байлам жасайды, ұлттық рухани құндылықтар қатарына кіретін әліпбиді қаймағы бұзылмаған күйде келешек ұрпаққа дін аман аманаттауды ұлттық мүддеге сай келетін абыройлы іс деп біледі. Десек те сол орыстың ірі ғалымдарының өзі мойындап, сол 1924-1931 жылдарда «Байтурсуновская графика», «Байтурсуновский алфавит» аталып, түркі әліпбилері ішіндегі ғылыми түрде жүйеленген үлкен жетістік саналған бұл әліпби неден жазықты болды? Мұнда ұлттың рухани түлеуін көздеуден гөрі әкімшіл-әміршіл жүйенің саяси мақсаты басым болған сияқты. Қазақ жазуын бір емес үш мәрте ауыстырған кеңестік тоталитарлық билік сол мақсатына жетті де. Әсіресе осы кезеңде халқымызды рухани тамырынан, түркілік болмысынан бездіру үдерісі аса қарқынды жүргізілді.

Әйтпесе түркі жұртының 90 пайызы араб жазуын пайдаланып жатқан тұста латыншаға өтуге қажеттілік бар ма еді? Демек, Кеңес үкіметі осынау астарлы саясаты арқылы бізді керісінше түркі әлемінен барынша оқшаулауға тырысып бақты. Мұны А. Байтұрсынұлының әліпбиді жақтаған баяндамасынан да айқын көруге болады. Осы баяндамасында ол: «... Латын әрпін бірден алып, бірден соған түсіп кетуге одан да көп қаржы мен қайрат керек. Ондай бірден табыла қоятын мол қаржы мен қайрат түрік жұрттарында тағы жоқ. Бірден



мұғалімдердің бәрін латынша үйретіп, бірден баспаханалардағы әріптерді латынға айналдырып, адамдарын латынша үйретіп, оқу кітаптарын латынша бастырып, арабша сауаттыларды латынша сауаттандырып жіберу адамның керек қылуын былай қоя тұрғанда да, он шақты күнде, он шақты миллион қаржымен біте қоятын жұмыс емес. Солай болған соң әріп алмастыру деген жеңіл мәселе болып шықпайды», -деп ұлт келешегі үшін шырылдайды.

Латыншаға өтудің қарсаңындағы жоғарыда аталған екі топтың арасындағы тартыс, пікірталас 1926 жылы ақпан мен наурыз айларында Баку қаласында өткен Бүкілодақтық түріктанушылардың Бірінші съезінде үдей түсті. Нәтижесінде бұл мәселеге дауыс беру барысында 7 адам қарсы болып, латыншаға өтуді жақтаушы делегаттардың саны 101-ге жетті. Осы съезге еліміз атынан арнайы қатысқан А. Байтұрсынов, Е. Омаров, Б. Сүлеев, Ә. Байсейітовтер арасында әсіресе латыншаны қолдаған Н. Төрәқұловтың еңбегі ерекше атап өтуге тұрарлық-ақ. Ол өзінің «Жаңа әліппе» (Мәскеу, 1924), кітабында, сол Бакудегі басқосуда оқыған баяндамасында да түркі тілдерінің табиғатын терең білетінін аңғартып, ескі араб әліппесін оң бағалаумен бірге жаңа қоғамда жаңа әліппеге өту қажеттілігі туындап отырғанын жұртшылыққа жеткізген еді. Сондықтан оның оқу-ағарту саласына арнаған мақалаларынан бөлек «Қырғыз-қазақ үшін жаңа әліппе» (1924), «Жаңа әліппе неге керек?» (1926) атты кітаптарының лайықты бағасын беретін уақыт келді деп білеміз. Өйткені кеңестік құйтырқы саясаттың әсерінен бұл әліппенің ғұмыры қысқа болса да, белгілі нәзіртанушы А. Балтабайұлы атап көрсеткендей, Н. Төрәқұлов Жаңа түркі әліппесі жөніндегі комиссияның төрағасы ретінде араб жазуынан латыншаға өтудің қажеттігін негіздеді. Латыншаға көшірудің барлық түркі этностарына, ұлттық сезіміне, жазба мәдениетіне қатыстылығын анық біліп, дайындық кезеңінің басты міндеті бір жағынан үгіт-насихатқа мейлінше зейін қою, латыншаға көшуге көмектесетін жергілікті ұйымдастыруды нығайту, екінші жағынан жаңа түрік әліппесіне көшуді ғылыми негіздеуді қамтамасыз ету деп санады [4].

Дегенмен, Төрәқұловтай тұлғаның бұл ұсыныс-ұстанымдары барынша ескерілді дей алмаймыз. Себебі еліміздің мектептері мен жоғары оқу орындарына латын әліппесі бірден енгізілді де, оны үйретуде ересектер мен жастар түгел қамтылып, халық тұрмысында толықтай көрініс тапқанымен, оқу құралдарының жетіспеушілігі, оқу сағаттарының аздығы үлкен кедергі келтірді. Сондай-ақ латын жазуы әріптерінің жиі өзгеріске ұшырауы қарапайым халық арасында түсінбестік тудырып, оқытушылардың өзін сарсаңға салып қойды. Міне, осы тұста Алаш қайраткерлерінің босқа қауіптенбегені байқалып қалды. Бәлкім олар бұл алдарқатудың кириллицаға өтудегі уақытша баспалдақ екенін сезген де болар. Олай дейтініміз, Қазақстанның сол жылдардағы оқу-ағарту комиссариаты тарапынан мектепте оқыту туралы шығарған қарардың 7-тармағындағы: «Орыс тілі Қазақстанда мемлекет тілі; орыс тілі қазақ пролетариатына, қазақ жұмысшыларына басшылық жасап тұрған орыс пролетариатының тілі. Орыс тілі ғылым-техника саласында жер жүзіндегі ең



бай тіл. Орыс тілі қазақ жұмысшыларының ең керекті тілі. Сол үшін орыс тілін білу Қазақстанның әрбір жұмысшысына міндетті. Осы жағдаймен қазақ мектебі оқушыларына орыс тілін жақсы үйретіп шығарған уақытта ғана совет мектебі бола алады. Орыс тілін жақсы үйреткенде ғана қызметшілерге болған мұқтаждығымызды қанағаттандырып, қоғамдық құрылыстың құралы бола алады. Сол себепті қазақ мектептерінде (ең кешіккенде бастауыш мектептердің 3-сыныбынан бастап) орыс тілі міндетті пән болып оқытылып, маңызды орын алуы керек» [5] деген жолдар осыны меңзейтін сияқты. Қалай болғанда да пролетариат көсемі Лениннің өзі «Бұл-Күншығыстағы мәдени революция» деп «баға» берген латыншаға өтудің жедел әрі қарқынды жүргізілгені анық. Осылайша Алаштың Ахметі өз баяндамасында жақсы әліпби тілге шақ болуы керек, жазуға жеңіл болуы тиіс, баспа ісіне де, үйретуге де қолайлы, тілге шақ болғаны жөн деген жақсы әліпбидің қасиеттері жайындағы ескертпелері елеусіз қалғандай. Ал латындастыру ісінің әсіре науқаншылдықпен жүзеге асқандығын 1929-1939 жылдары «Жас Түркістан» журналында жарық көрген «Аткелтір» деген бүркеншік автордың «Жаңа түрік латын әліппесі» мақаласынан да көруге болады. Қараңыз: «... Қазақстанда бірінші басқыш мектептер түгелдей жаңа әліппеге көшкен. 2-басқыш мектептер үшін жалғыз қоғамдық сабақтар ғана жаңа әліппеде басылған. Осы жылдың 4 октябрінде, яғни Қазақстан Советтік Республикасының 10 жылдық мерекесіне шейін Қазақстан халқының жүзден он бесін жаңа әліппемен сауаттандыруға тырысуда. Күнделікті баспасөзден «Қызыл әскер» газетасы, «Жаңа мектеп» және «Жаршы» журналдары, 1928 жылдан бастап «Әйел теңдігі», «Жаңа әдебиет», «Қызыл Қазақстан» журналдары, яғни осы жылдың февраль айынан бастап дерліктей жаңа әліппемен шығады. Май айының 5-нен бастап бүкіл қазақ газеталары 2 бетін латын әріптерімен теруге мәжбүр. 4 октябрден бастап барлығы латын әріптеріне көшірілмек» [6]. Толық айтқанда, алдымен Ташкентте, соңынан Қызылордада өткен латыншаға қатысты конференциялардан кейін 1929 жылғы 7 тамызда КСРО Орталық Атқару Комитеті мен КСРО Халық Комиссарлары Кеңесі латындандырылған жаңа әліпби – «Біртұтас түркі алфавитін» енгізу туралы қаулыны қабылдап та жіберді.

Негізін латын әрпі құрайтын бұл жазудың 1940 жылға дейін ғана қолданылғаны белгілі. Ал осы кеңестік кезеңдегі латын әліпбиінің жобаларының бірін бұл әліпбиді қолдамайтынын ашық айтса да, Х. Досмұхамедұлы жасап берді. Сондай-ақ 28 әріптен тұратын Н. Төреқұловтың жобасы да сол кездегі мерзімді басылымдарда жарияланып, 1929 жылы Қызылордада өткен конференцияда Т. Шонанұлы, Е. Омаров, Қ. Кемеңгеров, Қ. Жұбанов, т.б. қолдап-қуаттауымен латын әліпбиі қолданысқа енген еді. Кейіннен 1933 жылы оған Қ. Жұбанов, сонымен бірге С. Жиенбаев пен С. Аманжолов бірқатар толықтырулар мен түзетулер енгізді.

Шындығында Кеңестік Қазақстандағы латын әліпбиі мәселесінің Алаш мүддесі тұрғысынан қайта қарастыруды талап ететіні де еш талас тудырмайды.



Біз де латыншаға өтудің бүгінгі жарқын болашаққа бет алған жаңа қазақ қоғамында аса маңызды міндет екендігін құптай отырып, ұлттық мүддемізбен, межелі мақсаттарымызбен сәйкесетін осынау тарихи қадамды қолдау – ел келешегіне бей-жай қарамайтын әрбір отандасымыздың азаматтық һәм перзенттік парызы деп білеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Смағұлова С. «Әліпби жолындағы тартыстар» Класс – тайм, №11. 2013ж, 13 наурыз.
2. Байтұрсынов А. Әліб-биі. // Шығармалар жинағы.4-том – Алматы: Ел-шежіре, 2013,39-40б.
3. Сонда. 323 б.
4. Балтабайұлы А. Жұлдызды ғұмыр. Егемен Қазақстан, 18 тамыз, 2017ж
5. Алаш көсемсөзі: Тіл мәселесі. . 2-том. А-2014, 223б.
6. Сонда. 234 б.



ОӘЖ 930.24

«ЛАТЫН ӘЛІПБИІНЕ КӨШУДІҢ МАҢЫЗЫ МЕН МӘНІ»

Уалиев М.Е.

Қазақстан Республикасы ІІМ
Б. Бейсенов атындағы Қарағанды
академиясының аға оқытушысы, з.ғ.м.,
полиция майоры

Құлынтай М.

Қазақстан Республикасы ІІМ
Б. Бейсенов атындағы Қарағанды
академиясының оқытушысы, г.ғ.м.,
полиция аға лейтенанты.

Түйіндеме

Мақалада Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында қарастырылған латын әліпбиінің маңызы мен мәні қарастырылды. Аталмыш мақалада сонымен қатар, Қазақ елінің рухани жаңғыруының бастауы мен оның негізгі мәселелері зерттелді. Сонымен қатар, рухани жаңғырудың негізгі тірегінің бірі латын әліпбиіне көшу екені анықталды. Жалпы латын әліпбиінің тарихына тоқтала отырып өзекті мәселесі зерттеледі. Латын әліпбиіне байланысты басқа да тұлғалардың көзқарасын салыстырмалы түрде ала отырып қорытынды шығарған.

Аталмыш мақалада латын әліпбиінің тарихы мен латын әліпбиінің негізгі міндеттері қарастырылған. Сонымен қатар соңғы қабылданған 2018 жылғы 19 ақпандағы Қазақстан Республикасының Президентінің №637 Қаулысындағы негізгі өзгерістерін қарастыра отырып, оның тиімділігіне тоқталған.

Аннотация

В данной статье рассматривается актуальность и значимость перехода казахского алфавита на латинскую графику, отраженных в статье Главы государства «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру». Таким образом в работе рассматриваются первопричины и основные проблемы модернизации общественного сознания. По мнению авторов, одной из основ модернизации общества выступает переход на латинскую графику. В частности, рассматриваются актуальные проблемы функционирования латиницы, на основе чего анализируются мнения и предложения по введению латинской графики.

Также в данной статье рассматриваются исторические этапы развития казахского алфавита. Более того, рассматривается вариант латинского



алфавита, утвержденный Постановлением Президента Республики Казахстан от 19 апреля 2018 года № 637.

Annotation

The given article considers the actual issues and significance of transfer of the Kazakh language to Latin graphics provided in the Article of the Head of the State “Modernization of society”. Thus, the work regards the prerequisites and main issues of modernization of society. In the authors’ opinion the transfer of the Kazakh language to Latin graphics is considered to be one of the bases of modernization of society. In particular, the issues of functioning of Latin graphics are considered. Therefore various viewpoints are taken into account.

The main tasks of the Latin graphics are taken into consideration. The basis for the investigation is in the project of the Latin graphics provided in the Decree 637 of 19 April, 2017 and approve by the President of the Republic of Kazakhstan N.Nazarbayev.

Тірек сөздер: латын әліпби, жаңғыру, қоғам, сана, тіл.

Елабасы Н. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы бүгінгі таңда өте өзекті мақала болып табылады. Аталмыш мақалада көптеген мәселелер көтерілді. Мемлекет басшысы Н. Назарбаев «Рухани жаңғыру» сөзіне аса мән беруді ұсынды. Жалпы «жаңғыру» сөзіне тоқтала кетсек. Жаңғыру, даму режимі. Бұл режимде қоғамның саяси жүйесі үздіксіз кемелденіп отырады, онда жаңғыру тенденциясы басым болады. Ол жеткілікті түрде белсенді жаңғыруларды қабылдайды, уақыттың саяси талаптарына сай жаңаруға талпынады. Саяси практиканың қызмет етуінің бұл режимі компоненттері саяси белсенділікті, саяси қатынастар субъектілерінің белсенділігін қамтамасыз ететін, сондай-ақ қоғамдық өмірдің барлық негізгі тенденцияларының жүзеге асу мүмкіндігі заңды тұрғыда болатын жоғары дамыған демократиялық-саяси мәдениет жағдайында ғана мүмкін болады. Мемлекеттік билік құрушы құрылымдары қажетті әлеуметтік-саяси заңдық мүмкіндіктерге, аса жоғары заңдылыққа және саяси тұрақтылық жағдайын қамтамасыз етуге бағытталған әсер ету құралдары мен әдістері арсеналына ие [1].

Елбасы Н. Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында қазақ тілін латын әліпбиіне көшіру мәселесіне ерекше назар аударды. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың 2017 жылы 12 сәуірде «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында: «Біріншіден, қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру жұмыстарын бастауымыз керек. Біз бұл мәселеге неғұрлым дәйектілік қажеттігін терең түсініп, байыппен қарап келеміз және оған кірісуге Тәуелсіздік алғаннан бері мұқият дайындалдық» деп айтқан еді. 1929 жылғы 7 тамызда КСРО Орталық Атқару Комитеті мен КСРО Халық Комиссарлары Кеңесінің Президиумы латындандырылған жаңа әліпби – «Біртұтас түркі алфавитін»



енгізу туралы қаулы қабылдады. Латын әліпбиінің негізінде жасалған жазу үлгісі 1929 жылдан 1940 жылға дейін қолданылып, кейін кириллицаға ауыстырылды. 1940 жылғы 13 қарашада «Қазақ жазуын латындандырылған әліпбиден орыс графикасы негізіндегі жаңа әліпбиге көшіру туралы» заң қабылданды. Сондай-ақ, Елбасымыз өзінің 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан – 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Мемлекет өз тарапынан мемлекеттік тілдің позициясын нығайту үшін көп жұмыс атқарып келеді. Қазақ тілін кеңінен қолдану жөніндегі кешенді шараларды жүзеге асыруды жалғастыру керек. Біз 2025 жылдан бастап әліпбиімізді латын қарпіне, латын әліпбиіне көшіруге кірісуіміз керек. Бұл – ұлт болып шешуге тиіс принципті мәселе. Бір кезде тарих бедерінде біз мұндай қадамды жасағанбыз. Балаларымыздың болашағы үшін осындай шешім қабылдауға тиіспіз және бұл әлеммен бірлесе түсуімізге, балаларымыздың ағылшын тілі мен интернет тілін жетік игеруіне, ең бастысы – қазақ тілін жаңғыртуға жағдай туғызады» – деп латын әліпбиіне көшудің қажеттілігін атап өтті [2].

Расмен де латын әліпбиінің тарихы тереңде жатыр. Тарихи деректерге сүйенетін болсақ, 1929 жылға дейін Қазақстанда араб жазуы пайдаланылды. XX ғасырдың басында Ахмет Байтұрсынұлы ұсынысымен қазақ фонетикасының ерекшеліктері ескеріліп жасалған, араб графикасына негізделген «төте жазу» пайдаланылған. 1929-40 жылдар аралығында латын графикасына негізделген әліпбиді жазу жүйесіне енгізіп, 1940 жылдан бері қарай кирилл графикасы әліпбиін қолданып келеді. Мысалы, айта кетсек, Қазақ тілі үшін әр кезеңдерде және әр аймақтарда келесі жүйелер Қазақстан Республикасында - кирилл жазуы негізінде, ресми түрде Қазақстанның бүкіл жерінде және Моңғолияның Баян-Өлгей аймағында пайдаланылған. Тағы да көршілес Қырғызстан, Ресей, Түрікменстан және Өзбекстан елдерін бірыңғай мекендеген қазақ жұрты пайдаланады, сонымен бірге басқа ыдыраған КСРО республикаларында да пайдаланылады. Сонымен қатар Түркия, Германия, АҚШ т.б. батыс елдерінде қазақ диаспорасы әртүрлі қалыпты емес латын жазуын пайдаланады.

Бүгінгі күнгі бұқаралық ақпарат құралдары мен зиялы қауым өкілдері арасында кеңінен талқыланып жатқан мәселелердің бірі – осы қазақ тілін латын әліпбиіне көшіру үрдісі. Бұқаралық ақпарат деректеріне сүйенсек, бүгінде әлемнің 70% елдері латын жазуы арқылы білімді игеріп, ғылыми зерттеулермен танысуда. Бұл дегеніміз – білім, ғылым, саясат пен техника, мәдениет пен өнер, спорт т.б. қатысты жазбаша ақпараттың барлығы дерлік латын графикасымен беріледі, қоғамдық өмірдегі жаңалықтардың басым бөлігі осы графиканың негізінде таралады дегенді білідерді. Демек, латын әліпбиінің біздің отанымыздың әлемдегі дамыған 30 елдің қатарына қосылу талабының орындалуы жолында маңызды роль атқаратыны сөзсіз. Мемлекет басшысының «Латыншаға көшудің терең логикасы бар. Бұл қазіргі заманғы технологиялық ортаның, коммуникацияның, сондай-ақ, ХХІ ғасырдағы ғылыми және білім беру процесінің ерекшеліктеріне байланысты» Бұл арада біздің ұтар тұсымыз



көп. Өзіміз үшін ағылшын тілін үйреніп жатырмыз, ал ағылшын тілінде де осы латын әліпбиі қолданылады. Латын әліпбиімен әріп танитын ұрпақ үшін бұл өте тиімді. Ағылшын тілін де игеру осылайша оңайға түседі деген тұшымды ойы бүгінгі таңда латын әріпінің маңызын көрсетеді.

Белгілі философ Амангелді Айталы аталмыш мәселеде бірнеше елдің тәжірибесін салыстыра отырып қарастырған. Тоқтала кетсек, латын әліпбиіне көшкенде қазақ тілінің ахуалы қалай болмақ деген мәселе қоғамда қызу талқылануда. Қазақстан ғалымдары латын әліпбиіне көшкен Түркия, Әзербайжан және Өзбекстанның тәжірибесіндегі бірнеше ойымен бөлісті. 1. Күні бүгінге латын әліпбиіне 1928 жылы көшкенмен, әлі де түрік тілінің дыбыстық қорындағы бірқатар дыбыстарды таңбалайтын әріптер түріктер әліпби жүйесіне енбей қалған. Өзбектерде де ондай мәселе бар. 2. Әзербайжан, өзбектерді айтпағанда, түріктер сан ғасырлық араб графикаларына негізделген рухани мұраларын пайдалана алмай отыр. 3. Балалар әдебиеті тапшы. 4. Ғылыми әдебиет кирилл графикасында жазылған. Азербайжандар мен өзбектер де ана тілдерін толық меңгерген ұлттар. Қазақстандағы жағдай өзгеше. 2009 жылғы халық санағы бойынша қазақтардың 98,3% ауызекі тілді түсінеді, 95,4% еркін оқиды, 93,2% еркін жазады деп көрсеткен [3].

«Қазақ тілі әліпбиін кириллицадан латын графикасына көшіру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 26 қазандағы №569 Жарлығына өзгеріс енгізу туралы қаулы етілді: 1. «Қазақ тілі әліпбиін кириллицадан латын графикасына көшіру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 26 қазандағы №569 Жарлығына (Қазақстан Республикасы ПҰАЖ-ы, № 50-51-52, 326-құжат) мынадай өзгеріс енгізілді: аталған Жарлықпен бекітілген латын графикасына негізделген қазақ тілі әліпбиі осы Жарлыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын. 2. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаев Астана, Ақорда, 2018 жылғы 19 ақпан № 637 қаулысы. Аталмыш қаулыға тоқтала кетсек.

Қазақстан Президенті Н.А. Назарбаев 2018 жылдың 19 ақпан күні №637 Жарлыққа қол қойды. Онда «Қазақ тілін кириллицадан латын тіліне көшіру» туралы аса маңызды мәселе аталған. Қазақстан халқына лайықталған жаңа латын алфавитінде 32 әріп, оның ішінде қазақ тілінің төл әріптерін ерекшелеп көрсету үшін 6 әріп (ә, ғ, ң, ө, ү, у) көрсетілген. Одан кейін 2 әріп – ш, ч әріптерін екі әріпті қосып жазу арқылы берілген. Бұл нұсқа бұрынғыларына қарағанда жазудың ыңғайына дұрыс құрылған сияқты.

Латын графикасына негізделген қазақ тілі
ӘЛІПБИІ

№	Жазылуы	Дыбысталуы	№	Жазылуы	Дыбысталуы
1	A a	[a]	17	Ñ ñ	[ɲ]
2	Á á	[ə]	18	O o	[o]
3	B b	[b]	19	Ó ó	[e]
4	D d	[d]	20	P p	[p]
5	E e	[e]	21	Q q	[k]
6	F f	[f]	22	R r	[r]
7	G g	[g]	23	S s	[s]
8	Ĝ ĝ	[ɣ]	24	T t	[t]
9	H h	[x], [h]	25	U u	[y]
10	I i	[i]	26	Ú ú	[y]
11	İ i	[ɪ], [i]	27	V v	[v]
12	J j	[j]	28	Y y	[ɣ]
13	K k	[k]	29	Ý ý	[y]
14	L l	[l]	30	Z z	[z]
15	M m	[m]	31	Sh sh	[ʃ]
16	N n	[n]	32	Ch ch	[tʃ]

Бүгінде әлемде 4 млрд 200 млн адам осы латын әліпбиін қолданады. Олай болса, латын графикасына көшу арқылы әлемнің басқа мемлекеттерімен еркін қарым-қатынас жасауға жол ашылады. Осылайша латын тіліне көшу ағылшын тілін тез үйренуге жән көптілділікті дамытуға септігін тигізеді сөзсіз. Мамандардың пікірінше, латын әліпбиі компьютер тілі және тілімізді халықаралық дәрежеге шығуына жол ашады, түркі тілдес елдермен ынтымақтасуды кеңейтеді. Ендігі латын әліпбиін кімдерге қалай, қанша уақытта үйретуге болады деген мәселеге тіреледі. Латын әліпбиіне көшкен кейбір түркі тілді республикада мектеп оқушылары мен студент жастар тез меңгергендерімен ересектер, орта жастан асқандар үйрене алмай кириллицада қалып екі топ бірінің жазғанын бірі оқи алмай қиналуда екен. Менің ойымша, латын әліпбиін тезірек, ұйымдасқан түрде және ғылыми негізде үйретуге назар аудару керек сияқты. Латын әліпбиі ең алдымен қазақ ұлтына қатысты болғандықтан бәріміз жұмыла осы іске кірісуіміз қажет. Латын әліпбиін үйрену – латын тілін емес, таңбасын (әліпбиін) игеру деп айтсақ болады.

Қазіргі заманда әлем бойынша мойындалған және БҰҰ-да тіркелген 6 тіл бар. Олар: ағылшын, француз, араб, қытай, орыс және испан тілдері. Бұл тілдер жер шарының мемлекеттеріне кең таралған. Бүгінгі күні жаһандану заманында ақпарат алмасудың және технологияның тілі ағылшыншаға басымдық беріліп отыр. Өйткені, әлемге кең таралған ағылшын тілі көп қолданысқа ие екендігі белгілі. Яғни, ағылшын тілінің бүкіл әлем бойынша ортақ түсінісетін, ақпарат пен технологияны дамытуда үлкен артықшылығы бар. Енді, осындай жаһандану жағдайында Қазақстан Республикасы әлемдегі дамыған мемлекеттердің көшінен қалмау үшін және бүкіл дүниежүзілік ақпарат пен технологияның, білім мен ғылымның кеңістігіне енуі үшін аса қажет латын



алфавитін үйрену, меңгеруі және сол алфавитте жазуға көшуге қадам жасауы заман талабынан туындап отыр.

Ал бүгінгі таңда қазақ елі үшін латын әліпбиіне өту маңызды әрі ерекше қадам. Сондықтан да тарих көрсеткендей, еліміз үшін латын әліпбиінің уақыт қажеттілігі екені анық.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Жаңғыру. //kk.wikipedia/
2. Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы. //www.akorda.kz/
3. Латын әліпбиіне көшу мәселесі. //e-history.kz/





VI. ФОРМИРОВАНИЕ ПЕРЕДОВЫХ И ГЛОБАЛЬНЫХ ВЗГЛЯДОВ У ОБУЧАЮЩИХСЯ ВСУЗОВ В ЦИКЛЕ СОЦИАЛЬНО- ГУМАНИТАРНЫХ ДИСЦИПЛИН: ИСТОРИИ, ЯЗЫКОВ И КУЛЬТУРЫ

УДК 81.246.3

НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ ВНЕДРЕНИЯ ТРЕХЪЯЗЫЧНОГО ОБРАЗОВАНИЯ В КАЗАХСТАНЕ

Айсенов А.Б.

начальник кафедры языков
Костанайской академии МВД РК
имени Шракбека Кабылбаева
майор полиции, кандидат
филологических наук

Аннотация

В статье рассматриваются вопросы трехязычного образования в Казахстане. Идея развития трех языков: казахского как государственного, русского как языка межнационального общения и английского как международного впервые в Республике Казахстан была озвучена Главой государства Н. Назарбаевым. Этапы внедрения и принципы создания современной эффективной системы трехязычного образования показаны в основных программных документах. Также в статье описываются некоторые аспекты внедрения трехязычного образования в средних общеобразовательных учреждениях и вузах страны. Особое внимание уделено учебным предметам, которые преподаются в школах на целевом - втором языке. Показаны статистические данные количества учеников и студентов, обучающихся по программам трехязычного образования. Рассматриваются вопросы подготовки педагогических кадров, в частности проблемы подготовки профессорско-преподавательского состава, специалистов-предметников, осуществляющих преподавание не языковых дисциплин на английском языке.

Түйіндеме

Мақалада Қазақстандағы үштілділік білім беру мәселелері қарастырылады. Қазақ тілі - мемлекеттік тіл, орыс тілі - ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі - жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі ретінде үш тілді дамыту идеясын Қазақстан Республикасында алғашқы рет Елбасы Н. Назарбаев атап өткен болатын. Үштілділік білім берудің заманауи тиімді жүйесін енгізу кезеңі мен оны құру қиғидасы маңызды бағдарламалық құжаттарда көрсетілді. Сондай-ақ, мақалада үштілділік білім беруді еліміздің



жалпы орта білім беру мекемелерінде және жоғары оқу орындарында енгізудің бірсыпыра аспектілері жазылған. Мектептерде белгілі мақсатқа арналған екінші тілде оқытылып жатқан оқу пәндеріне ерекше көңіл бөлінеді. Үштілділік білім беру бағдарламасы бойынша білім алып жүрген оқушылар мен студенттер санының статистикалық деректері көрсетілген. Тілдік емес пәндерді ағылшын тілінде оқытуды жүзеге асыратын педагогикалық кадрларды даярлау, сонымен қатар профессорлық-оқытушылар құрамын, пән мамандарын даярлау мәселесі қарастырылады.

Annotation

The article considers issues of trilingual education in Kazakhstan. The idea of developing three languages: Kazakh as a state language, Russian as a language of interethnic communication and English as an international one in the Republic of Kazakhstan for the first time was announced by the Head of state N. Nazarbayev. Stages of implementation and the principles of creating a modern effective system of trilingual education are shown in the main program documents. Also, the article describes some aspects of the introduction of trilingual education in secondary and high schools of the country. Particular attention is paid to the subjects taught in schools in the target second language. The statistical data of the number of pupils and students studying under the trilingual education programs are shown. The questions of training of pedagogical personnel, in particular, the problems of training the teaching staff and subject specialists who teach non-linguistic disciplines in English are considered.

Ключевые слова: трехъязычие, образование, школы, вузы, педагогические кадры.

Современные исследования показывают, что распространение многоязычия в мире - закономерный процесс, обусловленный коренными изменениями в экономике, политике, культуре и образовании [1].

Идея трехъязычия в Республике Казахстане впервые была предложена Н. Назарбаевым в 2004 г. В 2006 г. на XII сессии Ассамблеи народа Казахстана Глава государства еще раз отметил, что знание, как минимум, трех языков важно для будущего наших детей. В 2007 г. в Послании народу Казахстана «Новый Казахстан в новом мире» Президент страны предложил начать поэтапную реализацию культурного проекта «Триединство языков», согласно которому необходимо развитие трех языков: казахского как государственного, русского как языка межнационального общения и английского как языка успешной интеграции в глобальную экономику [2].

В своем очередном Послании народу Казахстана «Новые возможности развития в условиях четвертой промышленной революции» Президент Республики Казахстан Н. Назарбаев еще раз подчеркнул важность знания трех языков: будущее казахстанцев – за свободным владением казахским, русским и английским языками [3].



Полиязычие было закреплено в следующих законодательных актах: Конституция Республики Казахстан, Закон Республики Казахстан «О языках», Закон «Об образовании», План нации – 100 конкретных шагов, Государственная программа развития и функционирования языков в Республике Казахстан на 2011-2020 годы, Государственная программа развития образования и науки в Республике Казахстан на 2016-2019 годы.

(студенттердің танымдық қызметін өзара әңгімелесу негізінде ұйымдастыру); 3) қорытынды бөлім. Әрбір оқу модулінің сағат саны әр түрлі. Бұл оқу бағдарламасы бойынша тақырыпқа, тақырыптар тобына тарауға бөлінген сағат санына байланысты. 7-12 сағаттан тұратын оқу модулі неғұрлым тиімді.

Жаңа ақпараттық технологиялар. Білім беру жүйесінде жаңа ақпараттық технология дегеніміз – оқу және оқу-әдістемелік материалдар жинағы, оқу қызметіндегі есептеуші техниканың техникалық құралдары, оқытушылар мен студенттер еңбектерін жүзеге асыру үшін оларды қолдану формалары мен әдістері деген анықтама беруге болады. Қазіргі кезде жаңа ақпараттық технология қызметінің құралы ретінде *компьютер* қолданылып жүр. Заман талабына сай барлық ЖОО компьютерлермен жабдықталып, ол студенттердің іс-әрекетінің интеллектуалды құрылысымен сәйкес келеді.

Компьютермен жұмыс істеу студенттің шығармашылық қабілетін дамытып, жалпы мәдениетінің деңгейі мен ықыласын көтереді.

Компьютерді сабақта қолданудың артықшылығы:

- ✓ пәннің бірнеше тақырыптарының қамтылуы;
- ✓ оқу материалының жеткізілу көрнектілігі, түсі, дауысы, қозғалысы;
- ✓ оқу тәжірибесінде көрсетілмейтін тәжірибелерді көруге болады;
- ✓ оқушылардың пәнге қызығушылығы артады.

Қашықтықтан оқыту (ҚО) – интернет жүйесі арқылы білім негіздеріне ұлттық халықаралық білім беру мекемелерінің мәліметтер негіздеріне қол жеткізу. Қашықтықтан оқыту формасын тәжірибеге ендірудің бірнеше артықшылықтары бар, себебі қашықтықтан оқыту негізгі сипаты мыналар болып табылады: 1) Икемділік. Студенттер дәріс және семинар сабақтарына жүйелі қатыспайды, олар өздеріне ыңғайлы уақытта, орында және қарқында жұмыс істейді. 2) Модульділік. Әрбір жеке курс белгілі бір сала жөнінде тұтас түсінікті қалыптастырады, ол бір – біріне тәуелді емес курстар жиынтығынан – модульдерден – жеке және топтық қажеттілікке жауап беретін оқу бағдарламасын жасауға мүмкіндік береді. 3) Экономикалық тиімділік. Әлемдік білім беру жүйесінің орташа бағасы қашықтықтан оқытудың дәстүрлі білім беру жүйесінен екі есе не одан да арзанға түсетінін көрсетіп отыр. 4) Оқытушының жаңа рөлі. Оған танымдық процестерді бағыттау, оқытылатын курсты түзету, кеңес беру, оқу бағдарламасын басшылыққа алу және т.б. сол сияқты жаңа қызметтер жүктеледі. 5) Білім берудің арнайы бақылауы – қашықтықтан ұйымдастырылған емтихандар, әңгімелесу, практикалық, курстық, дипломдық жұмыстар және т.б.

Едәуір көп тараған электрондық басылымдардың бірі – **электрондық оқулық (ЭО)** болып табылады. Оған мәтіндерден басқа студенттерге оқу материалын қабылдаудың әр түрлі формаларымен меңгеруге мүмкіндік беретін құрылымдық – логикалық сызбалар және көрнекі материалдар кіреді. Оларға сонымен қатар негізгі құқықтық құжаттар, терминдердің сөздігі, ақпаратты іздеу модульдері, тест кіруі мүмкін [2]. Электронды оқулықтың артықшылығына мыналарды жатқызуға болады: тәжірибені шұғыл кері




байланыспен қамтамасыз ету; ақпарат іздеуге көмек, гипермәтіндік түсіндірулерге бірнеше қайтара жүгінуде уақытты едәуір үнемдеу. Студенттің дара ерекшеліктерінің қарқынына орай белгілі бір тарау бойынша білімді тексеруге мүмкіндік береді.

Қазіргі кезде оқытушылар инновациялық технологиялар мен жаңа әдіс-тәсілдерді психологияны оқытуда пайдалана отырып, сабақтың сапалы әрі қызықты өтуіне, сонымен қатар танымдық белсенділіктерін қалыптастыру мен шығармашылық ойлауының дамуына, жалпы тұлғалық қасиеттерін арттыруға, жеке, жұппен және топтық жұмыс жасауға өз септіктерін тигізетіндері анық.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Нұрсұлтан Назарбаев. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. <https://aikyn.kz/2017/04/13/9894.html> – ғаламтор көзінен алынды.
2. Бадмаев Б.Ц. Методика преподавания психологии. – Москва «Владос», 2001. - 390 с.
3. Карандашев В.Н. Методика преподавания психологии. – СПб., 2005. - 250 с.
4. Бархаев Б.П. Методическое обеспечение преподавания психологии. – М., 2000. - 180 с.
5. Цукерман Г.А. Психология саморазвития: задача для подростков и их педагогов. – Рига: «Эксперимент», 1995. - 210 с.
6. Игры – обучение, тренинг, досуг / Под ред. В.В. Петрусинского // В четырех книгах. – М.: Новая школа, 1994. - 174 с.
7. Эльконин Д.Б. Психологическое развитие в детских возрастах. – Воронеж, 1995. - 320 с.
8. Жанпейісова М.М. Модульдік оқыту технологиясы. – Алматы, 2002. - 82 с.



ОӘЖ 574 (075.8)

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІІМ ВЕДОМСТВОЛЫҚ ЖОҒАРЫ
ОҚУ ОРЫНДАРЫНДАҒЫ БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНДЕ,
КУРСАНТТАРДЫҢ БОЙЫНДА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТТІ
ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ**

Баймуханов Е.М.

Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының жалпы білім беретін пәндер кафедрасының доценті, полиция майоры, с.ғ.к.

Асатаев С.А.

Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының жалпы білім беретін пәндер кафедрасының оқытушысы, полиция капитаны, экология магистрі

Түйіндеме

Қазіргі кезде адамзат қоғамының қоршаған ортамен қарым-қатынасын түсіну үшін экологияның ғылым ретінде маңыздылығы артуда. Ғылыми-техникалық үрдістің экологиялық кері әсерлері техникалық және экологиялық саясаттағы жіберілген қателіктерден туды, ал олар антропогендік әсердің экологиялық салдарын және экономикалық зарарын дұрыс бағаламаумен байланысты орын алды. Қоғам мен қоршаған орта арасындағы қарым-қатынастардың шиеленісуі жылдан-жылға күшейіп, экологиялық зардаптар тіршілікке қауіп төндіріп отыр. Болашақ құқық қорғау органдарының қызметкерлерін дайындауда, курсанттардың экологиялық санасын, экологиялық мәдениетін қалыптастыруда экологиялық білімнің маңызы зор. Бұл мақалада Қазақстан Республикасы ІІМ ведомстволық жоғары оқу орындарындағы білім беру процесінде, курсанттардың бойында экологиялық мәдениетті қалыптастыру жолдары көрсетіледі.

Аннотация

В настоящее время экология как наука приобретает огромное значение для понимания взаимоотношений человечества с окружающей средой. Негативные экологические последствия научно-технического прогресса обусловлены, как правило, ошибками в технической и экологической политике, связанными с недооценкой экологических последствий и экономического ущерба от антропогенных воздействий. Из-за обострения отношений между обществом и окружающей средой каждый год экологические последствия



ставят под угрозу жизнь. Экологическое образование играет важную роль в подготовке будущих сотрудников правоохранительных органов, формировании экологического сознания и экологической культуры курсантов. В данной статье рассматриваются вопросы пути формирования экологической культуры курсантов в образовательном процессе в ведомственных вузах МВД Республики Казахстан.

Annotation

Nowadays, ecology as a science is of great importance for understanding the relationship of mankind with the environment. Negative environmental consequences of scientific and technological progress are usually caused by mistakes in technical and environmental policies related to underestimation of environmental consequences and economic damage from anthropogenic influences. Because of the worsening of relations between society and the environment, environmental consequences threaten life every year. Environmental education plays an important role in the training of future law enforcement officers, the formation of environmental consciousness and the ecological culture of cadets. In the given article are investigated the questions of way formation of cadets ecological culture in educational process in law-enforcement educational institutions of MIA of the Republic of Kazakhstan.

Тірек сөздер: Экологиялық мәдениет, экологиялық сана, экологиялық білім мен тәрбие беру, қоршаған орта.

Адам жерде пайда болған кезден бастап оның биосфераға тигізетін әсері үнемі үдеп отырды. Бірақ тек индустриалдық қоғам және демографиялық жарылыс жағдайында ғана адам әрекетінің жағымсыз зардаптары ғаламдық сипатқа ие болды. Қоршаған орта бұған дейін ешқашан байқалмаған қарқынмен ластанып жатыр. Энергетикалық және минералдық ресурстардың сарқылу үрдісі байқала бастады. Антропогендік әрекеттің саналуан түрлері жануарлар мен өсімдіктердің көптеген түрлерінің тікелей немесе жанама түрде жойылуына әкеліп соқты. Табиғи ортаның химиялық ластануы, радиациялық жағдай, азық - түлік пен ауыз судың сапасының нашарлауы және т.б. халықтың денсаулығының нашарлауына әкеліп соқты. Бірқатар ғаламдық экологиялық проблемалар пайда болды: жылыжай эффектісі, озон қабатының жұқаруы, Әлемдік мұхиттың ластануы, шөлдену және т.б. Экономиканың экстенсивті дамуына байланысты экологиялық жағдай Қазақстанда да күрт нашарлады. Арал экожүйесінің бұзылуы, Каспий маңында және Шығыс Қазақстандағы қолайсыз экологиялық жағдай, Семей сынақ алаңына іргелес жатқан территориялар, топырақтың құнарсыздануы және т.т.

Бірқатар уақытқа дейін, Ле-Шателье принципіне сәйкес, адамның қоршаған ортаға әсері биосферадағы өтіп жатқан процестер нәтижесінде жұмсартылып келді. Бірақ қазіргі кезде антропогендік өзгерістер планетаның барлық дерлік экожүйелерінен байқалады, атмосфераның газдық құрамы, жердің энергетикалық балансы өзгерді. Бұл адамның әрекеті табиғатпен



қарама - қайшылыққа түсіп, «биосфера - адамзат» жүйесі барған сайын тепе - теңдік күйден ауытқып бара жатыр деген сөз, нәтижесінде әлемнің көптеген аймақтарында табиғаттың динамикалық тепе - теңдігі бұзылды. Барлығы жинала келіп қазіргі биосфераның жағдайының нашарлауына, адамның денсаулығы мен рухани дүниесінің бұзылуына себепші болады. Ғаламдық «қоғам - табиғат» жүйесіндегі тұрақты даму - әртүрлі деңгейдегі әлеуметтік - экологиялық жүйелерде динамикалық тепе - теңдікті сақтау болып табылады. Адамзат осыны неғұрлым ертерек түсініп осы жолға түссе, оның Жер бетінде тірі қалу мүмкіншілігіде соғұрлым жоғары болмақ. Бұл жолда мазмұны мен болмысы әрбір жеке тұлғаның және курсанттардың экологиялық дүниетанымы мен мәдениетін қалыптастыру болып табылатын экологиялық сауаттылық шешуші рөлге ие болады және оның негізін «Экологияның қазіргі замандағы проблемалары» пәні құрайды. Курстың негізгі мақсаты - табиғаттың және қоғамның тұрақты дамуының негізгі заңдылықтары туралы біртұтас түсінік қалыптастыру. Болашақ мамандар өздерінің кәсіптік білімдері мен дағдыларын шаруашылық қызмет әсерінен туып, күрделеніп жатқан экологиялық мәселелерді шешуде және болжауда жемісті пайдалана алады [1].

Экологиялық білім берудің негізгі мақсаты – қоршаған ортаға деген жауапкершілік қарым-қатынастарды қамтамасыз ету. Экологиялық білім беру дегенде әрбір адамның жалпы экологиялық мәдениеттілігін қалыптастыруға бағытталған үздіксіз білім, тәрбие беру және даму процестерін түсінеміз. Экологиялық білім мен тәрбие беру – көп сатылы процесс. Біріншіден, адамның, қоғамның қоршаған ортаға әсер ету ортасындағы білімнің ғылыми жүйесін негіздейді. Екіншіден, жеке тұлғаның адамгершілік дүниетанымын тәрбиелейді. Экологиялық білім мен тәрбие табиғат ресурстарын тиімді пайдалану және қоршаған ортаны қорғауда белсенді әрекет жасай алатын жеке тұлғаның экологиялық сенімін қалыптастырып, белсенділігін көтереді.

Курсанттардың экологиялық мәдениетін көтеруде бұқаралық ақпарат құралдарының, радио-теледидардан берілетін хабарлардың, дәрістердің, интернет көздерінен алынған экологиялық деректердің, курсанттардың экологиялық санасын қалыптастыруда рөлі айрықша. Сондай-ақ, олардың экологиялық мәдениетін қалыптастыратын семинар, баспасөз конференциялары, дөңгелек үстел т.б. экологиялық мәдениеттің қайнар көзі болып табылады.

2018 жылдың 10 қаңтарында жарияланған Қазақстан Республикасының Н.Ә. Назарбаевтың “Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері” атты Қазақстан халқына Жолдауында, Елбасы барлық жастағы азаматтарды қамтитын білім беру ісінде өзіміздің озық жүйемізді құруды жеделдету қажет – деген болатын [2].

Білім беру моделі деңгейі экономикалық және ғылыми-техникалық прогрестің ең негізгі көрсеткіші екені белгілі. Оқыту мен тәрбиелеудің үздіксіз процесі- сапалы білім беру.



Қазіргі таңда экологиялық білім берудің сапасын жақсартуда курсанттарды ізденіске, шығармашылыққа, сыни тұрғыдан ойлауға, шешім қабылдай алуға баулу керек. Еліміздегі заманауи білім берудің басты мақсаты болып үдемелі дамып келе жатқан ортада өмір сүруге қабілетті, өзінің жеке басының қамымен қатар қоғам мүддесі үшін күш-жігерін аямайтын жоғары білімді тұлғаны қалыптастыру болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.С. Ж. Колумбаева, Р. М. Білдебаева, М. Ә. Шәріпова. Экология және тұрақты даму. Оқу құралы. - Алматы : Қазақ университеті, 2012. - 5 б.

2.Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауы// «Орталық Қазақстан». 2018. – 11 қаңтар.



УДК 303.1.

ISSUES IN TEACHING RESEARCH METHODS AND METHODOLOGY IN THE SOCIAL AND HUMANITARIAN SCIENCES

Shakenova Zh.Zh.

a teacher of English of Social and Humanitarian Sciences department of the Academy of Law Enforcement Agencies by the General Prosecutor's Office of the Republic of Kazakhstan, Master of Pedagogical Sciences (Foreign Language)

Түйіндеме

Бұл мақалада заманауи әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдардың қолданбалы зерттеулерінің философиялық-әдіснамалық негіздері қарастырылған. Позитивистік әдіснаманың сандық зерттеулері мен феноменалдық әдіснаманың сапалық зерттеулері салыстырылды. Аталған мақалада әдіс және ғылыми зерттеулердің әдіснамасы түсініктерінің мазмұны ашылып, әдістердің категориялары мен қасиеттеріне мінездеме берілген. Әдіснама мен әдістің мағыналары ажыратылып, әлеуметтік ғылымдарының әдіснамасы айырмашылықтары айқындалған. Сонымен қатар ғылыми әдіснаманың тарихи өзгерістерге ұшырауы зерттелініп, ғылыми жаңалықтың логикасы мен ғылыми ізденістің логикасының негіздемелеріне талдау жасалынған. Сапалық зерттеулер негізінде әлеуметтік-гуманитарлық пәндерінің оқытылу әдістемесі мәселелері кеңінен қарастырылған.

Аннотация

В статье раскрываются философско-методологические и теоретические основания прикладных исследований в современных социально-гуманитарных науках. Проведено сравнение позитивистской методологии количественных исследований и феноменологической методологии качественных исследований. Даны ответы на вопросы о том, что представляют собой метод и методология научных исследований, как классифицируются методы и каковы их свойства, чем методика отличается от метода, а социально-научная методология от методологии гуманитарных наук, какие исторические формы принимала научная методология, на какой методологической основе строится логика научного открытия и логика научного поиска, а также рассмотрены методические вопросы преподавания социально-гуманитарных дисциплин на основе качественных исследований.



Annotation

The article reveals the philosophical-methodological and theoretical foundations of applied research in modern social and humanitarian sciences. The positivistic methodology of quantitative research and the phenomenological methodology of qualitative research are compared. It considers the history of studies on research methods from antiquity till now, discusses several ideas of researchers from different times. The article also answers the questions about what the method and methodology of scientific research is, how the methods are classified and what their properties are, what the technique differs from the method, and the natural science methodology from the methodology of the humanities, what historical forms the scientific methodology has taken, what is the historical methodology the logic of scientific research, on what methodological basis is built the logic of scientific discovery and the logic of scientific search. Also the article focuses on the issues of teaching social-humanitarian disciplines based on qualitative research.

Key words: social, science, humanitarian, methods, method.

Тірек сөздер: әлеуметтік, ғылым, гуманитарлық, әдістер, әдіс.

Ключевые слова: социальный, наука, гуманитарные, методы, метод.

The social sciences are a group of academic disciplines that study human aspects of the world, in particular those involving social behavior and society. These disciplines, focusing on the study of human social behavior, are clearly distinct from the physical sciences, that study non-living systems, by virtue of their subject matter. The social sciences differ from the humanities not so much in the content of the subject matter but more in that they emphasize the use of the scientific method in the study of human beings.

The term "social science" did not appear until the nineteenth century, when the social sciences began to be recognized as distinct disciplines. However, the origins of their ideas and goals are located much further back in time. Human beings have always been curious about themselves, their nature and behavior as individuals and as groups, their relationship to the natural environment, and to God. However, it is more difficult to study these topics than to study the natural environment or even theorize about the nature of God since the nature of the social scientific inquiry is necessarily subjective. We are studying ourselves. Perhaps, therefore, it was inevitable that scholars first developed their understanding of God and nature before making inroads into the study of human beings. The idea that society may be studied in a standardized and objective manner, with scholarly rules and methodology, is comparatively recent. The term "social science" first appeared in the 1824 book "An inquiry into the principles of the distribution of wealth most conducive to human happiness" by William Thompson (1775-1833). [1] Since the mid-twentieth century, the term "the social science" has come to refer generally to all those disciplines which analyze society and culture, from anthropology to linguistics. Whilst there is an evidence of early sociology in the Islamic Golden Age, and whilst philosophers



such as Confucius had long since theorized on topics as social roles. Nineteenth century French thinker August Comte (1798-1857) was the first to apply the scientific method to the social world, and coined the term “sociology” to describe the scientific study of human society. His own sociological scheme was based on the philosophy he called “Positivism”, in which he described human society as having developed through three stages, the third of which he called the “positive” stage. He believed that if one could grasp this progress one could prescribe the remedies for social ills.[2] Another route was initiated by Emile Durkheim, studying “social facts”. [3] A third, championed by figures such as Max Weber, developed in which social phenomena were identified with and understood. [4] With the late nineteenth century, attempts to apply equations to statements about human behavior became increasingly common. Among the first were the “Laws” of philology, which attempted to map the change over time of sounds in a language. In the first half of the twentieth century, statistics became a free-standing discipline of applied mathematics. Statistical methods were used confidently, for example in an increasingly mathematical and scientific view of biology by such pioneers as Gregor Mendel and Charles Darwin. This encouraged psychologists, sociologists, economists, and other social scientists to apply these methods to their fields of inquiry. The first thinkers to attempt to combine inquiry of the type they saw in Darwin with exploration of human relationships, were Sigmund Freud in Austria and William James in the United States. Freud’s theory of the functioning of the mind, and James’ work on experimental psychology had enormous impact on those that followed. [5] The industrial revolution created a series of social, economic, and political problems. To manage the new enterprise, private and governmental, required more data. More data required a means of reducing it to information upon which to make decisions. Numbers and charts could be interpreted more quickly and moved more efficiently than long texts. Social scientists employ a wide range of methods in order to analyze a vast breadth of social phenomena: from census survey data derived from millions of individuals, to the in-depth analysis of a single agent’s social experiences; from monitoring what is happening in the world today, to the investigation of ancient historical documents. Social research methods may be divided into two broad schools: 1) Quantitative designs approach social phenomena through quantifiable evidence, and often rely on statistical analysis of many cases (or across intentionally designed treatments in an experiment) to create valid and reliable general claims. 2) Qualitative designs emphasize understanding of social phenomena through direct observation, communication with participants, or analysis of texts, and may stress contextual and subjective accuracy over generality. However, social scientists commonly combine quantitative and qualitative approaches as part of a multi-strategy design. Increasingly, quantitative and qualitative methods began to be integrated in the study of human action and its implications and consequences. Methods in the social sciences are by definition methods that are applied to their subject matter, i.e., the human being, and how this subject matter is conceptualized invariably affects subsequent notions concerning



the learning about and the teaching of these methods. Consequently, ideas concerning the learning about and teaching of qualitative research methods will be discussed below to how qualitative methods are themselves conceptualized. What Are the Key Issues for Qualitative Research Methods in the Social Sciences? The producers of knowledge who affiliate with this style of research are configured heterogeneously in their epistemological convictions, their methodological decisions as well as in their preferences for specific methods. It can be assumed that putting on specific "knowledge-production goggles" by choosing a specific (thematically selective and focused) methodology entails a number of a priori epistemological decisions-regardless of whether the respective researcher is aware of this or not. A relatively undisputed feature of the scientific mode of knowledge is that its protagonists are advised to (self-) reflexively and (self-) critically question their approach and to make it explicit and to face and expose themselves to such criticism. A discussion of learning about and teaching qualitative methods thus requires the (previous or parallel) clarification and explication of the respective qualitative-methodological model of knowledge production. [6]In this respect, qualitative styles of research can be sorted along one dimension whose one pole is marked by a strongly holistic-somewhat paradigm-like-conception, and whose other pole is more marked by situationally pragmatic and opportunistic methodological practices. [7]

To illustrate the properties of the former paradigmatic pole:

- 1.The concept of research in the social sciences and humanities necessarily defines certain object attributes (characteristics of a "concept of humankind") that are given, interesting, and are focused (in contrast to other attributes which are considered as uninteresting or unimportant). For protagonists of a qualitative approach it is of importance that the "'research objects' are in principle beings with a similar structure, i.e. bodily-socio-cultural-historically constituted/formed persons with (self-) reflexive abilities. In this framework, the "fit" between the research method and salient characteristics of the "research objects" becomes a prime criterion in the selection of a specific method and methodology.

- 2.The way in which knowledge is generated implies a specific methodological conceptualization of research concerning the goals of the scientific endeavor. Some orientations aspire to an approximation of "objective reality", while others consider different constructions of the world (depending on perspective) as sufficiently interesting and important so as to reconstruct them, to compare them, to analyze their interactive developmental dynamics, and the like.

- 3.The research model pertains to a "complete" cycle of knowledge which does not only comprise the testing of a theory/hypothesis (prototypically in the sense of efforts toward the possibility for falsification), but extends to the process of representing the research object(ive), the generation of theories/hypotheses, the elaboration of theories, and the "theoretical saturation."

- 4.The research model comprises a sophisticated concept of what constitutes knowledge generation and what constitutes data. It focuses on and reflects upon our comprehension of selected parts of the world, while paying attention to the fact that



the observer, on the one hand, has certain epistemologically relevant (personal, among others) system characteristics and, on the other hand, is a (participating) member of that segment of the world that is under scrutiny. [8]

At this pole of our first dimension qualitative research is mainly understood as a research style, approach, or paradigm. The other pole is characterized by a pragmatically oriented concept of qualitative research. Here, qualitative research is conceptualized as an application of selected methods in order to answer specific research questions (i.e., local/situational problem solving strategies). Qualitative methods are thereby removed from the network of the above-mentioned epistemological and other constitutive assumptions. Against the background of such a pragmatically oriented understanding of qualitative research, research methods may be applied within in the framework of a "complete" theory-generating cycle of knowledge production; or alternatively, they may remain limited in their application to part of the cycle. Where qualitative methods are employed as mere "heuristics" that are supposed to serve to gain initial insights into the area of interest before "serious" forms of hypothesis testing are used, the opposite extreme of the above paradigmatic pole has been reached. [9] Depending on whether one understands qualitative methods in this pragmatic or in the former paradigmatic sense, different demands and ideas will naturally ensue concerning how qualitative methods are to be learnt and taught. Individual researchers' conceptualizations of qualitative methods in the social sciences will often be located somewhere between these two extremes. [10]

Which forms of qualitative methods instruction are practiced and how effective are they, how are they evaluated by instructors and by students? The teaching of qualitative methods cannot do without an- implicit or explicit-theory of how knowledge about qualitative research is learnt, and the ways in which qualitative methods are in fact taught range from the use of textbooks to having the students participate in actual qualitative research, supervising and socializing them into qualitative research. [11] How have instructors and students experienced these different instructional styles? What does the choice of a specific style depend on? This might, for instance, include the number of students in a course, the type of course (lecture, lab course, etc.), the institutional requirements, how the protagonists themselves conceptualize learning processes, methods instruction, or the "essence" of qualitative research ("procedure" or "mindset"?), affiliation to a specific discipline, or maybe differences between the various qualitative methods and approaches. [12] Another question that is raised in this context concerns the didactics of qualitative as opposed to quantitative research methods: does the teaching and learning of qualitative research methods require a different type of instruction than does the teaching and learning of quantitative research methods? In this context, the roles and the interpersonal relations between teachers and students seem relevant: qualitative research often involves greater personal proximity between the protagonists, greater involvement, and more reflection about such interpersonal aspects than is common in quantitative social science research. This arises from the



social "proximity" that characterizes qualitative research: personal proximity between the subject and the object of research also involves greater density of personal contacts between the researcher and their collaborators and supervisors. The personal relationship between teachers and students is perhaps of great importance in the instructional context: the instructor may, for instance, become something of a "key person" who facilitates the acquisition of a particular style of doing research. [13]In how far do institutional contexts affect the ways in which qualitative methods are taught and learnt? Qualitative methods instruction occurs inside a variety of institutional and curricular frameworks, such as: at universities and universities of applied sciences, at "independent institutes" and in organizations for continuing education/further training which work on the basis of payments/royalties, in different disciplines—such as sociology, education, ethnology, health sciences, psychology, linguistics, etc., each according a specific status to qualitative as opposed to quantitative research methods, for different purposes, for example, in the course of the introductory or BA-studies as part of an obligatory, general education in methods (which is often unpopular with the students), in the context of a specialization (that is selected by the students themselves) during the advanced or MA part of their studies, or when conducting research for their diploma/MA thesis or dissertation, in different "schools" of qualitative methodology (e.g., in objective/structural hermeneutics, in-depth hermeneutics, grounded-theory methodology and many others). [14]Is the ability to conduct qualitative research linked or even transferred to the (vocational) practice of the social sciences? Is an education in qualitative methodology able to teach competencies and skills which extend beyond the knowledge of methods into social science practice—for instance in education, in institutions, or in organizations? [15]This includes such skills and abilities as the above: sensitivity towards others in various respects and contexts, ability to interpret (verbal) interactions, tolerance of ambiguity; willingness to consider other persons as equally capable and authorized ("assumptions about the model of humankind"); openness; systemic thinking; ability to deal with opaque and complex situations whose results are still open; restraint concerning one's norms and values; willingness to reflect upon oneself, and so on. For the education of teachers, for example, there exist pertinent approaches and considerations. Does a qualitative style of research only appeal to those who possess these skills at least in rudimentary form, or are such skills in fact taught and fostered in the course of conducting qualitative research? And does this happen during the process of conducting research, or do the instructors function as role models who possess these competences and who put these into use in research as in teaching? This includes such skills and abilities as the above: sensitivity towards others in various respects and contexts, ability to interpret (verbal) interactions, tolerance of ambiguity; willingness to consider other persons as equally capable and authorized ("assumptions about the model of humankind"); openness; systemic thinking; ability to deal with opaque and complex situations whose results are still open; restraint concerning one's norms and values; willingness to reflect upon oneself, and so on.



For the education of teachers, for example, there exist pertinent approaches and considerations[16].

List of used literature:

1. Babbie, Earl. Lessons learned from teaching qualitative methods/ Qualitative Research Journal, Special Issue, 2003- (http://www.latrobe.edu.au/aqr/journal/special_AQR2003.pdf).-2006.
2. Breuer, Franz, Qualitative und quantitative Methoden: Positionen in der Psychologie und deren Wandel. Ein Kommentar zu Texten von Jochen Fahrenberg und Jürgen Rost. Forum Qualitative Sozialforschung / Forum: Qualitative Social Research.-2003-(http://www.qualitative-research.net/fqs-texte/2-03/2-03breuer-d.htm)
3. Breuer, Franz, Schritte des Arbeitsprozesses unter unserem Forschungsstil. In Franz Breuer (Ed.), Qualitative Psychologie. Grundlage, Methoden und Anwendung eines Forschungsstils.-1998.-Opladen: Westdeutscher Verlag, - (http://www.qualitativeforschung.de/publishing/modelle/psychologie/index.php)
4. Collins, Allan; Brown, John S. & Newman, Susan E., Cognitive apprenticeship: Teaching the craft of reading, writing, and mathematics. In Lauren B. Resnick (Ed.), Knowing, learning, and instruction. Essays in honour of Robert Glaser, 2004.
5. Dausien, Bettina (2007). Reflexivität, Vertrauen, Professionalität. Was Studierende in einer gemeinsamen Praxis qualitativer Forschung lernen können. Forum Qualitative Sozialforschung / Forum: Qualitative Social Research, 8(1).-2007.(http://qualitative-research.net/fqs/deb/07-1-D4Dausien-d.htm)
6. Denzin, Norman K. & Lincoln, Yvonna S. (Eds.) Handbook of qualitative research (2nd ed.). Thousand Oaks: Sage.-2000.
7. Dieris, Barbara (2007). Was ist qualitative Forschung? - Eine studentische Lernerfahrung. Forum Qualitative Sozialforschung / Forum: Qualitative Social Research, 8(1).-2007. (http://qualitative-research.net/fqs/deb/07-1-D4Dieris-d.htm).
8. Eakin, Joan M. & Mykhalovskiy, Eric (2005). Teaching against the grain: A workshop on teaching qualitative research in the health sciences. Conference report: A national workshop on teaching qualitative research in the health sciences. Forum Qualitative Sozialforschung / Forum: Qualitative Social Research.-2005.(http://www.qualitative-research.net/fqs-texte/2-05/05-2-42-e.htm).
9. Emerson, Robert M. Four ways to improve the craft of fieldwork. Journal of Contemporary Ethnography, 16(1), 1987.
10. Groeben, Norbert. Gibt es Wege aus der selbstverschuldeten Irrelevanz des qualitativen Offstreams? Forum Qualitative Sozialforschung / Forum: Qualitative Social Research, 7(4),(http://www.qualitative-research.net/fqs-texte/4-06/06-4-34-d.htm).-2006.



11. Hammersley, Martin. Teaching qualitative method: Craft, profession, or bricolage? In Clive Seale, Giampietro Gobo & David Silverman (Eds.), *Qualitative research practice*.-2004

12. Hood, Jane C. Teaching against the text: The case of qualitative methods. *Teaching Sociology*, 34(3), 2006.

13. Karp, David A. Social science, progress, and the ethnographer's craft. *Journal of Contemporary Ethnography*, 28(6), 1999.

14. Knoblauch, Hubert (2007). Thesenzur Lehr- und Lernbarkeit qualitativer Methoden. *Forum Qualitative Sozialforschung / Forum: Qualitative Social Research*, 8(1), -2007. (<http://qualitative-research.net/fqs/deb/07-1-D4Knoblauch-d.htm>).

15. Koob, Dirk (2007). Loriotals Symbolischer Interaktionist. Oder: Warum man selbst in der Badewanne gelegentlich soziale Ordnungen aushandeln muss. *Forum Qualitative Sozialforschung / Forum: Qualitative Social Research*, 8(1), -2007. (<http://www.qualitative-research.net/fqstexte/1-07/07-1-27-d.htm>)

16. Roth, Wolff-Michael (2006). Textbooks on qualitative research and method/methodology: Toward a praxis of method. *Forum Qualitative Sozialforschung / Forum: Qualitative Social Research*, 7(1), Art. 11, -2006. (<http://www.qualitative-research.net/fqs-texte/1-06/06-1-11-e.htm>)



СТУДЕНТТІҢ ТАНЫМДЫҚ - ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ДЕҢГЕЙІН ЖЕТІЛДІРУДЕГІ СЫН ТҰРҒЫСЫНАН ОЙЛАУ ӘДІСІНІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Болатбекова Н.Ж.

Еуразия гуманитарлық институты
«Педагогика» кафедрасының аға
оқытушысы, педагогика және
психология ғылымының магистрі

Түйіндеме

Мақалада білім берудің жаңа парадигмасы жағдайында студенттің танымдық-шығармашылық деңгейін жетілдірудегі сын тұрғысынан ойлау әдісінің маңыздылығы қарастырылады. Студенттің танымдық әрекетін басқару мен ұйымдастырудағы сабақтар барысына тоқталып, шығармашылық қабілеттерін дамытудың жолдарын айқындайды.

Аннотация

В статье рассматривается важность критического мышления в улучшении познавательного и творческого уровня студента в учебной программе. Он фокусируется на том, как управлять и организовывать познавательную деятельность студента и определяет способы развития творческих способностей.

Annotation

The article considers the importance of critical thinking in improving the cognitive and creative level of the student in the curriculum. He focuses on how to manage and organize the cognitive activities of the student and determines the ways of developing creative abilities.

Тірек сөздер: білім берудің жаңа парадигмасы, студенттің танымдық-шығармашылық әрекеті, сабақ құрылымы, сын тұрғысынан ойлау әдістерінің алгоритмі.

Қазақстан Республикасы тәуелсіз мемлекеттер қатарына қосылғаннан бері қоғамды ақпараттандырудан туындаған өзгерістер оның барлық салаларымен қатар жоғары оқу орнында білім беретін оқытушылар мен білім алушы студенттердің танымын жетілдіруге деген талаптану деңгейін туғызды. Жаһандану жағдайында оқытушылар мен болашақ маман иегерлерінің белсенділік әрекетінің көрінісі байқалады.

Білім беру үдерісін бүгінгі күн талабына сай жаңаша ұйымдастыру ғалымдардан оның философиялық, педагогикалық-психологиялық негіздерін, теориясы мен тәжірибесін терең зерттеуді, заманауи талаптарына қарай білім



беру технологиялары мен әдістерін, дүниетанымның ұстанымдарын қайта қарастыруды, рухани-адамгершілік құндылықтарға бетбұрыс жасауды талап етеді.

Қазіргі кездегі білім берудің жаңа парадигмасы жағдайында жеке тұлғаның шығармашылық бағыттылығы мен шығармашыл тұлғасын қалыптастыру мәселесіне қызығушылықтың артуы осы міндеттерді шешудің бағдары ретінде қарастырылып отыр. Сондықтан да студенттердің танымын жетілдіру жолдарын әдіснамалық-теориялық тұрғыда негіздеу және оны жүзеге асыруды әдістемелік жүйемен қамтамасыздандыру өзекті мәселе [1, б.7].

Яғни қазіргі қоғам талабына сай әлеуметтік бейімділігі жоғары, мәдениетті, ұлттық тәлім-тәрбие алған, білімі мен біліктерін өмірде пайдалана алатын, жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру мәселесі тұр. Білім беру жеке тұлғаға бағыттталып, педагогикалық үрдісте шәкіртті үнемі даму үстіндегі әрекет иесі - субъект ретіндегі орынға қойып отырғаны белгілі. Осындай мәселелердің шешімін табуда болашақ мамандарды дамыта оқыту мәселесінің өзектілігі айқындалады [2, б.94].

Студенттің танымдық әрекетін басқару мен ұйымдастыру, әсіресе дәрістік сабақтарға арнайы әдістемелік кешендер және дидактикалық нұсқаулар қолдану өте тиімді.

Оқыту барысында нақты семинар немесе дәріс деп бөлмеген дұрыс, ең қолайлы термин «сабақ». Сабақ формасын таңдау-әр оқытушының құқығы мен міндеті. Бірақта барлық оқыту процесі оқытушы мен студент арасында тығыз байланыста және интерактивті жағдайда болуы керек.

Кредиттік технология негізінде оқыту ұсынады:

- белгілі бір негізгі білім бойынша шешім қабылдау дағдыларын дамыту, шығармашылық қабілеті мен қиялын жетілдіру;
- тұлғаның даму ерекшеліктері негізінде ойлауды жүйелі дамыту;
- жекелік және топтық жағдайда білімді меңгеру;
- түрлі білім саласы негізінде танымдық деңгейлерін синтездік бақылау;
- эмоционалды қарым-қатынас стилі;
- оқытушылардың позициялары мен рөлі-ұйымдастырушы және көмекші (аналитикалық, бағыт-бағдар беруші) ретінде.

Оқыту міндеттері:

- белсенді іс әрекетті (мобильді) тұлғаны қалыптастыру;
- жағымды позицияда тәрбиелеу;
- коммуникабельдікті дамыту;
- бизнес-мәдениетті меңгеру;
- кәсібилік;
- өз пікірі мен ұстанымының болуы.

Кез келген сабақ құрылымы саналы және жүйелі түрде оқытушының қандай мақсатқа жеткісі келетіндігі айқын болуы керек. Қойылған мақсатқа жетудің құралдары айқындалып, содан кейін ғана оқытушы мақсатқа жету үшін қандай әрекет жасауды айқындайды.



Әр сабақ-бүтін оқу үрдісінің тіркесі. Сондықтанда кез келген сабақ 3 деңгейге сәйкес болуы керек:

- 1.Қабылдау, түсіну, меңгеру.
- 2.Білімді үлгі бойынша қолдану.
- 3.Білімді жаңа ситуацияда қолдану.

Сабақтың нәтижелі өтуі оқытушының сабаққа дайындық деңгейіне байланысты. Дайындықтың өзі сабақтың пәнаралық байланыс бойынша бір ізділігін жоспарлайды.

Сабаққа дайындық барысында мынандай жағдайларды нақтылау керек:

- студент нені меңгеруі тиіс;
- оқылатын білім шеңберу қандай басқа пәндермен байланысты;
- материалды қалай ұстау керек;
- студенттерге нақты түсінікте, материалды жеңіл меңгеруі үшін

қойылатын сұрақтардың мәнділігі.

Сабақты төмендегідей жағдайда ұйымдастыруға болады:

- материалды ұсыну барысында «негізгі тірек» сөздерге назар аудару;
- аналитикалық жағдайларға баса назар аудару, түрлі факторлардың өзара байланысы;

- студенттердің қызығушылығын ояту;
- ашық сұрақтар қою;
- бағдарлы шолу мен қорытынды жасау.

Ол үшін студенттің шығармашылық қабілеттерін дамыту мәселесін сабақ барысында басты қағида ретінде ұстану керек. Себебі, жаңа пәндердің пайда болуы, оқу мазмұнына шығармашылық тапсырмалардың енуі, арнайы педагогикалық әдістемелер, технологиялардың қолданыла бастауы, жоғары оқу орындарында кредиттік білім беру жүйесі ғылыми-зерттеу жұмыстарының жүргізілуіне үлкен мүмкіндік береді.

Шығармашылық педагогикасына байланысты философиялық ойларға, теориялық еңбектерге, зерттеулерге талдау жасау арқылы нақты жағдайларда шығармашылық іс-әрекеттің төмендегідей белгілерінің көрінетіндігі айқындалды:

- білім, білікті жаңа жағдайларда өз бетінше қолдана алуда;
- объектінің жаңа қызметін көре білуде;
- таныс әрекет түрлерін өздігінше құрастыру арқылы жаңалық жасауда;
- мәселені шешудің қалыптан тыс жолдарын ашуда.

Бұл шығармашылық күш-қуаты жаңа жағдайға сәйкес әрекет түрлерін өзгертуге, білім, білікті жаңа жағдайға тасымалдауға көмектесетін, ақылдың алғырлығы, ойдың оралымдылығы, өнертапқыштық, жаңалыққа ашықтық деп қорытынды жасауға негіз болды. Жеке тұлғаны адамзат баласының тәжірибесін өз әрекеті арқылы үйрену жағдайына қою-өзін-өзі тану, өзінің ішкі ақыл-ой, рухани күштерінің оянуына әкеледі.[3,б.28].

Шығармашылық - бұл адамның өмір шындығында өзін-өзі тануға ұмтылуы, ізденуі. Өмірде дұрыс жол табу үшін адам дұрыс ой түйіп, өздігінен



сапалы, дәлелді шешімдер қабылдай білуге үйренуі қажет. Адам бойындағы қабілеттерін дамытып, олардың өшуіне жол бермеу оның рухани күшін нығайтып, өмірден өз орнын табуға көмектеседі. Өйткені адам туынды ғана емес, жаратушы да. Ол өзін-өзі жетілдіруге де, сонымен қатар өзінен-өзі жойылуға да қабілетті. Адамның өз болмысын тануға ұмтылысына көмектесіп, тереңде жатқан талап-тілегін, қабілеттерін дамыту, сол арқылы оған толыққанды өмір сүру үшін рухани күш беру - білімнің басты мақсаты. Бұл үлкен жауапкершілік артатын күрделі мақсат. Оны шешу үшін ең алдымен оқыту мазмұны жаңартылып, әдіс-тәсілдің озығы өмірге келуі, олар әрбір азаматтың жеке басының қасиеттерін, қабілеттерін дамытып, шығармашылығын, талантын ұштайтындай болып ұйымдастырылуы қажет. Сонда ғана өз өміріне өзгеріс енгізе алатын, өз бетінше өмір сүру жолдарын таңдай алатын азаматтар тәрбиеленіп шығады. Шығармашылық сөзінің төркіні этимологиясы «шығару», «ойлап табу» дегенге келіп саяды. Демек, жаңа нәрсе ойлап табу, сол арқылы жетістікке қол жеткізу деп түсіну керек. «Шығармашылық» - жаңару рухани және материалдық құндылықтарды жасау жолындағы адам әрекетінің нәтижесі, жемісі. Демек, шығармашылық ұғымын бұрын болмаған жаңа нәрсені әрекет нәтижесінде тудыру, яғни жеке тұлғаның шығармашылығының туындысы деп және жеке тұлғаның қабілеті ғылым, өнер, білім, өндірісі, техника, тұрмыс мәдениеті, саясат және т.б салаларда жаңалық ашу, жаңаны жасау деп түсінеміз.

Студенттің шығармашылық қабілеттерін дамытудың жолдарын, құралдарын анықтау психология мен педагогика ғылымдарында өте ертеден зерттеліп келеді. Шығармашылық әлемдік мәдениеттің барлық дәуіріндегі ойшылдардың назарында болғандығын "шығармашылық теориясын" жасауға деген көптеген ізденістердің болғандығынан байқауға болады. Бұл әрекеттер өзінің логикалық шегіне жеткен деп айтуға болмайды.

Сондықтан шығармашылық педагогикасының негізгі мақсаты — бүгінгі күн талаптарынан туындаған, озық қоғамға лайықты жаңа сана, рухани сапаны қалыптастыру және дамытуда тың жолдар мен соны шешімдер іздестіру болып табылады [4, б.56].

Сонымен бірге студенттердің танымдық деңгейін дамытуда сын тұрғысынан ойлау әдісінің маңыздылығы зор екендігін байқауға болады. Сын тұрғысынан ойлауға американдық профессор Дэвид Клаустер төмендегідей анықтама береді. Оның анықтамасы бес пункттен тұрады:

1. Сыни тұрғыдан ойлау өзіндік және жеке ойлау болып табылады. Сыни тұрғыдан ойлауда идеяның ерекше болуы міндетті емес, ойлау өзіндік сипатта болу қажет. Ең негізгісі - оқушы нені ойлау керектігін өзі шешу керек.

2. Берілген ақпарат сыни тұрғыдан ойлаудың соңы емес, бастапқы пункті болып табылады. Терең ойлау үшін фактілер мен идеялар, мәтіндер мен теориялар, мәліметтер мен концепциялар секілді көптеген шикізаттарды өңдеу керек болады. Тек сыни тұрғыдан ойлаудың арқасында дәстүрлі таным процесі жекелік сипат алып, саналы, үздіксіз әрі өнімді бола бастайды.



3. Сыни тұрғыдан ойлау сұрақтар қойып, шешімін табуды қажет ететін мәселені анықтаудан басталады. Америка педагогі әрі философы Джон Дьюи «сыни тұрғыдан ойлау оқушылар тек нақты бір мәселемен айналысқанда ғана пайда болады. Мәселелерге ерекше көңіл аудару оқушылардың табиғи әуесқойлығын оятып, оларды сыни тұрғыдан ойлауға итермелейді.»

4. Сыни тұрғыдан ойлау көңілге қонымды, дәлелге ұмтылады. Бұлай ойлайтын адам мәселені шешудің жолын өзі іздеп табады да, сол шешімді негізі бар саналы дәлелдермен нақтылай түседі.

5. Сыни тұрғыдан ойлау әлеуметтік ойлау болып табылады. Барлық ойлар ортаға салынғанда тексеріліп, өткірлене түседі, әрі шыдамдылық, басқаны тындай білу және өз көзқарасына деген жауапкершілік секілді өнімді ой алмасуға өте қажет болатын сапалы өңдеулер жүріледі. Сын тұрғысынан ойлау әдіснамалық жағынан философияға негізделіп құрылса, оны жүзеге асыруда жүздеген стратегиялар қызмет атқарады.

Сыни ойлау әдісінің сабақты жүргізу құрылымы дәстүрлі құрылымнан өзгеше болып келеді. Мұнда:

1. Ой шақыру стратегиясы немесе қызығушылығын ояту (мотивация)

2. Мағынаны тану (жаңа ақпарат)

3. Ой толғанысы немесе ой қорытындысы (рефлексия) деп аталатын үш құрылымынан тұрады. Әр кезеңде жеке, жұпта, топта, ұжымда жұмыс жасалады.

Оқу іс әрекетіне қызығу туғызу, ояту – evocation. Бұл саты- танымдық іс әрекетті қалыптастыруда маңызды. Яғни, студенттер сабаққа белсене араласады, осы тақырыпқа байланысты білетіндерін пәнаралық байланыс негізінде еске түсіреді. Өз білімін талдауға ынталы болады. Бұрыннан білетінін жаңамен байланыстырады. Студент өз білімінің, ұғымының арқасында жаңа ұғым жасайды. Бұрынғы білімінің негізінде жаңа білім алады.

Меңгерген білімін реализациялау сатысы – realization. Мағынаны ұғыну, сабақта студенттердің белсенділігін арттыру жалғаса береді. Өз білімдерін, түсініктерін жазады, айтады. Жауаптарды өз ақпараттарына сүйеніп іздейді. Өзінің жеке түсінігін береді. Студенттерде оқу әрекетіне деген қызығу туады және өз пікірлерін қалыптастыруға үйренеді.

Рефлексиялық саты – reflection. Өз іс әрекетін, оның нәтижелерін ұғыну, түсіну. Өз түсініктерін дамытып, ақпараттарды өңдейді.

Оқытушы бұл модель бойынша төмендегідей нәтижелерге жетеді:

1. Оқытуда мақсат қояды.

2. Студенттерді жаңа ақпаратпен қамтамасыз етеді.

3. Тақырыпты меңгеруге студенттерді белсене араластырады.

4. Пікірін алмасуға ынталы болады.

5. Жақсы пікір сайыс туындайды.

6. Оқу мотивациясы жоғарлайды.

7. Рефлексияға дем беріледі.

8. Студенттерге түрлі пікірлер айтуға мүмкіндік беріледі.



9. Студенттерге сұрақ қоюға, оны талдауға, өз түсінігін қалыптастыруға дайындалады.

10. Студенттердің ақыл- ой белсенділігі артады.

Сыни ойлау технологиясын пайдалану арқылы болашақ маманның танымдық деңгейі мен біліктілігін жетілдіруде негізгі күш болып табылатындығы сөзсіз. Студенттердің танымдық қызығушылығын қалыптастырудағы басты мақсат – қазіргі білім берудің жаңа парадигмасы жағдайындағы оқушылардың жеке тұлғалық сапалық қасиеттерін дамыту, шығармашылық ойлауын дамыта отырып, заман талабына сай құзырлылығын қалыптастыру және рухани жан дүниесінің дамуына жағдай жасау.

Сабақ барысында студенттердің танымдық-шығармашылық қызығушылығын қалыптастыруда білім берудің жаңашылдық сипатына сәйкес, білім мазмұнын, ұйымдастыру формаларын, технологияларын, оған қатысушы субъектілердің бағытын, білімдік ортаны өзгерту арқылы ғана мүмкін болатындығына көз жетті.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2005 жылғы 9 желтоқсанның № 753 бұйрығымен бекітілген Эксперименттік режимде іске асырылатын кредиттік оқыту жүйесі туралы ереже Астана, 2010.

2.Байденко В.И. Болонский процесс: поиск общности европейских систем высшего образования (проект TUNING). Москва-Астана, 2006.

3.Морозов А.В., Д.В. Чернилевский Д.В., Креативная педагогика и психология. М., Академический проект, 2004.

4.Н.Д. Хмел. Біртұтас педагогикалық процесті жүзеге асырудың теориясы мен технологиясы, Алматы – 2003.



УДК 372

ЖОО-ДА ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ САБАҚТАРЫН ӨТКІЗУДІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙЛАРЫ.

Ахметов Т.С.

Қазақстан Республикасы Бас
прокуратурасының жанындағы Құқық
қорғау органдары академиясының
әлеуметтік-гуманитарлық пәндер
кафедрасының аға оқытушысы,
педагогика ғылымдарының кандидаты

Түйіндеме

Мақалада автор дене тәрбиесі дайындығын өткізуде педагогикалық өңдеулерге сараптама жүргізеді. Дене тәрбиесін ұйымдастырудағы жана жолдарының өзектілігі мен маңыздылығы дәйектенеді, негізгі ұғымдары ашылады. Студенттердің дене тәрбиесі дайындығын өткізу үшін педагогикалық жағдайлардың авторлық кешенін ұсынады.

Аннотация

В данной статье автором проводится анализ разработки педагогических условий для проведения физической подготовки студентов. Обосновываются актуальность и значимость нового подхода к организации физической подготовки, раскрываются основные понятия. Предлагается авторский комплекс педагогических условий для проведения физкультурной подготовки студентов.

Annotation

Осыған орай ХХІ ғасырдағы бұл індет заңды қаталдатуға әкеліп отыр. Ал бұл дегеніміз әлемдік қауіпсіздіктің алдын алу болып табылады. Философия тарапынан қарасақ, дін - адам санасындағы өнер, философия, мораль, құқық және күнделікті өмірмен тығыз байланысты. Дін - әмбебап мазмұнды, қоғамдық сананың түгелдей дамып шыққан тарихи қайнар көзі. Дін-адамдардың Жаратушыға деген сенімі. Алайда дінді бүгінде саясатқа айналдырып, өз пайдасына жаратып, дау-жанжалдың құралы ретінде пайдаланғысы келетіндер аз емес. Мұндай ниет кез-келген елдің қауіпсіздігіне төнген қауіп. «Есігімізді ілмейміз, іргемізді түрмейміз» деген қонақжай, мейірбан қазақ халқын дұшпандардың басынуына жол бермеуіміз қажет. Жаңа діни ағымдарды насихаттаушылар өздерінің уағыздарымен жұрттың жүрегін жылытып, қайғырғанға жұбаныш айтып, жұмыссызға жұмыс беріп, қайырымдылық ас беріп, үмітсізге болашақта бақытты өмірді уәде етумен өз қауымдарына тартып, талмай миссионерлік жұмыстар жүргізуде [2]. Соның нәтижесінде Қазақстанда қазір 5000-ға жуық діни ағым ресми тіркеуден өткен. Бұл ағымдарға мүше болып кіргендердің ішінде туған-туыстарынан, отбасынан айырылған, жұмысынан босап, дос-жарандарымен түсінісуден қалған адамдар осы ағымдардың шырмауына түсті. Қазақстандағы дәстүрден тыс ағымдардың барлығы дәстүрлі діндердегі Құдай туралы, адамның сенімі туралы ілімдерді, жалпы адамгершілік принциптерін негізге алып, біраз өзгертулер кіргізумен оларды жаңа ілім ретінде жариялайды. Бұл ілімдерде баса назар аударатын нәрсе - оларда тіл, ұлттық мәдениет, патриотизм мәселелері құндылық болып саналмайды. Құдай алдында барлық адам бірдей, сондықтан оның жерді иемденуі, ұлт болуы, өзіндік ерекшелігінің болуы міндет емес. Мұндай көзқарас әлемдегі ешқандай елдің саясатына сәйкес келмейді. Барлық елде гуманистік принципті ұстана отырып, өз ұлтының тілін, мәдениетін, ерекшелігін сақтауға, сонымен қоса оларды дамытуға, қорғауға көңіл бөлінеді. Бұған қалай тосқауыл қою керек? Секталардан қалай сақтанамыз? Абай



атамыздың «Жастай берген тәрбие жас шыбықты игендей» демекші ең алдымен жанұядағы жастар тәрбиесіне көңіл бөлген жөн [3]. Миссионер Джон Моттың сөзін мысалға келтірсек «Христиандықты үгіттей жүріп біз көп жағдайда жасөспірімдердің ортасында болуға тырысуымыз керек. Тіпті біз бұл тәсілді Ислам елдеріндегі әрекетіміздің негізі етіп алуға тиіспіз. Өйткені Исламның үйіріп әкелетер ықпалы нақ осы жас кезден басталады. Сондықтан балаларды кәмелетке толғанша, ислами тәрбие алғанша христиан дініне бет бұрғызу керек. Міне, шіркеудің жүзеге асырар басты міндеті осы». Мына сөздерден кейін қалай ғана ойланбасқа? Неге жастар? Өйткені олар қоғамның ең осал тұсы болып табылады. Әсіресе студент жастар. Ата-анасына салмақ салғысы келмей күнін әзер кешіп жүрген студентке тегін ақша, тамақ үлестірсең неге кірмеске? Осыдан кейін қандай дінді таңдаймын десе де өз еркі білетін қазақ жастарына айтар ақыл, қолдан келер шара жоқ. Бар мақсаттары - қазақ жастарының санасын жаулап, мемлекетті өз ішінен шіріту. Сондықтан бұл мәселені мектеп қабырғасынан бастау керек.

Ең бастысы, енді мектептерде дінді шәкірттерге қалай танытамыз, діни танымын қалай қалыптастырамыз, шәкірттерге білімді кім береді деген сұрақ көлемінде ойлануға тиіспіз. Өйткені дінтану пәнін кез-келген тарихшы немесе мәдениеттанушы оқыта алмайды.

Ендеше, дінтану пәнінен кез-келген мұғалімнің сабақ беруіне, оқытуына болмайды деген пікірге келуге мәжбүрсің. Өйткені сол сабақ беруші мұғалімнің өзі кім? Маман ба, әлде белгілі бір діни ағымның соңына ерген жан ба? Діннен қаншалықты хабары бар? Дінді өз деңгейінде шәкірттерге жеткізуге қабілеті жете ме? Дінтанушы мамандардың арасында да діни танымы әртүрлі қалыптасқан жандар аз емес. Кейбір мамандардың ой-пікірі, діни көзқарасы қазақи діни танымға, қазақ халқының рухани, мәдени болмысына мүлде қайшы келеді. Соңғы кездері Араб, Түркі елдеріне барып діни сауатын ашып келіп жатқандар баршылық. Бұл әрине дұрыс. Бірақ келіп Араб мәдениетін талқылап, көптеген қазақ дәстүріне, әдет-ғұрпына тыйым салып, уәж айтуда. Ғасырлар бойы үзілмей, ұрпақтан-ұрпаққа беріліп келе жатқан асыл байлығымызды көлеңкелеуге ешкімнің құқы жоқ.

«Ақыл-иманның, діннің тіреуі» дейді қазақ халқы. Ақылы жоқ адамның діни қайдан болсын? Өзге діннің жетегінде кеткендерден не үміт, не қайыр? Ең қарапайым, ең тұрпайы нәрселерді түсіну үшін ақыл керек. Өзімізде сол ақылдың өзі болмай тұрып дін секілді ең ұлық, ең рухани, ең пәк ұғымды қалай түсінбекпіз? Елбасымыздың «Тегіміз-Түрік, дініміз-Ислам, қасиетті кітабымыз Құран Кәрімді насихаттауды естен шығармауымыз керек» атты сөздерін жадымызда сақтап жүрелік!

Бүгінгі күні жастар болашағы біздерді ойландыратын мәселе. Қоғамдық сана формасының бірі - діни сана. Жастардың діни санасын, діни білімін қалыптастыру бүгінгі күннің өзекті мәселесі.

Жастарды радикалдық діни ағымдар идеяларының кері ықпалынан сақтандыру бойынша кешенді шаралар белсенді түрде іске асырылуы керек.



Атап айтқанда, жалпы білім беретін мектептердің оқушыларына түрлі діни ағымдар туралы, әсіресе діни экстремистік, террористік ұйымдардың қызметі, олардың көздеген мақсаттары жөнінде түсіндіру жұмыстары жүргізілуі керек [4].

Діни экстремизмнің алдын алуға және тұрғындардың діни сауатын ашуға - облыс, қала және аудан әкімдіктерінің жанынан құрылған лекторлық (дәрістік) топтар болуы керек. Дінтанушы дәріскерлердің насихаттық жұмысы барысында жасөспірімдерді радикалдық бағыттағы діни ағымдардың кері әсерінен сақтандыруға үлкен көңіл бөлінеді.

Соңғы жылдардағы алыс-жақын мемлекеттердегі лаңкестік оқиғалар мен діни экстремизмнің көріністері өз елімізде қандастарымыздың, әсіресе оның ішінде жастарымыздың өзге дінге өту фактілері мен экстремистік парақшалардың көптеп таралуы көпұлтты және көпконфессиялы біздің аймақ үшін жан-жақты назар аударуды қажет ететін мәселеге айналып отырғаны баршамызға белгілі. Қалай десек те, қазіргі Қазақстанның өмірінде діннің алатын орны үлкен. Сондықтан жастарға дұрыс діни білім беру мемлекетіміздің, қоғамымыздың қауіпсіздігі болып табылады. Діни бірлікті сақтау - біздің басты мақсатымыз. Біз біртұтас ұлы ұлттың перзенті екенімізді мақтан тұтуға тиіспіз. Біздің жолымыз айқын. Жаңару арқылы жарқын болашаққа жетейік!

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жана мүмкіндіктері» атты Жолдауы. 10.01.2018 ж.
2. Я.Ф. Трофимов., Б.Ғ. Нұрмағамбетов «Қазақстандағы діни ағымдар». Оқу-анықтамалық құрал. Қарағанды 2006.
3. Ғ. Есім. Дінтану негіздері. Алматы 2004.
4. Дін сұрақтары бойынша анықтамалық-әдістемелік құрал. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Діни істер комитеті. Астана 2008.

ДІН ТУРАЛЫ ЕЛІМІЗДЕГІ ТАРИХИ ОРЫН АЛҒАН АХУАЛДАР МЕН ЭКСТРЕМИСТІК ТОПТАРДЫҢ ҚАУІПІ

Нұрмағамбетов Б.Ғ.

Қазақстан Республикасы Бас
прокуратурасының жанындағы Құқық
қорғау органдары академиясының
әлеуметтік-гуманитарлық пәндер
кафедрасының меңгерушісі, саяси
ғылымдарының кандидаты, доцент

Калмурзина З.Ж.

Қазақстан Республикасы Бас
прокуратурасының жанындағы Құқық
қорғау органдары академиясының
әлеуметтік-гуманитарлық пәндер
кафедрасының аға оқытушысы, заң
ғылымдарының магистрі

Түйіндеме

Аталған мақалада дін туралы еліміздегі орын алған ахуалдар мен экстремистік топтардың қауіпі қарастырылған. Сонымен қатар қоғамда діни экстремизмнің алдын алу мен діни білімді жетілдіру мәселелері баяндалады.

Аннотация

В данной статье рассматривается религиозная ситуация в стране, а также проблемы общественной опасности экстремистских групп. Кроме того, излагаются вопросы профилактики религиозного экстремизма и совершенствование религиозных знаний в обществе.

Annotation

The article focuses on the religious situations in our country and the danger of extremist groups. Also it deals with the issues of prevention the religious extremism in the society and improvement of religious knowledge.

Тірек сөздер: дін, діни сауаттылық, діни білім, радикалды топтар, экстремизм, терроризм.

Елімізде дін және дінаралық қатынас саласындағы ахуал соңғы екі онжылдықта айтарлықтай өзгерістерге ие болды. Қоғамдағы діннің орны нақтыланып, мәртебесі көтеріліп, қызмет аясы кеңіп, соның нәтижесінде діндарлар мен діни бірлестіктер саны арта түсті. Біздің елдің халқы көптеген



этностар мен жиырмаға жуық діни конфессиялардан тұрады. Түрлі наным, сенімді ұстанатын қазақ елі халқының келісімі мен ынтымақтастығы, оның саяси тұрақтылығының нығаюына, экономика мен әлеуметтік жағдайдың кемелденуіне бастайтын жол деуге болады. Полиэтностық және поликонфессиялық қазақстандық қоғам жағдайында сан алуан діни конфессия өкілдерінің бірі-бірімен үнқатысуы, сондай-ақ, олардың мемлекетпен арақатынасы дұрыс жолға қойылуы аса маңызды әлеуметтік мәселе. Осы орайда, өмір шындығында болмай қалмайтын қайшылықтар мен шиеленістер құқықтық негізде және зайырлылық пен ар-ождан бостандығы қағидаларын сақтау арқылы шешілуге тиіс. Бұл қағидаттар қазіргі әлемде құқықтық мемлекет пен демократияның ажырамас бөлігіне айналып отыр.

Дін қай қоғамда болса да, адамшылдық құндылықтардың қайнар көзі ретінде табылады. Тәуелсіздік жылдары азаматтық қоғамның және нарықтық экономиканың құрылуымен ғана емес, сондай-ақ діни серпілістің жүруімен де сипатталуында.

Діншілдік – қоғамдастықтар өмірін реттейтін іргелі сипаттаманың бірі. Түрлі саяси және мәдени дәстүрлері бар елдерегі діни ландшафтардың екпінді өзгеруі діни сана тасымалдаушыларының көші-қон ағындарына ғана емес, сонымен қатар конверсия нәтижесінде діни тұтастық дағдарысына әкеліп соқтыратын жаһандандудың бағытты ықпалымен де байланысты.

Посткеңестік кеңістікте жаңа діншілдік постсекулярлық даму ерекшелігі, жоғалтылған біртұтастық тренді ретінде көрініс берді және зерттеушілік және сараптамалық қоғамдастықтарды бөлген аксиологиялық өлшем тұрғысынан зерттелуде.

Заманауи Қазақстандағы діншілдік феноменін зерттеу әзірге жүйелілік деңгейге жеткен жоқ, сарапшылар арасында діни сананың мәні мен қалыптасу ағымдарын бағалауда айырмашылық бар.

Заманауи Қазақстан іс жүзінде тарихи қалыптасқан көп конфессиялығымен, көп этникалығымен сипатталады. Қазақстанда азаматтарға дүниетанымды таңдаудағы тең құқықтылық тек заң жүзінде ғана белгіленіп қоймай, іс жүзінде де берілген: қоғамда құндылықтарға басымдық беруде монополиялық құқық жоқ, барлық азаматтарға өз руханилығын іздеудегі талпыныстарын жүзеге асыруға жағдай жасалған.

Елдегі діни ахуалдың жағдайы мен қозғалысын сипаттай келе, оның тұрақты екенін атап өткен орынды. Қазіргі кезде Қазақстанда 18 конфессияға жататын 140-қа жуық этностар өмір сүруде. 2009 жылғы соңғы тұрғындарға санақ жүргізуге сәйкес, ең көп санды діни бірлестіктер: ислам (діндарлардың жалпы санының 70%-ы) және православие (26%). Пайыздық көрсеткіштер көрсетіп отырғанындай, жолын қуушылар саны бойынша ислам қоғамдағы негізгі дін болып табылады. Әрі қарай, иудаизм мен буддизм бірдей діндарлар арасалмағынан тұрады (0,1%-дан). Барлық қалған діндер діндарлардың жалпы санының шамамен 0,2% жолын қуушыларынан тұрады.



Дін саласындағы заңнаманың өзгеруі және соған сәйкес 2012 жылы діни бірлестіктердің қайта тіркелуі, Қазақстанның діни алаңында бұрын тіркелген 4551 бірлестіктердің 3088 діни бірлестіктері мен олардың филиалдары қалуына әкеп соқтырды. Олардың ішіндегі ең саны көптері Қазақстанның мұсылмандық діни қауымдары (ҚМДҚ) қамқорлығындағы мұсылман діни қауымдары – 2553. Олар республикадағы барлық діндарлардың үштен екі бөлігін, сондай-ақ діни ғимараттардың барынша басым санын құрайды. Олардың басым бөлігі (1463) оңтүстік облыстар еншісіне: Оңтүстік Қазақстан, Алматы, Қызылорда облыстарына тиесілі (салыстыру үшін: батыс облыстарда: Батыс Қазақстан облысы, Ақтөбе облысы, Маңғыстау облысы, Атырау облысы – 153, солтүстік облыстарда: Шығыс Қазақстан облысы, Павлодар облысы, Қостанай облысы, Ақмола облысы – 266, шығыс облыстарда: Шығыс Қазақстан облысы – 189, Астана қаласы – 7, Алматы қаласы – 28). Бұл ислам дінін ұстанатын қазақстандықтардың оңтүстік өңірлерде тұратынын ғана емес, сондай-ақ олардың діншілдік деңгейінің де барынша жоғары екенін көрсетеді.

Республиканың мұсылмандық дін қауымы басым бөлігін құрайтын қазақтардан өзге, өзбек, ұйғыр, татар, қырғыз, әзірбайжан, тәжік, түрік, шешен және де басқа этнос өкілдерінен тұратынын атап өткен орынды. 2011 жылдың басында Қазақстандағы ислам діни бірлестіктерінің саны 2811 болатын. 2012 жылдың 25 қазанында аяқталған қайта тіркеу нәтижелері бойынша олардың саны 2229-ды құрады. 2017 жылдың нәтижесі бойынша 2553 ті көрсетіп отыр. Ал жалпы тіркелген діни бірлестіктердің саны 3692-ге жеткен.

90-шы жылдардың басында елде Қазақстанды «миссионерлік тың» деп қарайтын, бұрын мұндағы «темір перде» жағдайында тарату мүмкіндігі болмаған шетелдік діни ұйымдарды насихаттаушылар белсенді жұмыс жүргізе бастады. Олардың қызметінің мақсаты Қазақстан тұрғындары басым бөлігінің діни дүниетанымына ықпал ету болатын. Жергілікті мұсылмандар арасында, ішінара айтқанда жастар арасында, пайымдау мен пікір бостандығын жоққа шығаратын, шарифаттың дәстүрлік және құқықтық нормаларын сақтауда фанатизмдік қатаңдықпен айшықталатын ханбалиттік мазхаб суннизмі идеялары белсенді таратыла бастады.

Дәстүрлі емес исламдық ағымдар арасында заманауи Қазақстан үшін барынша проблемалар туындатқан салафизм мен тыйым салынған «ислам тазалығы» доктринасын ұстанатын «Таблиғи жамағат», «Хизб-ут-Тахрир» ұйымдары болды. Олардың идеялары пайғамбарлар мен әулиелердің делдалдық мәнін ескермей, Жаратушыға тікелей жақындауға негізделген. Сонымен қатар, елде құраниттер, ахмадиліктер, тыйым салынған «Ата жолы» діни ағымы секілді жалған исламдық топтар мен ағымдар өз қызметін жүргізуде.

Дәстүрлі емес мұсылмандық қозғалыстар қызметінде бірқатар өлшемдер ерекшеленеді:

- қоршаған әлемді ұнатпау, яғни, өз ілімін дәстүрлі ілімге қарама-қарсы қою;



- өз қызметінде қоғам ішіндегі әлеуметтік байланыстардан бөлінуге бағытталған теріс әрекет;

- қандай да болмасын қоғамның дәстүрлі құндылықтарынан бұл құндылықтар өз мазмұны бойынша ресми дін институттарымен және тарихи оқиғалармен байланысты болуына орай, олардан бас тарту;

- саяси аспект, яғни мемлекеттік құрылыстың әлсіреуіне мүдделілік.

Қазіргі кезде осы топтардың ешбірі де Қазақстанның тұрақтылығы мен конституциялық құрылысы үшін қауіпті емес. Алайда өңірлік деңгейде жоғарыда айтылған ағымдар діни жағдайдың тұрақсыздануына ықпал етуі мүмкін.

Бәрінен де өздерінің діни байымдарын радикалдандыруға исламның сырттан енгізілген мағынасы мен түрлеріне бой алдыруға мұсылмандар, сондай-ақ жалған діни бірлесіктердің әдептері бейім. Осылайша, қоғамдағы күн артқан сайын ұлғайып отырған діншілдік оның әлеуметтік-саяси өмірге ықпалы оң және теріс те болуы мүмкін екенін көрсетеді, бұл өз кезегінде қоғамның жоғары рухани деңгейіне немесе жекелеген азаматтардың ешбір сынды қабылдамайтын тым ұшқары көзқарасына әкеліп соқтырады.

2011 жылға дейін Қазақстан экстремизм мен терроризмнің діни себеп-салдарлы резонансты көріністерінен тысқары болып келді. Алайда сыртқы ықпалдың жоғары әлеуеті, одан басқа, елдің әлеуметтік-саяси және экономикалық салалардағы ішкі проблемалары Қазақстан Республикасында радикалды топтар тарапынан құқық бұзу әрекеттерінің пайда болу мүмкіндігін туындатты.

Әдетте, экстремистер өздерін «таза исламның» жолын ұстаушылар ретінде көрсетеді, алайда оның идеологиясымен, әсіресе ханафиттік мазхаб және деструктивті діни ағымдар арасындағы догмалық айырмашылықтармен таныс бола бермейді. Радикалды исламшылардың ең кең тараған уәжі Қазақстан мұсылмандарының басым көпшілігі дінді дұрыс уағыздамайды деп түсіндіруден тұрады, сөйтіп өздерін оларға қарсы қояды (такфир тәжірибесі).

Әдетте, радикалдар, экстремистер, террористер әуел бастан бәріне дайын. Соның нәтижесінде, олардың өз әділдігін психологиялық және идеологиялық тұрғыда растау сәті туындағанда, олармен жұмыс істеу және оларды қайта иландыру мүмкін емес. Радикалдық дүниетаным нақты қалыптасқан кезеңде дәстүрлі діндердің адамның оң қасиеттерін тәбиелеуге, оның бойында рухани тұрақтылық, радикализмді уағыздаушылардың іс-әрекетін танып білу мүмкіндігін қалыптастыруға идеологиялық қабілеттілігі барынша көрініс беруі тиіс. Қазақстан азаматтарының санасын радикалдаудың алдын алу және жеңу үшін дәстүрлі діндердің әлеуетін толық мәнінде пайдалану қажет.

Мемлекет тұрғындары үшін исламның ерекші мәні болуына байланысты, әлемдік заманауи саясаттағы ислам рөлін талдауға жүгіну қажет. Өз мәні бойынша барынша бейбіт, ізгілікті ислам діні бүгінгі күні әлемдік деңгейдегі шиеленістерге тартылып отыр және оларды жариялау барысында негізгі басымдық басқыншылық фактілеріне берілуде. Әлемдік саясатты және



халықаралық қатынастарды ізгілендірудің, адамгершілік деңгейін жоғарылатудың орнына іс жүзінде біз исламды экстремизм және терроризмді қолдады деген айыптауларды және сол арқылы Еуропада «исламофобия» феномені туындап отырғанын көрудеміз.

Исламның төңірегіндегі және ішіндегі, ішінара айтқанда, елдегі бөлінушілік, түсініспеушілік көздері – радикалды идеология тасымалдаушыларының өз әділдігі мен даусыз дұрыстығына деген соқыр сенімдері мен нанымдары. Мұндай ағымдардың өкілдері діндарлардың қарама-қарсы тайталас топтарға бөлінуіне ықпал етуі немесе өздерінің басқыншылық әрекеттерімен қоғамдағы діни ахуалды тұрақсыздандыруы мүмкін.

Исламдағы бірыңғай немесе орта жол дәлелді түрде барынша дұрыс деп саналады. Осыған байланысты ислам дін басыларының алдында мұсылман жастарды дәстүрлі ислам қағидаларында тәрбиелеу міндеті тұр. Мұндай қағидаларға Қазақстанда ханафиттік мазхаб суннизмі жатады.

Қазіргі таңда жастар арасында дін жөніндегі ақпарат және бұл туралы білім фундаменти төмендеу. Терроризм құбылысы қазіргі уақытта халықаралық сипатқа ие болды. Бұл әртүрлі мемлекеттердің азаматтарының санының лаңкестік әрекеттеріне белсенді қатысуымен көрінеді. Таяу Шығыстағы, Сириядағы және Ирактағы оқиғаларға қарап, соңғы екі-үш жылда экстремистік және террористік идеологияның жаңа түрі пайда болуда. ИГИЛ мысалында халықаралық терроризмнің таралуындағы бірқатар үрдістер көрсетілген. Сарапшылардың пікірінше, Сирия мен Иракта ИГИЛ әрекеттерінде 80 елдің өкілдері қатусыда. Жалпы ұрандар мен жалауларға ұшыраған ұйым әлемнің түрлі аймақтарынан террористік топтарды біріктіреді. Террористер айтарлықтай қаржылық және материалдық ресурстарға ие болды. Атап айтқанда, ИГИЛ кәсіби ақпараттық агенттікке ие, белсенді және үгіт жұмысында Интернеттің және әлеуметтік желілердің мүмкіндіктерін белсенді пайдаланады. Хабар тарату және насихаттау көптеген тілдерде жүргізіледі және әртүрлі мақсатты топтарға бағытталған.

Заң тұрғысынан алғанда, сондай-ақ Қазақстанда ұйымдастырушылық және ақпаратпен, діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл тетіктері мен әдістері өңделген. Елде оннан астам ашық экстремистік және террористік ұйымдардың қызметіне тыйым салынған.

Бүгінгі таңда, біз жастар арасында дін жөнінде өте нашар білім бар екенін байқаймыз. Сондықтан, діни атрибуттармен, ұлттық дәстүрлерді сақтаумен байланысты әр түрлі қақтығыстар бар. Терроризм идеологиялары, бізде қандай да бір қате ислам бар деп санайды, бізді саналы түрде ғасырлық мәдениеттен, дәстүрлі құндылықтардан айырады. Қазақстанда 12 ғасырдан астам уақыттан бері исламның бар болуы, біздің халқымызға бейбіт өмір сүруге және әртүрлі халықтар мен мәдениеттермен өмір сүруге мүмкіндік берді және бұл біздің еліміз үшін тұрақты және гүлденген болашаққа кепіл болды.

Бүгін бай және кедей елдер, сондай-ақ зайырлы және діни мемлекеттер терроризмнен зардап шегеді. Осыған байланысты ел ішінде білім беру жүйесі,



бұқаралық ақпарат құралдары, ғылыми-өндірістік бірлестіктер арқылы иммунитетті дамыту қажет және терроризмге қарсы қоғамдық пікір қалыптастыру қажет. Бұл проблемаларды шешуде сыртқы халықаралық бастамалар да маңызды. Жақында Қазақстан және Ресей екі мемлекет басшылары - «Ислам - терроризмге қарсы» форумын құру идеясын ұсынды. Бұл өте маңызды шара, өйткені ол дін туралы дұрыс пікір қалыптастыруға, лаңкестердің адамгершілікке жатпайтын актілеріне байланысты орын алатын исламофобияны жеңуге көмектеседі.

Террористік ұйымдар үшін бірінші кезекте жастар шағын өзгерістер енгізеді. Олар тек дін негіздерін үйренеді және қажетті өмірлік тәжірибеге ие емес. Олар «таза ислам» деп аталатын насихатқа алданып, олардың идеологиясының құрбаны болып табылады.

Біздің елімізде, өкінішке орай, ыстық нүктеге кетіп, қазіргі уақытта ИГИЛ-ге қатысты соғыс әрекеттеріне қатысқан жастар бар. Осындай мінез-құлықтың түбегейлі себебі - дәстүрлердің үздіксіздігі, тіл мәдениеті жоқ отбасыларда нашар және жеткіліксіз тәрбиелеу. Содан кейін, мектептегі және университеттік білімде кемшіліктер орын алады. Өкінішке орай, діни лаңкестікке қарсы иммунитет түспейді. Сондықтан, жастар діни білімді интернеттегі кейбір шетелдік уағызшылардан алады. Осылайша, олардың санасына басқа да құндылықтар енгізілуде. Халықтың сана-сезімінде елеулі өзгерістер орын алып, олар қазіргі шындықты жоққа шығарады. Шетелдік діни уағыздаушылар мұсылмандарды жойып, діндер арасында соғыс жүріп жатқанын талдайды. Шын мәнінде, жауынгерлік жерлерде бандитизм, қылмыс, террор және зорлық орын алады.

Сирия аймағында және Иракта шамамен 400 қазақстандық бар. Олардың жартысы ерлер, ал екінші жартысы – олардың отбасы мүшелері - әйелдері мен балалары. Олардың өзімен бірге жақын адамдарын алып баруының қасіретті сынақтарға итермелеу маңыздылығын түсіну қажет. Өлген жауынгерлердің әйелдері зорлық-зомбылыққа ұшыраған және қызмет етіп жүрген құлға айналады, ал балалар төрт жастан бастап арнайы лагерьлерге адамдарды өлтіруді үйрену үшін жіберіледі.

Ойымды қорытындылай келе, дін туралы білім тек орта немесе жоғарғы оқу орындарында ғана емес, ең алдымен отбасы ішінде, кейін мектеп қабырғасында да ынта негізі болып қалануы тиіс білім болып табылады. Ел Президенті Н. Ә. Назарбаев өзінің жыл сайынғы әр Жолдауында діни экстремизм қаупі туралы баса айтуда. Мемлекет басшысының айтуынша, діни экстремизм қаупі ерекше алаңдатушылық тудырып отыр. «Біз жаратушыға деген кіршіксіз сенімнің агрессиялы және қырып-жойғыш фанатизммен алмасуына жол бермеуіміз керек» деді, Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында.

Сондықтан да, кесек іс, келісті мұра қалдырған ата бабаларымыз, өскелең ұрпаққа діннің тарихы, адам өміріндегі, мәдениет пен рухани өнегелік



саладағы діннің әлеуметтегі, қоғамдағы рөлі туралы, объективті ғылыми білімді берумен бірге, әлемдегі діни-саяси лаңкестік пен экстремизмнің таралу себептерін және тарихын, осы құбылыстарға қарсы тұру формаларын, олардың псевдодіни табиғатын оқушыларға түсіндіру қажет. «Таудай талап бергенше, бармақтай бақ бер» деген қазақтың сөзі бар. Талаптанған адам бақты еңбекпен бағындырады. Ал, сол талапкерлерге дінтану негіздерін жүргізетін ұстаз, әңгімелесу барысында радикалдық діни ағымға тап болған әлеуетті экстремисті де анықтай білетін қабілеті болуы керек, яғни бұл мәселені түсінуге көмектесуі тиіс. Дін туралы терең білімдері болмағандықтан, бұл ілім олар үшін тартымды екеніне қарамастан, жастардың әзірше өз ұстанымдары туралы нақты түсінігі жоқ.

Экстремизмге қарсы күрестің бірден-бір жолы – олар туралы өз уақытында шынайы мәлімет беру. Бұл жерде әрине күнделікті ақпарат құралдарының рөлі өте жоғары. Әйтсе де, жас өспірім балалар үшін ақпарат құралдарының беретін мәліметі де жеткілікті емес, экстремистік топтардың қауіпі туралы жастарды көбірек хабардар етіп отыру қажет. Ол үшін барлық мектептерде «Дінтану» сабағымен қоса мамандар қауіпсіздік сабақтарын өткізіп, онда экстремистік топтарды, деструктивті ағымдарды қалай білуге болатынын түсіндіріп, олардан қалай сақтану жолын көрсетіп отырулары керек.

Діни экстремизмге жол бермеу, оның алдын алу шаралары осыған байланысты азаматтардың құқықтарын түсіндіру, оны оқыту, сондай-ақ, құқықтық оқудың мақсаты мен тәсілдерін айқындау қажеттілігі туындайды. Себебі, діни экстремизмнің негізгі мақсаты қазіргі демократиялық зайырлы мемлекеттік құрылымдарды құлатуға және оның орнына діни мұсылмандық мемлекет халифат құруға бағытталған.

Сондықтан да қазіргі таңда мұндай теріс пиғылды ұйымдарға алданып қалмау үшін терроризм мен экстремизмнің жолын кесуде үгіт-насихат жұмыстары аса қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. Алматы 1995
2. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. Астана 2012, 14 желтоқсан
3. Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 20 маусымдағы №500 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының дін саласындағы мемлекеттік саясатының 2017-2020 жылдарға арналған тұжырымдама.
4. Методическое пособие для сотрудников правоохранительных органов по вопросам государственно-конфессиональной политики и противодействию религиозному экстремизму и терроризму.
5. РГУ «Научно-исследовательский и аналитический центр по вопросам религии» Комитета по делам религий Министерства по делам религий и гражданского общества Республики Казахстан. Астана, 2016



6. Противодействие религиозному экстремизму и террористической деятельности в Казахстане (Методическое пособие). Объединение юридических лиц «Ассоциация центров исследования религий» Астана, 2015

7. <http://policy.jezkazgan.gov.kz/kz/3376.html>

ЖАСТАР АРАСЫНДАҒЫ ДІНИ САУАТТЫЛЫҚ МӘСЕЛЕСІ

Айқынбаева Г.Қ.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университетінің доценті,
педагогика ғылымдарының
кандидаты

Телегенова Г.Т

психология магистрі

Түйіндеме

Бұл мақалада қазіргі таңдағы жастар арасындағы дінге бет бұру, олардың діни сауаттылық мәселесі қарастырылған. Жастардың діни санасындағы құндылықтық бағдарларының өзгеруі және жастардың діни бірегейлік деңгейін де ғылыми негізде саралауды қажет етеді. Жастардың дүниетанымына дәстүрлі құндылықтарды өркениеттік тұрғыдан сіңіру бүгінде маңызды болып отыр.

Аннотация

В этой статье рассматривается проблема обращения к религии среди молодежи, их религиозная грамотность в настоящее время. Изменения в ценностной ориентации молодежи в религиозном сознании и уровень религиозной самобытности молодежи должны быть научно дифференцированы. Цивилизационное сближение традиционных ценностей становится все более важным сегодня для мировоззрения молодежи.

Annotation

This article considers the issue of religious tolerance among young people today. Changes in the value orientation of young people in religious consciousness and the level of religious identity of young people need to be scientifically differentiated. Civilizational convergence of traditional values is becoming more and more important today for young people's outlook.

Тірек сөздер: жастар, дін, сауатты болу, діни сауаттылық

Тәуелсіз мемлекетіміз өркениетті әлемге танылып, Елдігіміздің берік іргетасы қаланып, қасиетті де киелі құндылығымыз – Тәуелсіздік-халқымыз үшін жаңа өрлеу жолын ашты. Қазақ елінің кемел келешегі бүгінгі жастардың салиқалы, сабырлы, білім мен еңбекке құштар, рухы биік, ұлттық дәстүрге адал, жан-жақты жетілген азаматтық ұстанымы айқындалған өркениетті және патриоттық бағыт-бағдарды ұстануын талап етеді.



Қазақстанның ұзақ мерзімді «Қазақстан – 2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» көрегендік пен алысты болжайтын, стратегиялық ұтқырлықтың нақты дәлелі болып табылады. Еліміздің тұңғыш ұзақ мерзімді даму бағыты 1997 жылы 2030 жылға дейінгі Стратегиялық жоспар белгіленіп, бүгінде оның ең басым бағыттарына қол жеткізілді. Қазақстан – 2050 Стратегиясы заманауи өркениеттің нақты жағдайын сындарлы түрде есепке алып жасалынды. Қазақстанның 2050 жылға қарай өркениетті әлемнің озық дамыған 30 мемлекетінің қатарына қосылу елдік мақсат болып отыр. Жолдауда әрбір қазақстандықтың өмір сүру деңгейі мен адам капиталының сапалық тұрғыдан түбегейлі түрде арттыру, оның ішінде елдің қауіпсіздігі мен ұлтымыздың береке-бірлігін нығайтуға, сондай-ақ еліміздің діни жағдайына ерекше көңіл аударылды.

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заңының қабылдануы еліміздегі жастарға қатысты саясаттың даму бағыт-бағдарын айқындап берді. Жастардың елдің үдемелі инновациялық дамуына қосар үлесін ғылыми тұрғыдан зерделеу мен әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан жан-жақты саралау керек.

Жастардың діни санасындағы құндылықтық бағдарларының өзгеруі және жастардың діни бірегейлік деңгейін де ғылыми негізде саралауды қажет етеді. Жастардың дүниетанымына дәстүрлі құндылықтарды өркениеттік тұрғыдан сіңіру бүгінде маңызды болып отыр. Әлеуметтік-демографиялық топ ретінде жастар қоғам өмірінде болып жатқан әлеуметтік-экономикалық және саяси-мәдени өзгерістерге тәуелді. Жастардың қоғамдық санасы және құндылықтық бағдарларының толық қалыптаспауы мен жас ерекшелігіне тәуелді дүние көзқарасы қоғамның егде және ересек топтарының түсінбеушілігін тудырып жатады. Бұл адамзат қоғамына тән құбылыс.

Еліміз көпұлтты, зайырлы мемлекет болғандықтан түрлі дін ұстанатындар бар. Бірақ, бұл діндер мемлекеттің бірлігі мен ұстанымына, болашағына нұқсан келтірмеуі тиіс. Егер қоғамда адамдар арасында бүлік шығарып, қауіп төндіретін болса, заң арқылы тыйым салынады. Қазір дін мәселесі бүкіл әлемде алаңдатып отыр. Исламның атын жамылған дәстүрлі емес діни ағымдар, діни секталар елдердің арасында бүліктер шығарып, террорлық әрекеттер жасауда. Сөйтіп бейбітшіліктің шырқын бұзып жатыр. Дәстүрлі емес діни ағымдарға байланысты бізде Оңтүстікте жергілікті ақпарат насихат тобы құрылған. Онда теологтар, имамдар осы дәстүрлі емес діни ағымдар бойынша жұмыс істейді. Әр мешітке барып уағыз-насихатын жүргізіледі. Яғни облыс пен қала имамдары өзара ауысып, аудандарға, ауылдарға жамағаттармен кездеседі. Мектеп оқушыларына, студенттерге, мекемелерге, органдар мен түрмелерге де барып түсіндіру жұмыстарын жүргізеді. Сондай-ақ облыстық ішкі саясат басқармасының тапсырмасы бойынша «Тура жол» көмек көрсету орталығы атты қоғамдық бірлестік құрылған. Бірлестіктің негізгі мақсаты — осы теріс пиғылды, дұрыс емес жолдарды түсіндіру және терроризмге қарсы үгіт-насихат жүргізу.



Ислам — ол терроризм емес. Ислам — өте кіршіксіз таза дін. Ислам деген сөздің өзі бейбітшілік, тыныштық, амандық, есендік деген мағынаны білдіреді. Діни терроризм, жиһад дегендерді көбісі білімсіздіктен, Құран аяттарын дұрыс түсінбегендіктен өздерінің пайымы бойынша қабылдап жүр. Жалпы, мұсылмандар қандай аяттар болсын, хадистер болсын үлкен ғұламаларға, мазһаб иелеріне құлақ асып, соларға жүгінгені дұрыс. Ал діни секталар мен діни терроризмнің арбауында жүргендер өздерінің ұстаздарының түсінігімен қалыптасып кеткен. Біздің оңтүстікте уахабизм, салафизм сияқты дәстүрлі емес діни ағымдар бар. Мұның бәрінің түп негізі өзара бір саясат. Оның түбінде елдің болашағын, біздің бірлігімізді және ата-бабамыздың салт-дәстүрлерін жоққа шығару мүддесі жатыр. Ең қызығы, өзге ағымдағылар «Бізге нағыз шынайы дін елімізге 1990-шы жылдары тәуелсіздік алғаннан кейін ғана келді» деген сөздерді де айтады. Ол өте қате түсінік және білімсіздікпен айтылған. Сонда біздің баяғыда өткен небір данышпан бабаларымыз бен жырауларымыздың айтқандары қайда қалады? Бертіндегі ғалымдар мен ақындар, тіпті Абай атамыздың қара сөздері исламның шариғаттары мен таухидке бейімделіп келген.

Дінді ұстанушылардың екі деңгейі бар: тура жолда жүргендер және әртүрлі ағымдарға, яғни секталарға кіріп кеткендер. Діндер дәстүрлі және дәстүрлі емес деп бөлінеді. Дәстүрлі діндер деп - бірнеше ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрі, діни әдет-ғұрыптары, қоғамдық қатынас нормалары мен отбасылық қарым-қатынасы және белгілі бір ұлттың дәстүрлі өмір сүру формасы мен мәдени құндылықтарын жоққа шығармай, өз ілімдері тұрғысынан қабылдап, оған қарсы келмей ұрпақтан-ұрпаққа мұра етіп қалдыратын ерекше құбылыс. Бірақ, дәстүрлі діндерге деген әр қоғамда әртүрлі көзқарастар туындауы мүмкін, оған мысал Ресейде дәстүрлі дін саналатын православия Жапонияда да дәстүрлі саналмауы мүмкін немесе керісіншеде болуы да ықтимал. Ал дәстүрлі емес діни қозғалыстар- қоғамда тарихи-мәдени тұрғыда қалыптасқан құндылықтарды, салт-дәстүрлерді танымайтын, оны жоққа шығаратын негізгі діндерден бөлініп шыққан діни ағым.

Дәстүрлі діндерден ХІХ-ХХ ғасырларда екінші дүние жүзілік соғыстан кейін Батыс қоғамында көптеген өз алдына дербес «жаңа діни қозғалыстар» пайда бола бастады, олардың нақты санын анықтау мүмкін емес, себебі олар күннен- күнге көбеюде. Әлемде жүз алпыс миллионнан астам адам өздерін осы діни қозғалыстардың мүшесіміз деп санайды. Дәстүрлі емес жаңа діни қозғалыстар туралы ғылымда қалыптасқан ортақ бір атауы жоқ, діни-танымдық журналдарда, газеттер мен басқада бұқаралық ақпарат құралдарында және дінтанушы ғалымдардың еңбектерінде «тоталитарлық секталар», «іріткі салушы топтар», «дәстүрлі емес діни ғұрыптар», «жаңа діни қозғалыстар»- деген әртүрлі тіркестермен беріліп жүр. Қазіргі қоғамда бұл құбылысты «діни секта» деген жалпылама атау берілуде. Бұл зерттеуде дәстүрлі ұлттық құндылықтар мен діни көзқарастар тұрғысында қарастырылады. Діни секта термині дінтануда «дәстүрлі емес діни қозғалыстар», - деп әлеуметтік мағынада



қолданылса, ал құқықтануда бұл термин діни ұйым, діни бірлестік, конфессия, деноминация ретінде қабылданады. Заңнамада секта термині қолданылмайды.

«Өзге ағымға еріп кеткендер дәстүрлі дінге қайтып жата ма?» деген сұрақ туындауы мүмкін. Негізінде жоқ емес бар, біраз адам қате жолда жүргендерін түсініп қайтуда. Олардың көбісі теріс ағымдардың әрекеті саясат екенін білмейді. Саясат деп айтқан күнде де өз білгенімен қатып қалған. Санасына біздің ұстаздар мен теологтардың айтқаны дұрыс емес деген сияқты қарама-қарсы пікір қалыптастырған. Сондықтан олар «саясаттың құрбанысыңдар» десе сене қоймайды. Қарап тұрсаңыз, Сирияда мұсылмандар өзара қырылып жатыр. Ол енді саясат демей немене? Елімізде тек қана тыныштық орнағаны жақсы.

Мешіт қоғамдық орын болғандықтан ешкімге «Сен кірме, сен шық» деген секілді әңгіме айтылмайды. Мешіт бәріне ортақ. Шыны керек, дәстүрлі емес діни ағымнан келіп осында намаз оқитындар бар. Олармен дау туындамайды. Егер туындап жатса да оны имамдар мен теологтар мәселесін шешеді.

«Баланың өзге ағымға кетіп қалуына нендей нәрселер себеп болады? Бұл ретте ата-анасын кінәлауға болады ма?» деп сұрайтын болсақ, ең біріншіден, тәрбиеге байланысты. Мысалы, қазір көптеген ата-аналар балаларының тәрбиесіне немқұрайлы қарайды. Намаз оқи бастаса «қалай оқып жүр, қайда барып жүр екен» деп қызығушылық танытпай, қадағаламайды. Сондай жағдайдан кейін бала дәстүрлі емес діни ағымдағылардың қақпанына түсіп қалады. Ал олар бір-бірін тартады, сабағын үйретеді, қаржылай болмысын көмектеседі. Одан кейін ол бала не істейді? Әрине, уақыт өте келе ата-анасын ренжітіп «сендер кәпірсіңдер» деп шығатындар да бар. Бір күні Пайғамбарымызға (с.а.у) екі жасар баласы бар бір әйел келіп: «Иә, Алланың елшісі! Баламды неше жастан бастап тәрбиелейін?» деп сұрайды. Пайғамбарымыз: «Неше жаста?» дейді. «Балам екіде» деген кезде, «Онда сен екі жыл кешігіпсің» деген екен. Демек, баланы ананың құрсағында жатқан кезден бастап тәрбиелеу керек. Жастарды бірінші кезекте ата-анасы мен туған-туыстары тәрбиелеп, қадағалағаны жөн.

Мешітке ата-аналар «балам өзге ағымға еріп кетті» деп көмек сұрап, өз-өзін қоярға жер таппай келеді де. Негізінен келген дұрыс. Себебі балаға түсіндіру жұмыстарын жүргізіледі, және де сондықтан ол бала жас болғандықтан райынан тез қайтады.

Кері ағымдармен міндетті түрде күрес жүргізілгені дұрыс.

Қала имамдары және теологтар тарапынан діни сауатсыздықты болдырмау және теріс пиғылды діни ағымдардан алдын алу мақсатында уағыз-насихат жүргізіліп жатыр. Қазіргі кезде ғаламтор арқылы да Қазақстан мұсылмандар діни басқармасы және ҚМДБ өкілеттері де әртүрлі сұрақтарға жауаптар дайындау, уағыздарды жүктеу, діни бейнероликтерді жүктеу арқылы шығарып жатыр. Мұның бәрі де біздің еліміздің амандығы мен бірлігі үшін жасалып жатқан шаралар.

Дәстүрлі емес діни ағымдардың ішінде ең қауіпті деуге болатындары да бар. 2011 жылы 11 қазанда Қазақстан Республикасының «Діни қызмет және



діни бірлестіктер туралы» Заңы қабылданды. Осы заңға сәйкес кейіннен «Хизбут-Тахрир», «Зікіршілер», «Таблиғи жамағаты», «Такфир-уал хижра» сияқты ұйымдарға заңды түрде тыйым салынды. Қазір де тыйым салынбаған діни секталар бар. Мәселен, уахабшылар, салафизм жолымен жүргендерге әлі қатаң түрде тыйым салынған жоқ. Жалпы, уахабшылар мен салафшылардың атауы бөлек болғанымен бұлар бір топтағылар. Исламда мақсатымыз Алла тағаланы тануға негізделген. Ал оларда ақида, фикх, намаз оқу саласында да өздерінше бөлек. Ата-бабамыздан келе жатқан салт-дәстүрлеріне бидғат деген атаумен қарсы келеді. Яғни салт-дәстүрді қолдамайды. Салтқа енген беташар, келіннің сәлем салуы, құран оқыған кезде бет сипау, құдайы тамақ беріп құран оқытуға қатаң түрде қарсы келеді. Олардың айтуынша Пайғамбарымыздың кезінде ондай болмаған дейді. Ал ғалымдар дәстүріміздің дұрыс екенін, астарында ешқандай жамандық жоқтығын, сондықтан шарифатқа қарама қайшылығы жоқ екенін айтқан. Сонымен қатар олар теледидар көруге, әуен естуге, тірі жандардың суреті бар киімдерді киюге, тірі жандардың суретін салуға болмайды деп көптеген нәрселерді шектейді.

Құранда «Әй, адам баласы! Шүбәсіз сендерді бір ер, бір әйелден жараттық. Сондай-ақ бір-біріңді тануларың үшін сендерді ұлттар, рулар қылдық» (Хужурат сүресі, 13 аят) делінген. Сол айтпақшы, әрқайсысымыздың түсінігіміз бен дәстүріміз, ақыл, ой-санамыздың түсінік шегі бар.

Қоғамға қауіп келтіретін ұйымдардан сақтануымыз үшін, қандай жағдай болмасын мешіттің имамдарынан немесе ұстаздарынан келіп сұрау керек. Құран Кәрімде «Егер білмесеңдер білім иелерінен сұрандар» (Нахыл сүресі 43 аят) деген. Ғаламтор желісіне де сақ болғаны жөн. Өйткені ғаламтор желісінде дұрысы да, бұрысы да бар. Егер ғаламтор желісіне кіретін болса, онда Қазақстан Мұсылмандары Діни Басқармасының және оның өкілеттерінің сайттары арқылы білуіне болады. Дүкендерден кітап оқулығын алған кезде кітаптың алғашқы бетінде Қазақстан Мұсылмандары Діни Басқармасының сараптауынан немесе діни агенттіктің сараптауынан өткен болуы тиіс.

Елімізде түрлі ұлттар мен сан қилы діни дәстүрді бір мақсатқа біріктіру үшін Қазақстан халқы Ассамблеясы құрылуы арқасында ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетін дамытуға өзіндік үлесін қосуда. Әлемдік және дәстүрлі діндердің съездері түрлі дін басшыларының өзара сұхбаттастық ұстанымдарын жетілдіруге септігін тигізуде. Түрлі дін өкілдерінің бір шаңырақ астында ортақ үстелдің басында басқосуы еліміздің бұл саладағы зор жетістігі. Осы тұрғыда қазіргі таңда жастар арасындағы діни сауаттылық мәселесі өзекті болып қала бермек, ал олардың діни сауаттылығын дұрыс арнаға бұру, әрі оларды толғандырып жүрген сауалдарға жауап беру мешіт имамдарының еншісінде.

Қазіргі таңда жастардың әлеуметтенуі мына құндылықтарға негізделуі тиіс: ұлтжандылық, білім мен ғылым, кәсіпкерлік пен еңбексүйгіштік, бірлік пен ынтымақтастық, руханилық пен діни тағаттылық, ұлттық болмыс, асыл мұраттар, саламатты өмір салты, спорт, ізденгіштік, қайсарлық. Жастардың діни сауаттылығын қалыптастыру үшін халқымыздың көнеден келе жатқан



мәдениеті мен философиясын, салт-дәстүрін, әдет-ғұрыпын, тыйымдарын, имандылық әдеп нормаларын, дәстүрлі діни ұстанымды тәрбиелеуіміз керек. Бұл діни сауаттылықты қалыптастырудың негізгі тұғырының бірі деп білеміз. Өзгенің дәстүрі мен жат жұрттық діни ұстанымға құмарлық – бұл өзінің төлтума, рухани дүниесінен жирену деген сөз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан – 2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты». // Егемен Қазақстан. 2012. Желтоқсан
2. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына 20 қадам». // Егемен Қазақстан. 2012. 10 шілде
3. Бейсенов Б. Зайырлы қоғамдағы діни жаңғыру және діни сана мәселесі. pps.kaznu.kz
4. Малғажыұлы Е. Таным тұғыры.– Алматы, 2013, 96б.
5. Мұхаммед Хадими. Ислам ахла.– Алматы, 2014. 220б.



СООТНОШЕНИЕ ПОНЯТИЙ «ТЕРРОРИЗМ» И «ЭКСТРЕМИЗМ» .

Байсагатова Д.Б.

старший преподаватель кафедры
общеюридических дисциплин
Академии правоохранительных
органов при генеральной
прокуратуре Республки Казахстан,
младший советник юстиции
магистр юридических наук

Аннотация

В статье дано определение к терминам «терроризм» и «экстремизм». Приводится мнение ученых, определены соотношение и различие в терминологии «терроризма» и «экстремизма». Автором на основе проведенного анализа даны конкретные предложения по совершенствованию действующего уголовного законодательства для эффективных мер противодействия данному явлению.

Түйіндеме

Мақалада «терроризм» және «экстремизм» терминдерін анықтамасы берілген. Ғалымдардың пікірі келтірілген, «терроризм» және «экстремизм» терминологиясындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтар анықталған. Талдау негізінде автор осы қолданыстағы қылмыстық заңнаманы жетілдіру бойынша нақты ұсыныстар мен осы құбылысқа қарсы әрекет етудің тиімді шараларын ұсынды.

Annotation:

The article defines the terms "terrorism" and "extremism". The opinion of scientists is given, the correlation and difference in terminology of "terrorism" and "extremism" are defined. The author, on the basis of the analysis, has given specific proposals for improving the existing criminal legislation for effective measures to counteract this phenomenon.

Ключевые слова: терроризм, экстремизм, финансирование терроризма, финансирование экстремизма.

Проблемы борьбы с современными вызовами и угрозами сопряженными с терроризмом и экстремизмом, становятся все более актуальными и принимают угрожающие масштабы, все больше стран мирового сообщества осознает важность данной проблемы и концентрируют усилия на его противодействие.



По-видимому, не будет преувеличением утверждение о том, что конец прошлого столетия и начало третьего тысячелетия проходят под знаком неуклонно возрастающей угрозы глобального терроризма. Прямые теле - радиорепортажи с места совершения убийств, похищений, диверсий и так далее, служащих лишь средством достижения определенных политических и геополитических целей; информация многочисленных новостных лент об актах вооруженного насилия, совершенных религиозными фанатиками и «пламенными» борцами за социальное, национальное и прочее освобождение; регулярно транслируемые на весь мир средствами массовой информации, выступления как государственных деятелей стран, подвергшихся террористической атаке, так и теоретиков и практиков «справедливого насилия» породили в массовом общественном сознании стойкие ощущения незащищенности личности и фатальной катастрофичности современного бытия [1, с. 5].

Сегодня выражение «международный терроризм» стало визитной карточкой современных социальных реалий. Не счесть числа конференции, симпозиумов, круглых столов, посвященных обсуждению этой темы, необозримо количество книг и статей, рассказывающих о его сути и мерах по предотвращению. И вместе с тем остается чувство неудовлетворенности тем, как эта проблема решается и в средствах массовой информации, и в научной литературе.

Создается впечатление, что разгул терроризма объясняется тем, что кучка преступников сумела создать межнациональные корпорации массового убийства, подчинив своей воле тысячи безгласных исполнителей [2, с. 4].

Действительно, международный терроризм, перешедший в сферу информационно-коммуникационного поля, сегодня не знает границ. Он не имеет ни национальной, ни религиозной принадлежности. Террористы и кибертеррористы – это бросившие вызов культуре, цивилизации, обществу преступники, компромисс с которым невозможен и которые должны предстать перед судом. Долг мирового сообщества государств защитить общество, защитить мир [3, с. 32].

Терроризм, согласно Шанхайской конвенции о борьбе с терроризмом, сепаратизмом и экстремизмом от 15 июня 2001 г., определяется как:

а) какое-либо деяние, признаваемое как преступление в предусмотренном конвенцией договоре;

б) любое другое деяние, направленное на то, чтобы вызвать смерть какого-либо гражданского лица или любого другого лица, не принимающего активного участия в военных действиях в ситуации вооруженного конфликта, или причинить ему тяжкое телесное повреждение, а также нанести значительный ущерб какому-либо материальному объекту, равно как организация, планирование такого деяния, пособничество его совершению, подстрекательство к нему, когда цель такого деяния в силу его характера или контекста заключается в том, чтобы запугать население, нарушить



общественную безопасность или заставить органы власти либо международную организацию совершить какое-либо действие или воздержаться от его совершения и преследуемые в уголовном порядке в соответствии с национальным законодательством Сторон [4].

Модельный закон «О противодействии терроризму», принятый на тридцать третьем пленарном заседании Межпарламентской Ассамблеи государств-участников СНГ Постановлением от 3 декабря 2009 г. №33-18 определяет терроризм, как идеологию насилия и практику воздействия на принятие решения органами государственной власти, органами местного самоуправления или международными организациями, связанные с устрашением населения и (или) иными формами противоправных насильственных действий [5].

Закон Республики Казахстан от 13 июля 1999 г. № 416 «О противодействии терроризму» также дает определение данному явлению: «терроризм – идеология насилия и практика воздействия на принятие решения государственными органами, органами местного самоуправления или международными организациями путем совершения либо угрозы совершения насильственных и (или) иных преступных действий, связанных с устрашением населения и направленных на причинение ущерба личности, обществу и государству» [6].

По мнению профессора С.С. Молдабаева терроризм – это деяние, совершаемое общественно опасным способом, включающее посягательства на человека для достижения следующих целей: нарушение национальной, экономической общественной и иной безопасности государства, организаций и учреждений; оказание влияния на решения государственных, общественных организаций и органов, иностранных государств, международных организаций, создание паники и страха у населения, у круга лиц, от которых зависит решение поставленной террористами задачи, а также угроза ее совершения [7, с. 39].

Как указано в словарях Ожегова С.И. терроризм - это систематическое использование устрашения, особенно как средства принуждения [8, с. 241].

Даль В.И., в свою очередь определял терроризм как совокупность насильственных действий, осуществляемых организацией для создания обстановки незащищенности или для совершения правительственного переворота [9].

Современный словарь, содержащий основные термины и понятия, связанные с противодействием терроризма и экстремизма достаточно в полном объеме раскрывает дефиницию термина «терроризм» и указывает, что «... терроризм – сложное социально-политическое и криминальное явление, обусловленное внутренними внешними противоречиями общественного развития различных стран» [10, с. 50-51].

На наш взгляд, казахстанскому законодателю удалось в сжатой форме лаконично изложить основную суть терроризма, при этом учесть все его признаки, отраженные в Шанхайской конвенции о борьбе с терроризмом,



сепаратизмом и экстремизмом, адаптировав их применительно к отдельно взятому государству.

Следующее ключевое понятие нашего исследования – это экстремизм.

Термин «экстремизм» обозначает приверженность крайним взглядам и радикальным мерам, а также реализацию этих мер. Как правило, экстремизм проявляется в отрицании существующих политических и правовых норм, ценностей, процедур, основополагающих принципов организации политических систем, стремление к подрыву политической стабильности, низвержению существующей власти и действующих порядков [11, с. 10].

В международных правовых актах до 2001 г. не содержалось определения понятия «экстремизм», хотя термин употреблялся. Например, в Резолюции Генеральной Ассамблеи ООН от 9 декабря 1994 г. №49/60, где сказано, что «Генеральная Ассамблея ...глубоко озабочена тем, что во многих регионах мира все чаще совершаются акты терроризма, в основе которых лежит нетерпимость или экстремизм...» [12].

В Резолюции Совета Безопасности ООН от 28 декабря 2001 г. № 1373 (2001) также записано: «Совет Безопасности...будучи глубоко озабочен в различных регионах мира числом актов терроризма, мотивами которых являются нетерпимость или экстремизм...» [13, с.107].

В Резолюции Генеральной Ассамблеи ООН от 24 сентября 2014 г. № 2178 указано, что боевики-террористы используют свою экстремистскую идеологию для пропаганды терроризма. Осуждает насильственный экстремизм, который может служить питательной средой для терроризма [14].

В данном документе экстремизм обозначен в качестве мотива, а значит и движущей силы, терроризма.

Шанхайская конвенция о борьбе с терроризмом, сепаратизмом и экстремизмом впервые дает следующее определение понятия «экстремизм»: экстремизм – это какое-либо деяние, направленное на насильственный захват власти или насильственное удержание власти, а также на насильственное изменение конституционного строя государства, а равно насильственное посягательство на общественную безопасность, в том числе организация в вышеуказанных целях незаконных вооруженных формирований или участие в них, и преследуемое в уголовном порядке в соответствии с национальным законодательством Сторон [11].

Модельный закон государств-участников СНГ о противодействии экстремизму в ст. 1 дает определение понятию «экстремизм» - это посягательство на основы конституционного строя и безопасность государства, а также нарушения прав, свобод и законных интересов человека, гражданина, осуществляемых вследствие отрицания правовых и (или) иных общепринятых норм и правил социального поведения [15].

Закон Республики Казахстан «О противодействии экстремизму» дает следующее определение религиозного экстремизма: «разжигание религиозной вражды или розни, в том числе связанной с насилием или призывами к



насилию, а также применение любой религиозной практики, вызывающей угрозу безопасности, жизни, здоровью, нравственности или правам и свободам граждан».

Следовательно, законодатель устанавливает следующие признаки религиозного экстремизма:

1) разжигание религиозной вражды или розни, в том числе связанной с насилием или призывами к насилию;

2) применение любой религиозной практики, вызывающей угрозу безопасности, жизни, здоровью, нравственности или правам и свободам граждан [16].

Термин «экстремизм» словарями определяется как «приверженность к крайним взглядам и мерам (обычно в политике)» [17, с. 41].

Несмотря на то, что приверженцы крайних взглядов и соответствующих мер существовали на всем протяжении истории человечества, широкое распространение данный термин получил лишь в первой половине XX века [18, с. 52].

Н.П. Клейменов и А.А. Артемов вводят понятие «криминальный экстремизм», который они определяют следующим образом: «это общественно опасная деятельность, выражающаяся в совершении преступлений по мотивам политической, идеологической, расовой, национальной или религиозной ненависти или вражды либо по мотивам ненависти или вражды в отношении какой-либо социальной группы» [19, с. 166].

Криминальный характер экстремизма предусмотрен и в УК РК. Так, ст. 39 УК РК гласит: «экстремистские преступления – деяния, предусмотренные статьями 174, 179, 180, 181, 182, 184, 258, 259, 260, 267, 404 (частями второй и третьей) и 405 УК РК».

Некоторые авторы выделяют следующие виды криминального экстремизма: политический, идеологический, этнический, религиозный. Их дифференциация осуществляется по характеру ненависти или вражды [19, с. 167-174].

Следующий этап нашего аналитического исследования понятий «терроризм» и «экстремизм» - это их сопоставление и выяснение таким образом соотношения этих понятий. В юридической литературе существуют различные высказывания по этому вопросу.

Как справедливо отмечает С.С. Борисов и в законодательстве, и на практике, мы наблюдаем «смещение двух различных понятий и соответствующих им явлений - экстремизма и терроризма» [20, с. 36].

Завотпаев Р.Т. пишет, между терминами «экстремист» и «террорист» можно провести параллель разграничения только по совершению ими конкретного преступного деяния, то есть экстремист до тех пор остается экстремистом, пока не совершит акт терроризма и не перейдет в более «значимую» категорию в разряд террористов. Экстремист на протяжении развития истории является неизменным и основным спутником терроризма:



экстремизм есть душевный настрой человека на совершение актов терроризма [21, с. 50].

А.Б. Скаков рассматривает терроризм как крайнюю форму экстремистской деятельности, преимущественно реализуемую в политической сфере и проявляющуюся в насильственных действиях, имеющих целью создание атмосферы напряженности в обществе и обеспечения принятия выгодных террористам политических решений. Это позволяет прийти к выводу, что понятие экстремизма значительно шире понятия терроризма, а соответствующие деяния не всегда уголовно наказуемы [22, с. 126].

Если рассмотреть точку зрения А.Н. Смертина, то в научных кругах нет единого понимания и четких единых позиций в определении экстремизма и терроризма, соотношении этих понятий, не существует фиксированных объективных и субъективных признаков.

В Военном энциклопедическом словаре указано, что терроризм международный как правило, используются экстремистскими организациями в качестве способа политической борьбы для оказания давления на различные субъекты международной деятельности, прежде всего на власти того или иного государства [23].

Экстремизм и терроризм – это звенья одной цепи, где экстремизм – это подготовительная «теория», а терроризм – это исполнительная «практика». Экстремизм означает приверженность к крайним формам разрешения социальных конфликтов, поэтому он допускает и обосновывает необходимость применения насильственных методов, в числе которых и различные проявления терроризма [24, с. 110].

В приведенных выше высказываниях ученых прослеживается общее – это то, что эти два понятия «экстремизм» и «терроризм» не делимы.

Если говорить о последовательности появления этих явлений в обществе, то очевидно, что сначала появляется экстремизм в виде какой-то крайней, радикальной идеи, которая противостоит признанным обществом, государством морали, устоям, а вслед за этим следует терроризм.

Если охарактеризовать эти явления с позиции выполняемых ими ролей, то экстремизм можно представить в качестве главной движущей идеи, силы, цели, а терроризм в данном тандеме выполняет роль способа, средства, метода достижения поставленной цели.

Если рассматривать данные явления с позиции их структуры, то экстремизм составляет основное внутреннее содержание, в то время как терроризм является внешним проявлением этого явления.

Проведенный анализ позволяет сделать вывод о том, что:

а) экстремизм и терроризм являются различными, хотя и тесно взаимосвязанными понятиями;

б) экстремизм как явление предшествует терроризму, является его главной движущей силой.



Разделяя данную позицию, законодателем сделана дифференциация этих явлений на уровне законов. Как уже отмечалось в отечественном законодательстве действует два самостоятельных закона: Закон Республики Казахстан от 13 июля 1999 г. № 416 «О противодействии терроризму» и Закон Республики Казахстан от 18 февраля 2005 г. № 31-III «О противодействии экстремизму».

Вместе с тем, сам процесс законодательного разделения представляется незавершенным. Так, в УК РК предусмотрена уголовная ответственность за акт терроризма (ст. 255 УК РК), а затем за финансирование террористической или экстремистской деятельности и иное пособничество терроризму либо экстремизму (ст. 258 УК РК).

Однако, законодателем не предусматривается ответственность за совершение деяний, характеризующихся как экстремистские преступления. Уголовное законодательство предусматривает ответственность лишь за создание, руководство экстремистской группой или участие в ее деятельности (ст. 182 УК РК) и за дачу разрешения на публикацию в средствах массовой информации экстремистских материалов (ст. 183 УК РК).

Иными словами в современных условиях уголовный закон Республики Казахстан объединяет эти два понятия. Такое положение на наш взгляд является существенным упущением. Так, если экстремизм по времени предшествует терроризму, то целесообразно предусмотреть уголовно-правовые и криминологические меры по недопущению перерастания экстремизма в терроризм. Для этого необходим дифференцированный подход при выборе мер противодействия.

К примеру, в Российской Федерации предусмотрен дифференцированный подход, в соответствии с которым в УК РФ закреплены два самостоятельных состава уголовных правонарушений: статья 205.1 УК РФ «Содействие террористической деятельности» и статье 282.3 УК РФ «Финансирование экстремистской деятельности».

Таким образом, считаем необходимым в целях единообразия правоприменения предусмотреть в УК РК самостоятельные нормы, предусматривающие уголовную ответственность как за финансирование экстремистской деятельности и иное пособничество экстремизму, так и за финансирование террористической деятельности и иное пособничество терроризму.

В настоящее время, невзирая на то, что ООН выработано очень большое количество правовых документов, в которых используются термины «терроризм», «экстремизм» и иные производные от них дефиниции, четкого определения понятий терроризм и экстремизм нет.

Два понятия «экстремизм» и «терроризм» не делимы. Если говорить о последовательности появления этих явлений в обществе, то очевидно, что сначала появляется экстремизм в виде какой-то крайней, радикальной идеи,



которая противостоит общепризнанным обществом, государством морали, устоям, а вслед за этим следует терроризм.

Если охарактеризовать эти явления с позиции выполняемых ими ролей, то экстремизм можно представить в качестве главной движущей идеи, силы, цели, а терроризм в данном тандеме выполняет роль способа, средства, метода достижения поставленной цели.

Если рассматривать данные явления с позиции их структуры, то экстремизм составляет основное внутреннее содержание, в то время как терроризм является внешним проявлением этого явления.

Международные стандарты в сфере противодействия финансированию терроризма и экстремизма в виде толкования терминов, имеющих правовое значение в этой сфере, нет. С учетом того, что ООН государствам мира рекомендовано к применению такое большое количество нормативно-правовых актов, назрела необходимость создания документа, в котором нашли бы отражение толкование основных понятий, используемых в сфере противодействия терроризму и экстремизму, а также их финансированию.

Список использованной литературы

1. История развития законодательства о борьбе с терроризмом. Завотпаев Р.Т. Терроризм: исторический и уголовно-правовой аспекты: Учебное пособие.- Караганда, 2005.-97 с.
2. Л.Н. Митрохин Терроризм и религия /науч. Ред. В.Н. Кудрявцев; сост. Л.В. Брятова; Обществ.-консультативный совет по проблемам борьбы с международным терроризмом Российская академия наук.-М.: Наука, 2005.-199 с.
3. Ахметов Л.С., Веревкин А.В., Лифанова Т.Ю. «Терроризм и Экстремизм: История, теория и практика вопроса». Учебное пособие.-Астана , 2011.-204 с.
4. Шанхайская конвенция о борьбе с терроризмом, сепаратизмом и экстремизмом от 15 июня 2001 года // [Электронный ресурс]. - https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1027029#pos=1;-145.
5. Модельный Закон «О противодействии терроризму». Межпарламентская Ассамблея государств-участников Содружества Независимых Государств // [Электронный ресурс]. - Режим доступа: http://adilet.zan.kz/rus/docs/H070000352_
6. Закон Республики Казахстан «О противодействии терроризму» от 13 июля 1999 года // [Электронный ресурс]. Режим доступа: http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z990000416_
7. Молдабаев С.С. К вопросу о совершенствовании уголовного законодательства по борьбе с терроризмом // Государственное управление и государственная служба. 2012. №3. С. 38-40.
8. Ожегов С.И. Словарь русского языка: Ок. 57000 слов / Под ред. д.ф.н, проф. Н.Ю. Шведовой.-14-е изд., стереотип. – М.: Рус.яз., 1983. – 816 с.



9. Даль В.И. Толковый словарь живого великорусского языка: Т.1-4. – М.: Рус.яз., 1978-1980. - Т.4. Р-V. 1980. – 683 с.
10. Словарь основных терминов и понятий в сфере борьбы с международным терроризмом и иными проявлениями экстремизма. Антитеррористический центр государств-участников СНГ, 2003. С. 66.
11. Экстремизм и его причины/ под.ред. Ю.М. Антоняна.-М.: Логос, 2011.-288 с.
12. Декларация о мерах по ликвидации международного терроризма. Принята Резолюцией Генеральной Ассамблеи ООН 49/60 от 09.12.1994. № // [Электронный ресурс]. - Режим доступа: http://www.un.org/ru/documents/decl_conv/declarations/terrdecl
13. Резолюция 1373 (2001), принятая Советом Безопасности на его 4385-м заседании 28 сентября 2001 года. Сборник нормативных правовых актов по вопросам борьбы с международным терроризмом и экстремизмом/Сост. Ахметов Е.Б.-Алматы: «Раритет», 2007.-330 с.
14. Резолюция Генеральной Ассамблеи ООН от 24.09.2014 № 2178 // [Электронный ресурс]. - Режим доступа: <https://documents-dds-ny.un.org/doc/UNDOC/GEN/N14/548/01/PDF/N1454801.pdf?OpenElement>
15. Модельный Закон «О противодействии экстремизму». Межпарламентская Ассамблея государств-участников Содружества Независимых Государств от 23 ноября 2012 года № 38-16 // [Электронный ресурс]. - Режим доступа: http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31400742#pos=10;-95
16. Комментарий к законам Республики Казахстан «О противодействии терроризму» и «О противодействии экстремизму» // [Электронный ресурс]. - Режим доступа: <https://www.zakon.kz/4808371-kommentarij-k-zakonom-respubliki.html>.
17. Ожегов С.И., Шведова Н.Ю. Толковый словарь русского языка: 80000 слов и фразеологических выражений / Российская академия наук. Институт русского языка им. В.В. Виноградова. – 4-е изд., дополненное. – М.: «А ТЕМП», 2004. – 944 с.
18. Антонян Ю.М. Экстремизм и его причины. – М.: Логос, 2011. – 288 с.
19. Артемов А.А., Клейменов М.П. Понятие и виды криминального экстремизма // Вестник Омского университета. – Омск: Изд-во ОмГУ, 2010. – № 3 (24). – 237 с.
20. Борисов С.В. Уголовная ответственность за публичные призывы к осуществлению террористической деятельности или публичное оправдание терроризма / С. В. Борисов // Российский следователь. — 2007. — №19. — С. 10-12.
21. Завотпаев Р.Т. Терроризм әліппесі =Азбука терроризма = The alphabet of terrorism: оқулық. құрал – Караганды: "АРКО", 2006. – 80 б.



22. Скаков А.Б. Предупреждение преступности террористической и экстремистской направленности в Казахстане // Юридический журнал Предупреждение преступности. – 2014. – № 4 (52). – С. 124-127.

23. Военный энциклопедический словарь. Редкол.: А.П. Горкин, В.А.Золотарев и др. – М.: Большая Российская энциклопедия, «РИПОЛ КЛАССИК», 2002. –1664 с.

24. Закарьяева Э.Р. Соотношение терроризма и экстремизма в историко-философском контексте / Межэтнический и межконфессиональный диалог как консолидирующая основа общества в борьбе против глобальных угроз терроризма и экстремизма: материалы Международной научно-практической конференции (г. Астрахань, 10 октября 2013 г.) / сост. и отв. ред. А.В. Сызранов, О.С. Попова. – Астрахань: Издатель: Сорокин Роман Васильевич, 2013. – 180 с.





III. АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ НАУЧНЫХ ИССЛЕДОВАНИЙ МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ

УДК 34.096

О РОЛИ НАУЧНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ В ОБУЧЕНИИ СТУДЕНТОВ ПРАВУ

Калистратова Н.С.

заместитель директора Института
прокуратуры Уральского
государственного юридического
университета (г. Екатеринбург)

Веревкин И.Е.

студент 2 курса Института
прокуратуры Уральского
государственного юридического
университета (г. Екатеринбург)

Түйіндеме

Мақала студенттердің заңды үйрену аясында ғылыми қызметтің ролін талдауға арналған. Ресей Федерациясындағы жоғары білімнің қазіргі мемлекеттік стандарттарына негізделген бакалавриат, магистратура және мамандар даярлаудағы әдістемелік әдістердің бірі – студенттерді ғылыми қызметке дайындау және өзін-өзі жүзеге асыру. Қойылымның тәртібі барысында, мәселені көтеру үшін студент ғылыми іс-шараға қатысуға мүдделі. Ғылыми іс-шара ғылыми қызметтік конференцияны өткізу жайлы жуық жоспар келтірілген. Студенттерге арналған конференцияға қатысудың практикалық маңызы туралы қорытынды көрсетілген.

Аннотация

Статья посвящена анализу роли научной деятельности в обучении студентов праву. С опорой на действующие в Российской Федерации государственные стандарты высшего образования, уровень бакалавр, магистр, специалист подчеркивается значение одного из методических приемов в обучении – подготовке и самореализации обучающихся в научной деятельности. В порядке постановки проблемы говорится о заинтересованности студента в участии в научном мероприятии. Приведен примерный план проведения научного мероприятия – научной студенческой конференции. Сделаны выводы о практической значимости участия в конференции для будущих профессионалов.



Annotation

The article is devoted to the analysis of the role of scientific activity in teaching law students. Based on the current state standards of higher education in the Russian Federation, the bachelor's, master's, and specialist levels emphasize the importance of one of the methodological methods in training – preparation and self-realization of students in scientific activity. In order to raise the problem, the student is interested in participating in a scientific event. An approximate plan for holding a scientific event, a scientific student conference, is given. Conclusions are drawn about the practical importance of participation in the conference for students.

Ключевые слова: научная работа, конференция, обучение праву, студент, методика преподавания.

В процессе подготовки специалистов – будущих юристов, работников правоохранительной системы, прокуроров, государственных служащих у начинающих преподавателей возникают вопросы: как учить, как заставить студента овладеть необходимым набором знаний, помочь ему освоить предмет глубже, чем возможно в рамках заявленного времени, т.е. каким методом, педагогическим приемом воспользоваться.

Одним из приемов, способствующих самостоятельному овладению знаниями, является участие студента, магистранта, аспиранта в научной работе.

Пункт 3 статьи 2 Федерального закона Российской Федерации от 29.12.2012 г. № 273-ФЗ «Об образовании в Российской Федерации» дано определение процессу обучения – это целенаправленный процесс организации деятельности обучающихся по овладению знаниями, умениями, навыками и компетенцией, приобретению опыта деятельности, развитию способностей, приобретению опыта применения знаний в повседневной жизни и формированию у обучающихся мотивации получения образования в течение всей жизни [2, ст. 7598].

Действующий в России федеральный госстандарт по направлению подготовки «Юриспруденция» (квалификация (степень) «бакалавр») определяет область профессиональной деятельности бакалавров как: разработку и реализацию правовых норм; обеспечение законности и правопорядка; правовое обучение и воспитание.

Действующий в России федеральный госстандарт по направлению подготовки «Юриспруденция» (квалификация (степень) «магистр») определяет область профессиональной деятельности магистров и включает в нее разработку и реализацию правовых норм; обеспечение законности и правопорядка, проведение научных исследований, образование и воспитание.

Утвержденный в 2017 г. Минобром России федеральный государственный образовательный стандарт высшего образования по специальности Судебная и прокурорская деятельность (уровень специалитет), в область профессиональной деятельности специалистов включает: обеспечение



верховенства закона, единства и укрепления законности, защиту интересов личности, общества и государства, разработку и реализацию правовых норм, обеспечение законности и правопорядка, проведение научных исследований, правовое обучение и воспитание.

Таким образом, основываясь на нормах российского стандарта, выпускник юридического вуза после получения диплома должен уметь разрабатывать и применять правовые нормы, обеспечивать законность и правопорядок, проводить научные исследования, транслировать полученные знания, обучать и воспитывать других.

Помимо этого, как справедливо отмечает К.М. Левитан «юрист должен обладать гражданской зрелостью и высокой общественной активностью, профессиональной этикой, правовой и психологической культурой, глубоким уважением к закону и бережным отношением к социальным ценностям правового государства, чести и достоинству гражданина, твердостью моральных убеждений, чувством долга, ответственностью за судьбы людей и порученное дело, принципиальностью и независимостью в обеспечении прав, свобод и законных интересов личности, ее охраны и социальной защиты, необходимой волей и настойчивостью в исполнении принятых правовых решений, чувством нетерпимости к любому нарушению закона в собственной профессиональной деятельности» [1, с. 127]. Несомненно, что сформировать все эти навыки и качества помогают студенческие научные мероприятия.

В современной системе образования существует довольно много противоречивых моментов. Одним из них является участие студентов бакалавров, магистров, специалистов в научной деятельности. С одной стороны на базе высших учебных заведений создаются студенческие научные общества, активные члены которых агитируют, организуют и принимают участие в конференциях, с другой стороны, часть студентов не видит для себя интереса и перспективы в науке, не считает, что именно наука является двигателем прогресса, и каждый способен принести в нее вклад. Но не все так плохо.

Каждое научное мероприятие преследует определенные цели. Безусловно, основной целью любого научного мероприятия (конференции, конкурса) является формирование будущего специалиста, становление его профессиональных навыков. Заинтересовать студента в участии, может быть сначала путем вовлечения его в организаторскую или самую простейшую работу по написанию научного доклада на занятие, превратив эту работу в научный доклад одна из методических задач педагога высшей школы.

Наиболее оптимальной формой работы для начала научной деятельности на наш взгляд является проведение студенческой научной конференции. Можно предложить следующий порядок работы. Прежде всего, любая конференция начинается с ее объявления. Заранее оговаривается тема конференции, время конференции, срок подачи материалов. Участники в установленный период направляют заявки с тезисами соответствующими тематике конференции. В назначенный срок работа начинается с пленарного



заседания, где оглашается тема конференции, ставятся основные цели и задачи конференции, определяется порядок работы, заслушиваются выступления ведущих ученых-профессоров, специалистов, преподавателей. Далее продолжается работа по секциям. Дробление на секции очень часто происходит по отраслям права, но бывает и деление по другим основаниям, например, по количеству участников, схожести тематики тезисов. Работа секции проходит в форме научно-практического занятия с заслушиванием докладов и выступлений студентов по поставленной в секции проблематике. Секретарями (соорганизаторами) – помощниками преподавателей ведущих секцию являются сами студенты, которые занимаются предварительным отбором работ соответствующих заявленным требованиям. Участники задают докладчику вопросы, обсуждают, спорят, желающие высказывают свои мнения. Ведущий секцию преподаватель дополняет и уточняет информацию. В заключение работы секции преподаватель подводит итоги, формулирует основные выводы. Конференция заканчивается подведением итогов, в форме общего собрания, на котором руководители секции докладывают о проведенной работе, сделанных выводах, отмечают лучшие представленные работы студентов. Организаторы конференции дают оценку проделанной работе, определяют, решены ли поставленные ей задачи и достигнута ли цель научной конференции.

Безусловно, первоначально студент подходит к анализу проблемы со стороны обывателя, что способствует появлению новых, невидимых с точки зрения профессионала путей решения правовой коллизии или же проблемной области права. В дальнейшем в процессе погружения и изучения выбранной темы (с помощью преподавателя-специалиста, или на старших курсах) студент начинает разбираться в проблематике и особенных аспектах, что помогает ему достойно и аргументированно излагать свою точку зрения на других конференциях, конкурсах.

Оценивая роль научной конференции в обучении студентов праву можно сделать следующие выводы.

Прежде всего, научная конференция учит студента научной, теоретической, исследовательской работе. Первоначально (обычно на первом курсе) это работа с источниками, монографиями, но иногда и работа с архивными материалами под руководством преподавателя. Обучаемый учится собирать материал, обрабатывать его, делать выводы, правильно оформлять свою работу.

Во-вторых, представляя свой доклад на секции, студент формирует и развивает свое умение выступать на публике, оттачивает ораторское мастерство, учится грамотно вести дискуссию.

В-третьих, научная и творческая атмосфера научной конференции, заставляет выходить на новый уровень, узнавать у своих коллег что-то новое, работать над собой, видеть себя в профессии, определить уровень своих знаний по сравнению с другими участниками, дает толчок к дальнейшим



исследованиям по теме доклада или стимул к проведению новых исследовательских работ.

В-четвертых, как правило, студенты являются активными помощниками в организации конференции, получая, таким образом, навык организационной, административной работы, что тоже немаловажно для будущего юриста.

Таким образом, в процессе участия в научной студенческой конференции, студент формируется как будущий профессионал, приобретает навыки и умения необходимые для будущего юриста.

Список использованной литературы:

1. Левитан К.М. Юридическая педагогика. М., 2016. С. 127.
2. Свод законов Российской Федерации. 2012. № 53. Ст. 7598 (с изм.).



ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

Рахимов Н.Б.

Қазақстан Республикасы Бас
прокуратурасының жанындағы Құқық
қорғау органдары академиясының
кәсіби біліктілікті арттыру
кафедрасының доценті

Түйіндеме

Бұл мақалада өткен ғасырдың 20-30 жж екінші жартысындағы қазақ тілінің құқықтық жағдайы зерттеледі. Автор, ғылыми еңбектерге, тарихи-заңдық деректерге сүйене отырып, қазақ тілі құқықтық мәртебесінің кеңестік мемлекеттік жүйенің алғашқы кезеңінде қалыптасуын негіздейді.

Аннотация

Данная статья посвящена исследованию правового положения казахского языка в 20 годы и первой половине 30 годов XX века. Автор, опираясь на научные труды, историко-юридические материалы, обосновывает становление правового статуса казахского языка в начальный период советской государственной системы.

Annotation

This article is dedicated to research the legal position of the Kazakh language in twenties and first half of the thirties of the 20th century. Author, originating in scientific works, historical and legal materials, justifies the formation of the legal status of the Kazakh language in the initial period of the Soviet state system.

Тірек сөздер: қазақ тілінің құқықтық мәртебесі, ұлттық, тілдік саясат, тілдің қолданыс аясы.

Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл қолданысының құқықтық негіздері еліміздің 1995 жылғы Конституциясында және 1997 жылы қабылданған арнаулы Тіл туралы заңында бекітілген. Бұл саяси-құқықтық құжаттарда қазақ тілі мемлекеттік деп танылып, республикамыздағы тілдердің мемлекеттік органдар, жеке ұйымдар қызметі, ғылым, білім, мәдениет және өмірдің өзге де маңызды салаларындағы қолданыс аясы реттелді. Тәуелсіздік пен егемендікке ие болған жаңа заманда қабылданған осындай заңнамалық актілер тіліміздің тынысын кеңейтіп, өз коммуникативтік мүмкіндіктерін біртіндеп арттыруына жол ашты. Дегенмен, оның құқықтық жағдайының орнығуы тек осы кезеңмен тұйықталып қалмайтыны анық.

Тарихымызға үңілсек, тілдік қатынастарды реттеуге бағытталған қадамдардың қазіргі ұлттық заңнамамыз орныққанға дейін де жасалғанын



байқай аламыз. Бұл қазақ тілі құқықтық мәртебесінің өзіндік қалыптасу және даму жолының болғандығы, ал оның эволюциясы осыдан сан жылдар бұрын басталғандығы туралы түсінікке жетелейді.

Бұл кезеңдерді білу мемлекеттік тіл төңірегіндегі проблемаларды жүйелі түрде талдап, оларды шешудің оңтайлы жолдарын табу үшін аса маңызды.

Тәуелсіздікке дейін еліміздегі көптеген түбегейлі экономикалық, әлеуметтік, саяси және мәдени өзгерістер Қазан төңкерісінен бастау алғандығы белгілі. Жетпіс жылға жуық мерзімді қамтыған бұл тарихи кезең Қазақстан үшін сан түрлі оқиғаларға толы болды. Олардың бір одақ құрамында өмір сүрген халықтар үшін берген айтарлықтай жетістіктері де, сондай-ақ бүгінгі күнге дейін әлі сезілетін керітартпа, зардапты жақтары да бар.

Қазақ тілі жерімізді мекендеген тайпалар мен руларды бір ұлтқа топтастыруда маңызды рөл атқарды. Ресей бодандығына кіргеннен кейін де ол ұзақ уақыт билік, төрелік жүргізудің, қоғам мүшелері арасындағы қарым-қатынастың бірден-бір құралы болды. Алғашында Патша үкіметінің қазақ жеріндегі отарлау саясаты баяу жүріп, ел басқарудың қалың бұқараға жақын дәстүрлі жүйесі мен тетіктері сақталды. Бұл кезеңде халық этникалық құрамы жағынан негізінен біртекті болғандықтан, тілдік мәселелер бой көрсете қоймаған еді.

Хандық билік жойылып, империялық саясаттың отаршыл мүддесіне сай басқарудың жаңа жүйесі орнатылған соң елдің шұрайлы жерлеріне империяның ішкі аймақтарынан өзге ұлт өкілдерінен тұратын шаруалар көптеп қоныстана бастады. Осының салдарынан 1897 жылғы бүкілресейлік халық санағының мәліметтері бойынша қазақтар өлкенің қазіргі шекарасында тұрған халықтың 81,7 пайызын, 1914 жылға қарай 65,1 пайызын құраған [1].

Бұл жағдай орыс тілінің біртіндеп тарала бастауына негіз қалады. Алайда осы кезеңдерде жергілікті халық сырттан келген өзге ұлт өкілдерімен тығыз қарым-қатынас жасамағандықтан және көшпелі мал шаруашылығының ерекшелігіне орай жеке қауым, ру болып тіршілік кешкендіктен, қостілділік айтарлықтай таралмай, қазақтардың басым көпшілігі біртілді болған.

Солдай дегенмен, патша шенеуніктері мен саясаткерлерінің түптің түбінде өздеріне бағынышты барлық халықтарды біртіндеп болса да тілдік ассимиляцияға ұшырату мақсатын көздегені айқын. Мұндай мақсат-міндет сол кездегі білім беру ісін ұйымдастырудан да байқалды. Мәселен, 1870 жылы Халық ағарту министрі болған Д.А.Толстой бұратана халықтарға білім берудің түпкі мақсаты сөзсіз оларды орыстандыру, сөйтіп орыс халқына қосып жіберу болуға тиіс деген пікірін ашық білдірген [2].

Патша билігінің жалпы саясаты тілдердің тең құқылығын еш мойындамай, тек орыс тілінің басымдықпен таралуына жағдай жасаған. Оның мемлекеттік мәртебесі заңнамалық деңгейде анықталған еді. Атап айтқанда, 1906 жылғы Ресей заңдарының жинағында орыс тілінің жалпымемлекеттік тіл болып табылатындығы және оның әскерде, барлық мемлекеттік және қоғамдық құрылымдарда міндетті түрде қолданылатындығы жөнінде ереже бекітілген [3].



Сөйтіп, Ресей империализмі дәуірінде орыс тілінен басқа тілдердің қандай да бір ресми мәртебесі танылмай, қоғамдық қызметін дамытатын заңдық кепілдіктер қалыптастырылмады.

Кеңестік Қазақстандағы тілдер мәселесіне арналған тарихи материалдардың мазмұнымен таныса отырып, сол кездегі ресми биліктің ұлттық тіл жөніндегі ұстанған саясаты бастапқыдан тек бір бағытта өрбімей, белгілі бір уақыт аралығында өзгеріп отырғандығын аңғаруға болады. Осыған байланысты саясаттану және әлеуметтік лингвистика ғылымдарында оны бірнеше кезеңдерге бөліп қарастырады. Мәселен, отандық социолингвист Б.Хасанұлы Қазақстандағы тіл құрылысының кеңес дәуіріндегі даму тарихын бір-бірінен дараланатын мынадай төрт түрлі кезеңге бөлген: бірінші кезең (Қазан төңкерісінің қарсаңынан бастап 1921 жылға дейінгі аралықты қамтиды) - В.И.Ленин бастаған революционерлердің әлемде алғаш рет тілдердің теңқұқылығын жариялап, бір тілдің (орыс тілінің) мемлекеттік тіл болуына қарсы күрес жүргізген кезі; екінші кезең (1921 жылдан 1938 жылға дейінгі аралық) - қазақ және орыс тілдерінің мемлекеттік дәрежеге ие болуы; үшінші кезең (1937-38 және 1987-88 ж.ж.) тіл теңдігі сөз жүзінде сақталғанымен, іс жүзінде тежеуге ұшыраған кез ретінде сипатталады; төртінші кезең - 1989 жылы Тіл туралы ҚазССР Заңы бойынша қазақ тілінің мемлекеттік деп жариялануы [4].

Қазақстандағы тіл саясатының қалыптасу тарихын ашып көрсетуге арналған ізденістер кейінгі ғылыми жұмыстарда да кездеседі. Мәселен, Г.А.Базарбаева социалистік режим орнағаннан бастап қазіргі уақытқа дейінгі тіл саясатының дамуын мынадай кезеңдерге бөліп қарастырған: 1) тең дәрежелі қазақ-орыс қостілділігі қалыптасқан уақыт (1920-1938 ж.ж. қамтиды); 2) орыс тілінің басымдыққа ие бола бастауы және қазақ тілінің шеттетілуі (1938-1987 ж.ж.); 3) қазақ тілі мәртебесінің жоғарылауы (1987-1995 ж.ж.); 4) қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесіне негізделген, орыс тілінің іс-жүзіндегі басымдығы танылатын үйлесімді тіл саясаты (1995 жылдан бүгінге дейін) [5].

Еліміздегі ұлттық саясат пен тілдік ахуалдың әр жылдардағы ерекшелігін зерттеген екі ғалымның көзқарастарында белгілі бір алшақтықтар болғанымен, олардың пікірлері бір мәселеде түйіскен: ол - кеңестік мемлекеттік аппарат құрылғаннан бастап 1938 жылға дейінгі уақытта басқа ұлттық тілдер сияқты қазақ тілінің де қоғамдық рөлі мен қызметтерінің артқандығы, ал бұдан кейінгі жылдары қолданыс аясының керісінше шектелгендігі.

Қазан төңкерісі нәтижесінде билікке келген большевиктер оған дейінгі тарихта бұрын-соңды болмаған халықтардың теңдігі мен өзін-өзі билеу құқығын жариялады. Марксизм идеяларымен қаруланған революционерлер еңбекші бұқараның мүддесін қанағаттандыруды көздеп, патша заманынан қалған сарқыншақтармен, ескінің қалдықтарымен тынбай күресті.

1917 жылдың қарашасында РСФСР Халық Комиссарлар Кеңесімен қабылданған «Ресей халықтары құқықтарының декларациясында» халықтардың теңдігі мен егемендігі, дербес мемлекет құруға дейін еркіндік беретін



халықтардың өзін-өзі билеу құқығы, ұлттық-діни артықшылықтар мен шектеулердің қандайын болса да жою, ұлттық азшылықтар мен этнографиялық топтардың еркін дамуы тәрізді ұлттық саясаттың негізгі принциптері көрініс тапқан [6].

Сонымен, жаңа ұлттық саясат барлық тілдердің қалыпты дамуы мен өркендеуіне жол ашты. Бұған сол тұста қабылданған нормативтік-құқықтық актілер айқын дәлел. 1918 жылдың 15 ақпанында Бүкілресейлік Орталық атқару комитетінің және Халық комиссарлары кеңесінің сот туралы №2 декреті қабылданып, онда барлық сот инстанцияларында бүкіл жергілікті тілдерде іс жүргізілетіндігі туралы ереже бекітілді.

Қазақ тілінің қоғамдық қолданысын кеңейтуге жол ашқан алғашқы заңнамалық актілер 1921 және 1923 жылдары қабылданды.

1921 жылдың 2 ақпанындағы Қазақ АКСР Халық Комиссарлар Кеңесінің «Республиканың мемлекеттік мекемелерінде қазақ және орыс тілдерін қолдану туралы» декреті мен 1923 жылғы Қазақ АКСР Орталық Атқару Комитетінің «Қазақ тілінде іс қағаздарын жүргізуді енгізу туралы» декреті бойынша орыс тілімен бірге қазақ тілі өз тарихында тұңғыш рет мемлекеттік мәртебені иеленді.

Бұл орайда бір нәрсені ескере кеткен жөн. Бірінші аталған декретте ҚазССР көлемінде қазақ және орыс тілдері мемлекеттік тілдер болып табылды деген тікелей ереже жоқ. Бірақ 1923 жылғы нормативтік-құқықтық актіде 1921 жылғы декрет бойынша осы екі тілдің мемлекеттік деп танылғандығы жөнінде сілтеме берілген [7]. Оның үстіне осы құжаттардағы нормалар мазмұны жағынан тілдердің осындай ерекше мәртебесіне нұсқап тұр. Сондықтан бұл актілердің екеуі де қазақ тілінің мемлекеттік-құқықтық мәртебесін алғаш рет бекітті деген тұжырым мейлінше дұрыс сияқты.

1921 жылғы нормативтік құқықтық актінің 1-тармағында «Қазақ Автономиялы Советтік Социалистік Республикасының (әрі қарай - ҚАССР) шекарасын құрайтын Семей, Ақмола, Орынбор-Торғай, Орал және Бөкей губернияларының және Адай уезінің мемлекеттік мекемелерінде тең құқылы дәрежеде қазақ және орыс тілдері қолданылады» деп жазылған. Бұл тармақтағы ереженің қазақ тілі мен оның негізгі тұтынушысы - қазақ халқы үшін үлкен маңызы болды. Ол ел аумағындағы екі негізгі тілдің толық теңқұқылығын заңды түрде жариялады.

Қарастырылып отырған тармақта сол уақыттағы қазақ жерлерінің әлі толық қосылып бітпеген аумағы көрініс тапқан. Мәселен, бұл жылдары Қазақстанда екі мемлекеттік құрылым - 1920 жылдан бастап РСФСР құрамында құрылған Қырғыз (қазақ) кеңестік автономиялық социалистік республикасы мен одан бұрынырақ, 1918 жылы қалыптасқан Түркістан автономиялық кеңестік социалистік республикасы қатар өмір сүрді. Қазақтар тығыз қоныстанған оңтүстіктегі Жетісу, Сырдария облыстары алғашында Түркістан автономиялық республикасының құрамында болып, 1924 жылы жүргізілген



Орта Азия республикаларын ұлттық-территориялық жағынан межелеу нәтижесінде Қазақ АКСР-на қайтарылып берілді.

Жиырманшы жылдардың бастапқы кезеңдері қазақ тілінің өрісін кеңейтуді көздеген өзге де белсенді іс-қимылдарға толы болды. Олардың басы-қасында жаңа заман жағдайларында өсіп-жетілгенімен өмірінің соңғы сәттеріне дейін туған халқына адал қызмет еткен қазақтың ұлтжанды мемлекеттік қайраткерлері тұрғандығын атап өту керек.

Солардың бірі – Нығмет Нұрмақовтың жетекшілігімен 1923 жылдың 16 маусымында Әділет комиссариатының алқа мәжілісі өтеді. Онда сот органдарын қазақ тілінде іс жүргізуге көшіру тәртібі талқыланған. Осының нәтижесінде Қазақстанның Орталық атқару комитеті бекіткен «Қазақ тілін сот және тергеу органдарына енгізу туралы» нұсқау тиісті орындарға жіберіледі. Онда қазақ тілінің заңдық мәртебесін іске асыруға бағытталған мынадай нақты шаралар белгіленген: қазақ, орыс болыстары аралас аудандарда аралас аймақтар құра отырып, сот мәжілістері мен іс-қағаздарын міндетті түрде екі тілде жүргізу; кілең қазақтар қоныстанған және басқа ұлттар аралас тұратын жерлерде сот төрағасы мен тергеуші қызметіне міндетті түрде қазақ тілін меңгерген адамдарды тағайындау; мұндай аймақтардағы қазақ тілін білмейтін, қызметке жарамсыз барлық іс жүргізушілерді жұмыстан босатып, жетік білетіндермен алмастыру; барлық прокурор көмекшілерінің тізбесін қайта қарап, сот ісі қазақша жүретін аймақтарға тиісінше қызмет көрсету үшін прокуратура құрамына қазақ тілін білетін, білімді мамандарды енгізу; қызметінен босағандарды басқа аймақтарға тағайындау, ал мүмкін болмаған жағдайда Еңбек туралы заңға сәйкес олармен біржола есептесіп, жұмыстан босату [8].

Қазақстанда азамат соғысы аяқталғаннан соң үлкен қиыншылықтармен елдің шаруашылығы мен бұзылған өндірістік қатынастарын қалпына келтіру жұмыстары жүріп жатты. Осы орайда мемлекеттік кәсіпорындар қызметінде де тілдік қатынастарды құқықтық реттеуге ерекше мән берілді. Жоғарғы билік органдарының тікелей нұсқауымен жүргізілген «жергіліктендіру» (коренизация) науқаны мемлекеттік мекемелермен қатар, өнеркәсіп органдарында да ұлттық жұмысшы мамандар санының артуына жағдай туғызды. 1924 жылы Еңбек Халық Комиссариаты тиісті орындарға «орыс қызметкерлерін қазақ немесе қазақ тілі мен жазуын білетін қызметкерлермен алмастыру жөнінде» хат жіберген. Ал сол жылдың 5 шілдесінде «Мемлекеттік мекемелер мен кәсіпорындарда қазақ тілінде іс жүргізетін жұмысшылар мен қызметкерлердің санын молайту және қазақ тілі мен жазуын білетін мамандармен алмастыру тәртібін күшейту жөнінде» қаулы қабылдаған. Аталған екі құжатта қазақ тілінің мерейін көтеретін міндетті ережелер бекітілген. Атап айтқанда, сол кезде қызметкердің қазақ тілін білмеуі кәсіпорындағы қызмет орнын қысқартудың шарты ретінде танылған.

«Бұл уақыттарда қазақтарды өндіріске тарту мен аппарат құрамын жергілікті ұлт өкілдерімен толықтыру мәселесі «шовинизм мен ұлтшылдыққа



қарсы шешімді күрес жүргізу» ұранымен ашық та, батыл жүргізілген. Соның нәтижесінде жиырмамыншы жылдардың соңында «Ембімұнайдағы» қазақ жұмысшыларының саны 51,6%, Қарсақпайда – 48%, «Одақалтында» («Союззолото») – 39%-ға, «Қазақкөмірде» - 58%-ға жеткен (қазіргі өндіріс жағдайымен салыстырып көріңіз). Бірақ осының өзіне БКП(б) Өлкелік комитеті жүргізген рейдте қанағаттанбаушылық білдіріліп, «Ұлыдержавалық шовинизм қазақтарды өндіріс пен аппаратқа тарту ісін тежеп отыр», - деп танылып, 15 баптан тұратын қаулы қабылданған. Онда көптеген нақты шаралармен қоса, тіпті, қазақ тілін үйренуден бас тартқандарға жаза қолдану қажеттілігі де ескерілген» [9].

Тілші ғалым Б.Хасанұлының пікірінше, осы кезеңде Қазақстан аумағында мемлекеттік дәрежеге екі тілдің ие болғандығын үш түрлі құжат дәлелдейді. Олардың алғашқы екеуі – біз осыған дейін тоқталған 1921 жылғы және 1923 жылғы декреттер болса, үшінші құжат ретінде Кеңестік Ресей құрамындағы Қазақ АКСР-нің конституциясы көрсетілген [10]. Демек, ендігі кезекте қазақ тілінің құқықтық мәртебесі конституциялық деңгейде бекітілді.

1926 жылдың 18 ақпанында Қазақ Орталық Атқару Комитеті қабылдаған Қазақстанның бірінші конституциясының жобасында әр ұлт өкілінің барлық жағдайда өз ана тілін пайдалану құқығы таныла отырып, оның 13-бабында былай деп жазылды: «Қазақ Автономиялы Кеңестік Социалистік Республикасында қырғыз (қазақ – автор) және орыс тілдері мемлекеттік тілдер болып танылады. Республиканың жоғарғы орталық органдарынан тарайтын барлық декреттер, қаулылар мен өзге заңнамалық және аса маңызды үкіметтік актілер бір мезгілде осы тілдерде қабылданады және жарияланады [11].

Конституцияның жобасы қабылданар кезде қазақ тілінің мемлекеттік мәртебеге ие болуы әбден заңды еді. Елдің осы Негізгі Заңы қабылданған сәтте қазақтар Республика халқының шамамен алпыс пайызға жуығын құрып, титулды ұлт ретінде қарастырылды. Ал орыс тілінің де мұндай дәрежеге көтерілуі де түсінікті жағдай. Қазақстан автономиялы республика түрінде құрылып, сол кездегі Ресей Социалистік Федерациясының құрамында болды.

Шамамен 20-жылдардың соңы мен 30-жылдардың басында тіл саясатындағы орталықтандыру әдісінің күшейгендігін байқауға болады. Бұл кезеңде КСРО халықтарының өмірінде тағы да бірқатар ірі оқиғалар болды. Солардың бірі – жазу жүйесін өзгерту, реформалау ісі. 1926 жылы Баку қаласында өткен I Бүкілодақтық түркологиялық съезде барлық түркі тілдерін сатылап латын жазуына көшіру туралы шешім қабылданды [12].

Көптеген халықтардың тілдері қолға алынған игі шаралар нәтижесінде мемлекеттік органдар, шаруашылық жүргізу салаларында тұрақты қолданысқа енді. Бірақ, осымен бір мезгілде тамыры тереңге жайыла бастаған тоталитарлық жүйе ұлт зиялыларын қоғамдық-саяси қызметтен шеттетіп, кейін әр түрлі негізсіз таңылған айыптар бойынша қуғын-сүргінге ұшыратты.

Күштеп ұжымдастыру жылдары, сол кездегі басқа халықтар тәрізді, қазақ ұлты да ауыр қайғы азабын бастан кешірді. Ойластырылмай жүргізілген



жұмыстың салдарынан қазақ елі ашаршылық жылдары орны толмас қазаға ұшырады: 2 млн. 200 мың адамынан, яғни қазақ этносының 49 пайызынан айырылды [13] Мұндай шығынның зардапты салдары ұзақ уақыт бойы сезіліп, қазақтар көпке дейін өз жерінде азшылықты құрады.

Осындай қиыншылықтар мен қайғылы жағдайлар орын алған кезде де қазақ тілінің қолданысын реттеп, беделін көтерген заңдық құжаттар қабылданды. Олардың арасында өзінің пәрменділігі жағынан бәрінен бұрын Қазақ Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлар Кеңесінің 1933 жылғы «Қазақ тілін білетін мамандарға жасалатын жеңілдіктер жөнінде» деген бірлесіп шығарған қаулысы көзге түседі. Оның маңыздылығы, С.Оразалиновтың айтуынша, мынадан көрінді: «онда алғаш жұмысқа кірген мамандардың негізгі жалақысына 5%, қазақ тілінде еркін сөйлейтіндерге 10%, іс жүргізе білетіндерге 15% үстеме төлеу белгіленген. Сондай-ақ, жоғары оқу орындарында қазақ тілінде дәріс оқитын ұстаздардың жалақысына 25% қосымша қосылған. Ал тілді толық меңгерген мамандарға КСРО-ның шеңберінде ғылыми іс сапарға немесе 3-6 ай мөлшерінде біліктілігін көтеру курстарына баруға жағдай жасалған және бұл уақытта маманның отбасын пәтермен, тағы да басқа жағдайлармен қамту қарастырылған [14].

Тілге қатысты бірді-екілі ережелер 1936 жылғы КСРО Конституциясында да көрініс тапты. Егер 1918 жылғы РСФСР Конституциясында және 1924 жылғы бірінші бүкілодақтық Негізгі Заңда ұлттар, тілдер теңдігі туралы ғана жарияланып, одаққа мүше болған республикалардағы тілдер қызметіне қатысты ештеңе айтылмаса, 1936 жылғы Конституцияда бұл мәселеге жекелеген баптар арналған. Мысалы, оның 40-бабында «КСРО Жоғарғы Кеңесімен қабылданған заңдар одақтас республикалардың тілдерінде жарияланады...» делінсе, 110-бапта сот ісі әрбір Одақтас немесе Автономиялық республиканың, автономиялық облыстың тілінде жүргізілетіндігі жөнінде бекітілген. Осы Конституцияның 121-бабында КСРО азаматтарының білім алу құқығы бекітіле отырып, «осы құқық (басқа кепілдіктермен бірге) мектептерде ана тілінде оқыту арқылы қамтамасыз етіледі» деп көрсетілді [15].

Дәл осы жылы бұған дейін автономиялы республика дәрежесінде өмір сүріп келген Қазақстан, оған қарағанда, құқықтық жағдайы анағұрлым жоғары Одақтас Республика ретінде қайта құрылды. 1937 жылы Қазақ КСР-нің өз Конституциясы қабылданды.

Тілдер мәртебесі бұл құжатта да, КСРО Конституциясындағыдай, шектеулі түрде анықталып, екі-үш-баптың көлемінде реттелген. Бірақ, 1926 жылғы Қазақ АКСР Конституциясының жобасымен салыстырғанда, 1937 жылғы Қазақ КСР Конституциясында қазақ және орыс тілдерінің мемлекеттік мәртебесін бекіткен нормалар жоқ. Оның 25-бабы заң шығару саласындағы тіл қолданысына арналып, заңдарды жариялау қазақ және орыс тілдерінде жүзеге асырылатындығын белгіледі. Келесі 88-бап, жоғарыдағы КСРО Негізгі Заңына ұқсас, сот ісін жүргізу саласындағы тілдер қызметін реттеген. Бұл бапта қазақ және өзге тілдердің құқықтық жағдайы келесідей анықталды: «Қазақ КСР-



індегі сот ісі қазақ тілінде, ал орыс немесе ұйғыр, немесе өзбек халқы көп тұратын аудандарда, ауданның көпшілік халқының тілін білмейтін тұлғалардың іс материалдарымен аудармашы арқылы толығымен танысуын, сондай-ақ сотта ана тілінде сөйлеу құқығын қамтамасыз ете отырып, сәйкесінше орыс, ұйғыр немесе өзбек тілдерінде жүргізіледі»[16].

Сонымен, жоғарыда келтірілген деректерді негізге ала отырып, жиырмасыншы жылдардан бастау алған тілдерді жан-жақты дамыту ісі тоталитарлық режимнің әбден орныққан тұсында да жалғасқандығын көреміз. Бұл кезеңнің соңына қарай, бір жағынан, КСРО халықтарының зиялы қауымына қатысты жаппай қуғын-сүргін басталып, ұлттық мәдениеттердің еркін дамуы тежеуге ұшыраса, ал екінші жағынан, тілдердің қоғамдық қызметтерін кеңейтуге бағытталған шаралар жүргізіліп жатты.

Пайдаланған әдебиет:

1. Қазақстан тарихы көне заманнан бүгінге дейін. Очерктер. –А., 1994. 275 б.
2. Сонда –А., 1994. 249 б.
3. Свод Основных Государственных Законов Российской Империи. Т. 1. СПб., 1906.
4. Хасанұлы Б. Ана тілі – ата мұра (Қазақ тілінің жер жүзі тілдері жүйесіндегі алатын орны). – А., 1992. 205-209 бб.
5. Базарбаева Г.А. Становление и развитие языковой политики в Республике Казахстан. //Автореф. -А., 2002. 8-б.
6. Корольков Н.Н. Образование и развитие СССР. -М., 1982. 22-б.
7. 1923 жылғы декреттің орыс тіліндегі нұсқасы «В осуществлении постановлений Всекиргизского съезда Советов и декретов КазЦИКа и СНК: а) о признании государственными языками на территории К[А]ССР киргизского (казахского – автор) и русского языков... КЦИК постановил:...деген сөйлемдермен басталады. Осындағы а)- тармақшасына берілген сілтемеде «Имеется в виду декрет СНК КАССР о порядке употребления казахского и русского языков в государственных учреждениях республики» делініп, 1921 жылғы декреттің екі тілдің мемлекеттік мәртебесін бекіткендігі жөнінде айтылады. Қараңыз: В братском единстве народов СССР. Документы и материалы 1920-1937 г.г. -А., 1972. 128-б.
8. Қабдөшев Б. «Қазақ үкіметі: Нығмет Нұрмақов». //Жас Алаш, №5. 2006,
9. Оразалинов С. «Қазіргі кезеңдегі тіл саясаты және мемлекеттік тілді мемлекеттік органдарға енгізу проблемалары». //Тіл және қоғам. 2004. №1. 18-б.
10. Хасанұлы Б *** 206-б.
11. 1926 жылғы Қазақ АКСР Конституциясының жобасын мына кітаптардан қараңыз: Сапарғалиев Г., Булғакбаев А. Собрание,



законодательства Казахской Автономной Советской Социалистической Республики (1920-1938 год). –А., 1969.; Қазақстан: мемлекеттілік кезеңдері. Конституциялық актілер – Қазақстан: этапы государственности. Конституционные акты. //Құраст. Ж.Бәйішев. –А., 1997.

12. Алпатов В.М. 150 языков и политика. *** 69-б.

13. Мусин Ч. Қазақстан тарихы. Оқулық, 2-ші басылым. –Алматы, 2003. 239-б.

14. Оразалинов С. Қазіргі кезеңдегі тіл саясаты және мемлекеттік тілді мемлекеттік органдарға енгізу проблемалары. //Тіл және қоғам. 2004. №1. 19-б.

15. Конституция (Основной закон) Союза Советских Социалистических Республик. 5 декабря 1936 г. Қараңыз: Сборник Законов СССР. Т. 1. –М., 1968.

16. Конституция (Основной закон) Казахской ССР (1937 г). Қараңыз: Сборник Законов Казахской ССР и Указов Президиума Верховного Совета Казахской ССР (1937-1971 г.г.). –А., 1971.



ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫНДАҒЫ ЭЛЕКТРОНДЫ-АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Мендыбаева Т.Д.

Қазақстан Республикасы ІІМ
Шырақбек Қабылбаев атындағы
Қостанай академиясының ғылыми-зерттеу
орталығының ғылыми қызметкері

Тулкинбаева Ш.Ж.

Қазақстан Республикасы ІІМ
Шырақбек Қабылбаев атындағы
Қостанай академиясының ғылыми-зерттеу
орталығының ғылыми қызметкері, құқық
қорғау қызметінің магистрі, полиция
майоры

Түйіндеме

Мақалада Қазақстан халқына «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты 2018 жылдың 10 қаңтарындағы Жолдауын жүзеге асырумен байланысты мәселелер қарастырылған. Ғылыми мақалада қылмыстық саясатты жандандыру аясында, маңызды бағыттарының бірі болып пробациялық бақылауда тұрған тұлғалардың электронды мониторингін енгізу және қолдану болып табылады.

Аннотация

В статье рассматриваются вопросы, связанные с реализацией Послания народу Казахстана "Новые возможности развития в условиях четвертой промышленной революции" от 10 января 2018 года. В научной статье отмечено что, в рамках модернизации уголовной политики, одним из важных направлений является внедрение и использование электронного мониторинга лиц, состоящих на пробационном контроле.

Annotation

Issues related to the implementation of N. Nazarbayev's Message to the people of Kazakhstan "New opportunities for development in the conditions of the fourth industrial revolution" of the 10th of January 2018 are considered in the article. It is marked, that in the framework of modernization of criminal policy, one of the important directions is introduction and using of electronic monitoring of persons who are on probation control.

Тірек сөздер: мемлекеттік саясат, цифрландыру, оқытудағы қиындықтар, электронды-сандық технологиялар, пробациялық бақылау.



Қазақстан Республикасы Президенті – Елбасы Н. Назарбаев «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты 2018 жылдың 10 қаңтарындағы өз Жолдауында әлем терең және қарқынды: технологиялық, экономикалық және әлеуметтік өзгерістер дәуіріне кіруде деп айтқан [1]. Қазақстан жаңа технологиялық қалыптарды қабылдауда және ауқымды өзгерістер мен жаңашылдықтарға дайын. Бұған азаматтардың өмір сапасын арттыруға, мемлекет пен қоғам өмірінің экономикалық және әлеуметтік-саяси саласын дамытуға бағытталған электронды-ақпараттық қайта қалыптасуын дамытуға мүмкіндік береді.

Біздің еліміздегі ақпараттық технологияның дамуы, бүгінгі күнде ақпараттық қоғамға ауысу жүзеге асырылатынын, мемлекеттік басқару жүйесі жетілдірілетінін, «ашық және мобильді үкіметі» институтының құралғанын, корпоративті құрылым үшін ғана емес, сондай-ақ ел тұрғындары үшін де ақпараттық инфрақұрылысқа қолжетімділікті өсіру жүзеге асырылатынын көрсетеді.

Қазақстан халқына Қазақстан Республикасы Президентінің жоғарыдағы Жолдауының «Жемқорлықпен күрес және заңның үстемдігі» тоғызыншы мақсаты мемлекеттік органдардағы процестерді, соның ішінде олардың халықпен және бизнеспен қарым-қатынасын цифрландыру маңызды болып саналатынын белгілейді [1]. Сонымен қоса, әділ сот тиімділігі мен сапасын арттыруға, сот және құқық қорғау жүйесінің ашықтығына жетуге, демократиялық құқықтық мемлекеттің қалыптасуын қамтамасыз етудің қажетті талаптары секілді судьялардың тәуелсіздігі мен соттардың өзіндігіне кепілдікті күшейтуге, Қазақстан Республикасы заңнамаларын адам құқықтары саласындағы халықаралық құқық нормаларымен және халықаралық стандарттарымен сәйкес келтіруге, нәтижесінде мемлекет пен қоғам қарым-қатынас сапасын жоғарлатуға әкелуге тиісті мақсаттарды көздейтін сот және құқық қорғау жүйесін институциялық қайта қалыптастыру жүзеге асырылуда.

Сот төрелігінің жүйесін ақпараттандыру және құқық қорғау органдарындағы сандық технологияларды дамыту маңыздылығын түсіне отырып, Қазақстан Республикасы Үкіметі мен мемлекеттік органдары мемлекеттік саясаттың түйінді бағыттарының бірі ретінде осы саланы дамытуға белсенді қатынасуда.

